Keywords: landscape, ecology, water resources, technogenic pollution, industrial centers

ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE

ӘОЖ 373.03

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТҮЛҒАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰЗЫРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ РӨЛІ

*Ғ.А. Асқарова, п.ғ.к.
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада Қазақстанда білім беру жүйесіндегі реформалар барысында туындаған әлеуметтік педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыратын әдістерді даярлау қарастырылған.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттеріне сай өскелең ұрпақты өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отыр. Сондай мәселелердің бірі бүгінгі қоғамдық сұраныстың өсуіне байланысты орта мектеп оқушыларының әлеуметтік құзырлыққа даярлығын жетілдіру, ал оны шешудің бір жолы оқу үрдісінде инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді пайдалана білуде болып отыр.

Түйін сөздер: құзыреттілік, инновация, педагогикалық технология.

ҚР Президенті өзінің 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біздің білім беруді, денсаулық сақтауды, ауыл шаруашылығын дамыту бағдарламаларымыз жалғаса береді. ...«Нұрлы Жол» жаңа экономикалық саясат – әлемнің ең дамыған 30 елінің қатарына бару жолындағы біздің ауқымды қадамымыз», – деп ең негізгі міндеттердің бірі ретінде атап өткен [1].

Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы басты міндет – әлеуметтік педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыратын әдістер даярлау. Ол қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына жатқызылып келеді. Олай болатыны, қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттеріне сай өскелең ұрпақты өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отыр. Сондай мәселелердің бірі бүгінгі қоғамдық сұраныстың өсуіне байланысты орта мектеп оқушыларының әлеуметтік құзырлыққа даярлығын жетілдіру, ал оны шешудің

бір жолы оқу үрдісінде инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді пайдалана білуде болып отыр.

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Бүгінгі күнде педагогикалық технология мәселесі теориялық және ғылыми-қолданбалы бағыт тұрғысынан зерттеу арқауы болып отыр. *Теориялық тұрғыдан* (т.б.) алып қарағанда, педагогикалық технология педагогиканың категориясы ретінде қарастырылады, оның мәні, құрылымы айқындалады; педагогикалық іс-әрекеттің әртүрлі саласындағы (дидактика, тәрбие, білім беруді басқару) педагогикалық технологияның ғылыми негіздері оқып-үйреніледі; педагогикалық технологияны жобалаудың әдіснамасы мен теориясы зерттеледі; педагогикалық технология теориясының негіздері ашып көрсетіледі [2].

Ғылыми-қолданбалы бағытта (Б.Әбдікәрімұлы, В.П.Беспалько, М.В.Кларин, Г.К.Нұрғалиева, Ж.А.Қараев, Ш.Таубаева т.б.) нақты педагогикалық идеялар мен тұжырымдарға негізделген жаңа педагогикалық технологиялар жобаланады; педагогикалық технологияларды пайдаланудың теориясы мен әдістемесі зерттеледі.

«Технология» сөзі грек тілінен аударғанда (techne – өнер, шеберлік, іскерлікті, ал logos – ғылым) дегенді білдіреді, яғни ғылыми практикалық негізде шикізатты дайын өнімге айналдырудың әдіс-тәсілдерінің жүйесі. Соңғы кезде педагогикада бірнеше технологиялар жүзеге асырылып жатыр:

- педагогикалық технология;
- оқыту технологиясы;
- саралап, деңгейлеп оқыту технологиясы;
- Л.Зенковтың дамыта оқыту жүйесі;
- Д.Эльконин мен В.Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы;
- техникалық шығармашылық технологиясы;
- шығармашылықпен дамыта білім беру технологиясы;
- коммуникативтік оқыту технологиясы.

Біз үшін технология деген ұғым «конструкциялау негізінде белсенді тұлғаны іс-әрекеттер арқылы қалыптастыру». Мұндай технологиялар белсенді әлеуметтік-психологиялық оқуға негізделген іс-әрекеттер жүйесінен тұрады және білім ортасында әлеуметтік құзырлықты қалыптастыруға жағдайлар мен мүмкіншіліктер жасауға бағытталған.

Берілген анықтамаларды оқып-үйрену, талдау нәтижесінде біз педагогикалық технология жетілдірілген оқыту мен тәрбие жүйесін құруды, оқу-тәрбие процесін жобалауды көздей отырып, оқыту мен тәрбие берудің неғұрлым тиімді жолдарын зерттейтін ғылым ретінде, оқу-тәрбие процесінде қолданылатын әдіс-тәсілдердің, реттеуші құралдардың жиынтығы, әрі шынайы оқыту процесі ретінде әрекет етеді деген қорытындыға келдік.

Белгілі ғалым Н.Н.Хан педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған технологияның маңызына ерекше көңіл аударады. Оның пікірінше «педагогикалық технология педагогикалық үрдістің тұжырымдамасына сәйкес, байланысты болып, оның бір деңгейін (технологиялық) көрсетуі тиіс; технология оқу-тәрбие үрдісін, оның мәнді ерекшелігін жүзеге асыруға арналған құралдар жиынтығы болуы, оқыту технологиясының құрылымы оқу үрдісінің түпнұсқа жобасы болуы тиіс; қатысушылардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру мен жүзеге асыруға байланысты педагогикалық технология құралдар жиынтығын мұғалімнің, оқушының да меңгеруі қажет; педагогикалық дұрыс құрастырылған технология оқу-тәрбие үрдісінің тиімділігін, педагог пен оқушының шығармашылығын арттыруға тиіс» [3].

Педагогикалық инновация (жаңа енгізілім – 1) Кейбір бөліктердің, білім беру жүйесі мен құрамдас бөлшектерінің біртұтастығының мінездемесін жақсартатын, жаңалығы бар, білім беру ортасына жаңа біркелкі элементтерді кіргізетін мақсатты бағытталған өзгеріс. Жаңа ереже түрлері: қызмет түрлері бойынша педагогикалық қамтамасыз етуші, басқарушы; өзгеріс нысаны бойынша ресурстық, технологиялық және азық-түліктік; кіргізілген өзгертулердің сипаты бойынша радикалды (жаңа идеяларға негізделген), комбинаторлық (танымал элементтердің жаңа үйлесімі) және ағартушы; кіргізілетін өзгертулердің өлшемі бойынша локалды, модулді, жүйелі; қолданудың өлшемі бойынша бірліктік және диффузиялық, пайда болудың көзі бойынша сыртқы, ішкі; 2) жаңашылдықты меңгеру үрдісі (жаңа құралды, әдісті, әдістемені, технологияны, бағдарламаны және т.б.) 3) ерекше әдістемелер мен бағдарламаларды іздестіру, олардың шығармашылық қайта ойлауын оқу үрдісіне ендіру [4]. Ұсынылып отырған технология білім ортасындағы барлық қатынасушылардың (педагогтар, ата-аналар, оқушылар) өзара әрекеттестігін болжайды.

Инновациялық педагогикалық технология – мұғалім-оқушы тұлғалық өрісінің өзара әрекеттестігі мен педагогикалық үрдісті байланыстырушы түйін. Біздің технологияның негізгі түйіні ретінде: ата-ана мен педагогтың оқушылармен дамымалы қарым-қатынасын құру; оқушының оқу және оқудан тыс қызметіндегі әлеуметтік құзырлығын қалыптастыруға арналған психолого-педагогикалық бағдарламаларды жобалау және жүзеге асыру; жоғары сынып оқушыларымен диалогтар, тренингтер өткізу, шығармашылық, жобалық жұмыстар жатады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, мұндай жоғары сынып оқушыларына жүргізілетін технологиялар олардың әлеуметтік құзырлығын көтереді.


Зерттеуімізде оқушылармен жүргізген жұмыс технологиямыз үш құрамнан тұрады: *вербалды, іс-әрекеттік және рөлдік*. Бөлінген құрамалар жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзырлығын қалыптастырудағы ерекшеліктеріне қарай топталды. Жоғары сынып оқушыларына арналған тренинг жастық даму заңдылықтарына сәйкестендіріліп, жұмысты тұтас педагогикалық процесте өткізу, яғни «Мұғалім – Оқушы» жүйесіндегі «МЕН» тұжырымдамасын негіздей отырып, оқушыны объекіден іс-әрекет арқылы субъектіге айналдыру көзделген.

Педагогтармен жұмыс технологиясы мұғалімдердің, сынып жетекшілері мен тәрбиешілерінің психолого-педагогикалық құзырлығының дамуын болжайды және олардың әлеуметтік құзырлықты қалыптастыру жағдайларын сезініп, өз қызметінің тәжірибесінде осы жағдайларды пайдаланудағы талпынысына дем береді. Іскер ойын – оқушылардың әлеуметтік құзырлығын қалыптастырудағы педагог анықтайтын мәселелер жиынтығы. Қойылған мәселелерді шешу психолого-педагогикалық бағдарламаларды жобалау кезінде және оны оқу үрдісіне енгізгенде ғана жүзеге асады.

Ата-аналармен жұмыс технологиясы олардың психолого-педагогикалық құзырлығын жетілдіруге және балалармен қарым-қатынасын одан әрі жоғарылатуға ынталандыру мақсатында жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзырлығын қалыптастыруға бағытталған. Зерттеу барысында жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзырлық құрамаларын меңгерудегі әдістемелік амалдары мен білім ортасында оның дамуына арналған шарттары құрылды: жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзырлығын қалыптастырудағы психологиялық құрамын меңгеруге арналған диагностикалық әдістемелері іріктелді, әлеуметтік құзырлығын қалыптастыру мүмкіншіліктерін анықтайтын білім ортасын экспертиза жасау әдістемесі құрылды.

Өңделген білім ортасындағы әлеуметтік құзырлықтың қалыптасуындағы педагогикалық қызмет концепциясы эксперименталды тексеруден өтті. Зерттеудің мақсаты – жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзырлығын қалыптастыру жүйесінде көрсетілген моделдер мен технологиялар негізінде жүзеге асатын оқушының әлеуметтік құзырлығын қалыптастыруға бағытталған оқу мекемелері қызметінің нәтижелі шарттарын анықтау болатын. Айтылған идеялар мен анықтаушы эксперимент нәтижелеріне сүйене отырып, жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзырлығын қалыптастырудың төмендегідей моделін құрастырдық (сурет 1).

Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзырлығын қалыптастыру үшін бірнеше қағидаларды зерттеу жұмысының негізіне алдық: жүйелілік қағида; теория мен практиканың байланыстылық қағидасы; саналылық қағидасы; жоғары сынып оқушыларының жасын және дербес ерекшеліктерін есепке алу қағидасы; білім беру мен тәрбиенің байланыстылық қағидасы. Осы көрсетілген қағидаларға сүйеніп, жұмыстың негізін құрайтын психологиялық-педагогикалық шарттарды анықтадық: а) бірлескен интегративті сабақтарда «мұғалім – оқушы» жүйесіндегі оқушыны объектіден субъектіге айналдыру; ә) жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзырлығын қалыптастыруда жеке тұлғаны бақылау үшін психологиялық диагностика жүргізу; б) оқыту және оқудан тыс процесінде әлеуметтік құзырлық қасиеттерін бірлескен іс-әрекет арқылы жүзеге асыру.



Сурет 1 – Мектеп оқушыларының әлеуметтік құзырлығын қалыптастыру моделі

«Жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзырлығын қалыптастыру» зерттеу жұмысымыздың тақырыбы болғандықтан әлеуметтік құзырлықты қалыптастыратын

әлеуметтік іс-әрекет, әлеуметтік қарым-қатынас, әлеуметтік рөл ұғымдарына тоқтала кеткенді жөн көріп отырмыз. Жоғарғы педагогикалық мектептегі қазіргі заман мамандарын даярлау үрдісі өзіміз білетіндей, жалпы қоғамдық және арнайы оқу-ағартудан тұрады. Мақсаттың негізінде, зерттеудің міндеттері мен ғылыми болжамдары, жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбиелік үрдісінің методологиясы мен мазмұны ескеріле әлеуметтік талапқа сай және кәсіби әрекетті қазіргі оқу мекемелеріндегі педагогтардың тәжірибесі мен ғылыми әдебиетке пәнаралық сараптама жасау негізінде оқушы даярлығының қалыптасуын зерделеп оқыту болып отыр.

Жасалынған жұмыс болашақ мұғалім мен тәрбиешіні дайындаудағы нормативті бағытының басымдылығын көрсетіп отыр. Оқушыны оқыту мен тәрбиелеудегі жетілдірілу процесі, қолданылатын педагогикалық инновациялардың басым бөлігінің жоғарғы мектептегі оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы стандартты және дәстүрлі жолдарын қамтамасыз етуге бағытталған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдау // Егемен Қазақстан. 2014. 15 қараша.
2. Колеченко А.К. Энциклопедия педагогических технологии. – Санкт-Петербург: КАРО, 2004. – 368 с.
3. Хан Н.Н. Пралиев С.Ж., Нармбаев С.Т., Иманбаева К.Н., Жампеисова К.К. и др. Концепция «Қазақ елі — проект нового времени» (проект). – Алматы: КазНПУ им.Абая, 2013. – С. 24.
4. Российская педагогическая энциклопедия: В 2 тт. /Гл. ред. В. В. Давыдов. – М.: «Большая Российская энциклопедия», Т. 2, 1999, – С. 356.

РЕЗЮМЕ

Г.А. Аскарова, к.п.н.

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

РОЛЬ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИИ В ФОРМИРОВАНИИ СОЦИАЛЬНОГО КОМПЕТЕНТНОСТИ ЧЕЛОВЕКА

Формирование социальной компетентности молодого поколения должна стать специализированной и профессионализируемой деятельностью, потому что, стихийная социализация уже не обеспечивает необходимые параметры, нужные для самосохранения и воспроизводства общества.

Системно-целостный подход инновационной технологии, используемый в исследовании, объединяет все звенья образования, социального компетентного становления личности в единую «цепь». Это способствует максимальному стимулированию активного состояния всех основных структурных компонентов личности в их взаимодополнении и сочетании.

Ключевые слова: компетентность, инновация, педагогическая технология.

SUMMARY

G.A. Askarova, cand. of p.sc.

(Kazakh State Women's Teacher Training University, city Almaty)

THE ROLE OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN FORMATION OF SOCIAL COMPETENCE OF THE PERSON

One pair from new approach in pedagogics appear like this call social point of view at teaching and so education, grow up so-called generation.

Point of view usable in investigation unite associate always link constitution social competent making personality in united chain this promote maximum motivation proactive state all fundamental skeleton component personality in their addition and combination.

Keywords: competence , innovation, educational technology.

UDC 514.112.4

FIND THE HEIGHT OF THE PYRAMID

K. Bayetov, lecturer

(city Almaty, Kazakh State Women's
Teacher Training University)


Abstract: The article investigates the problem of calculating the height of the pyramid. An algorithm for calculating the height of the pyramid is based on the determination of the base area and volume of a pyramid with used elements of vector algebra.

Keywords: vectors, the area of a parallelogram, the volume of the parallelepiped, the height of the pyramid.

This article is designed to help students in solving one of the points of the individual tasks, since in practice often encounter the following difficulty. Students deciding individually problems of this type can not always relate these topics.

Problem: To find the height of DO the pyramid ABCD using methods of vector algebra.

$A(5; -6; -1); B(7; -3; -2); C(-2; 1; 3); D(-7; 2; -8);$



Solution:


To find the height of the pyramid use the following formula to find the volume of a pyramid

$$V_{\text{pyr}} = \frac{1}{3} S_{ABC} H$$

First Step: Determine the area of the base S for the triangle ABC.

Vector product

$$[\vec{a}\vec{b}] = \begin{vmatrix} \vec{i} & \vec{j} & \vec{k} \\ X_1 & Y_1 & Z_1 \\ X_2 & Y_2 & Z_2 \end{vmatrix}$$



The modulus is numerically equal to the area of the parallelogram formed by the vectors a and b. It comes from the definition of the vector product

Actually.

$$S_{\text{par}} = |OA| \cdot |OB| \cdot \sin \varphi = |\vec{a}| \cdot |\vec{b}| \cdot \sin \varphi = |[\vec{a}\vec{b}]|.$$

Find the vector

$$\vec{AB} = \vec{a} = \{2; 3; -1\} \text{ и } \vec{AC} = \vec{b} = \{-7; 7; 4\}$$

get;

$$[\bar{a}\bar{b}] = \begin{vmatrix} \bar{i} & \bar{j} & \bar{k} \\ 2 & 3 & -1 \\ -7 & 7 & 4 \end{vmatrix} = 12\bar{i} + 7\bar{j} + 14\bar{k} + 21\bar{k} - 8\bar{j} + 7\bar{i} = 19\bar{i} - 1\bar{j} + 35\bar{k};$$

Substituting the values, we find the area of a parallelogram:

$$S_{i\bar{a}\bar{b}} = \sqrt{361+1+1225} = \sqrt{1587} \approx 40(m^2).$$

Since the area of a triangle is half the area of a parallelogram, find the area of triangle ABC

$$S_{\Delta A\bar{B}\bar{C}} = \frac{40}{2} = 20(m^2)$$

Second step: Find the volume of the pyramid ABCD.

Mixed product (a,b,c) vectors $(\bar{a}, \bar{b}, \bar{c})$ - the scalar product of the vector \bar{a} on the cross product of vectors \bar{b} and \bar{c} :

$$(\bar{a}, \bar{b}, \bar{c}) = \bar{a} \cdot (\bar{b} \times \bar{c})$$

Sometimes it is called a triple scalar product, apparently due to the fact that the result is a scalar (or rather - pseudo-scalar).

The geometric meaning: mixed module works numerically equal to the volume of the parallelepiped formed by the vectors $(\bar{a}, \bar{b}, \bar{c})$.

$$\begin{aligned} \bar{a}\bar{b}\bar{c} &= \begin{vmatrix} X_1 & Y_1 & Z_1 \\ X_2 & Y_2 & Z_2 \\ X_3 & Y_3 & Z_3 \end{vmatrix} \\ \bar{a}\bar{b}\bar{c} &= \left(\begin{vmatrix} Y_1 & Z_1 \\ Y_2 & Z_2 \end{vmatrix} \bar{i} + \begin{vmatrix} Z_1 & X_1 \\ Z_2 & X_2 \end{vmatrix} \bar{j} + \begin{vmatrix} X_1 & Y_1 \\ X_2 & Y_2 \end{vmatrix} \bar{k} \right) (X_3\bar{i} + Y_3\bar{j} + Z_3\bar{k}) = \\ &= \begin{vmatrix} Y_1 & Z_1 \\ Y_2 & Z_2 \end{vmatrix} X_3 + \begin{vmatrix} Z_1 & X_1 \\ Z_2 & X_2 \end{vmatrix} Y_3 + \begin{vmatrix} X_1 & Y_1 \\ X_2 & Y_2 \end{vmatrix} Z_3 \end{aligned}$$

The volume of the parallelepiped determined by the vectors \bar{a} , \bar{b} , and \bar{c} is the magnitude of their scalar triple product:

$$V = |\bar{a} \cdot (\bar{b} \times \bar{c})|$$

The mixed product is numerically equal to the volume of the parallelepiped formed by the vectors p and p both sides.

It follows that the volume of a triangular pyramid is calculated by the formula, the vector p and \bar{c} matches to three of his ribs, converging at a vertex,

$$V_{nap} = \pm \begin{vmatrix} X_1 & Y_1 & Z_1 \\ X_2 & Y_2 & Z_2 \\ X_3 & Y_3 & Z_3 \end{vmatrix}.$$

Vectors $\overline{AB} = \bar{a} = \{2;3;-1\}$, $\overline{AC} = \bar{b} = \{-7;7;4\}$, $\overline{AD} = \bar{c} = \{-12;8;7\}$

We find the volume of the pyramid, which is constructed on these vectors.

$$\begin{aligned} \bar{a}\bar{b}\bar{c} &= \begin{vmatrix} 2 & 3 & -1 \\ -7 & 7 & 4 \\ -12 & 8 & -7 \end{vmatrix} = -481; \\ V_{i\bar{a}\bar{b}\bar{c}} &= \frac{1}{6} |\bar{a}\bar{b}\bar{c}| = \frac{1}{6} \cdot |-481| \approx 80,2(m^3). \end{aligned}$$

Third step: Transform the formula:

$$V_{nap} = \frac{1}{3} S_{ABC} H$$

To find the height H

$$H = \frac{3V_{\text{пип}}}{S_{ABC}}$$

Substitute the values into the formula,
get

$$H = \frac{3 \cdot 80,2}{20} = 12,03 \text{ (m)}$$

Answer: H=12,03 m.

REFERENCES

1. V.V. Konev, Mathematics: Preparatory Course. Textbook. TPU Press, 2009, 104 p.
2. K.P. Arefiev, O.V. Boev, A.I. Nagornova. Higher Mathematics, Part 1. Textbook. TPU Press, 2009, 97 p.
3. V.V. Konev, Mathematics: The Elements of Mathematics. Workbook, Part 1. Tomsk. TPU Press, 2009, 54 p.
4. Murray H. Plotter, Charles B. Morrey. Intermediate Calculus, Springer, 1985.

ТҮЙІНДЕМЕ

Баєтов К., оқытушы

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

ПИРАМИДАНЫҢ БИІКТІГІН ТАБУ

Бұл мақалада пирамиданың биіктігін есептеу жолдары қарастырылады. Пирамиданың биіктігін есептеу алгоритмі, пирамида табанының ауданы мен көлемін векторлық алгебра элементімен табу көрсетілген.

Түйін сөздер: Векторлар, параллелограмм ауданы, параллелепипед көлемі, пирамида биіктігі.

РЕЗЮМЕ

Баєтов К., преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

НАХОЖДЕНИЕ ВЫСОТЫ ПИРАМИДЫ

В статье исследуется задача вычисления высоты пирамиды. Предложен алгоритм вычисления высоты пирамиды, основанный на нахождении площади основания и объема пирамиды элементами векторной алгебры.

Ключевые слова: вектора, площадь параллелограмма, объем параллелепипеда, высота пирамиды.

ЖЕЛ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІН ЕСЕПТЕУ

*А. Жамалов, тех.ғ.д., профессор
М.М. Күнелбаев, аға оқытушы
А.Б. Скакова, магистрант
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Берілген мақалада тәжірибе жасауға арналған жел қондырғысының негізгі параметрлері есептелінді. Жел генераторын құру және зерттеу үшін бастапқы деректер ұсынылды. Жалпы жел энергетика қондырғысымен таныстырылды. Жел энергетика қондырғысының түрлері, жіктелуі және қолданылу аймақтары мен қолданылу тиімділігіне шолу жүргізілді. Жел энергетика қондырғысы арқылы энергияны алудағы қажетті құрылғыларға таңдау жүргізіліп, оларға есептеулер жасалынды.

Түйін сөздер: Жел энергетикалық қондырғысы, генератор, амперметр, вольтметр, ваттметр, Бофорт шкаласы, аккумулятор.

Қазақстанда қазіргі таңда жел қуатын пайдалану мүмкіндіктері жан-жақты зерттелуде. Қазақтың сайын даласы күнге де, желге де, табиғат байлықтарына да бай. Жел станцияларын салу қажеттігі Қазақстан тәуелсіздік алғалы бері ақпарат құралдарында талай рет айтылып, қоғамдық ортада талқыланып жүрген өзекті мәселе. Болашақтың энергиясы тақырыбын таңдаған Қазақстан алдағы екі жылда баламалы және қайталанбалы қуат көздерін дамытудың орталығына айналмақ. Қазақстанда 2030 жылға дейін жел күшімен өндіретін электр энергиясы қуатын халық шаруашылығына қолданудың тиімді жолдары қарастырылуда. Қазақстанда жел күшімен алынатын электр энергиясы қуатын мол өндіруге болады. Жел энергиясының басқа энергия көздерінен экологиялық және экономикалық артықшылықтары көп. Жел энергетикасы қондырғыларының технологиясын жетілдіру арқылы оның тиімділігін арттыруға болады. Жел энергиясын тұрақты пайдалану үшін жел энергетикасы қондырғыларын басқа энергия көздерімен кешенді түрде ұштастыру қажет. Жел – бағытталған ауа массаларының қозғалысы. Жел энергиясын күн энергиясының бір бөлігі ретінде қарастыруға болады, себебі күн жердегі ауа райына әсер етеді. Күннің жер бетін әртүрлі қыздыруынан жел пайда болады. Жел энергиясын қолдану таулы аймақтардың жоғары бөктерінде, толқынды теңіз жағалауларында ыңғайлы екені бәрімізге белгілі. Жел энергетикасын дамытуға қолайлы аймақтар өте көптеп табылады. Жел күшінің ықпалы жыл мезгілінің ауысуына, ауа райының өзгеруіне байланысты өзгеріп отырады. Жел күшінен өндірілетін энергия мөлшері желді тығыздығына, жел турбинасы қалақшаларының ауданына, жел жылдамдығының кубына тәуелді болады [4].

Жел энергетикасы – жел энергиясын механикалық, жылу немесе электр энергиясына түрлендірудің теориялық негіздерін, әдістері мен техникалық құралдарын жасаумен айналысатын жаңартылатын энергетиканың саласы. Қазақстанның 50% аумағының орташа жел жылдамдығы 5-6м/с құрайды, ал қалған аумағы 8м/с және одан жоғары. Ол жел энергетиканың дамуына жақсы көрсеткіш. Жел энергияның техникалық пайдалану мүмкіндігі 3 млрд.кВт/сағ-қа тең.

Жел энергиясына қызығушылық келесі факторлармен анықталады:


- сарқылмайтын энергия көзі, отын түрлері пайдаланбайды;
- алыс қашықтықтағы аймақтарды электр энергиясымен қамтамасыз етуі;
- қысқа мерзімде ЖЭС-ның салынуы;
- атмосфераны ластамайды және зиянды қалдықтардың болмауы.

Қазақстандық Жел энергиясының дамуы біртіндеп бүкіләлемдік процестің бөлігі ретінде қалыптасуда. Қазақстанда бұл саланың дамуы мемлекеттің нақты қаржы және

техникалық қолдауынан болады. 2015 және 2017 жылдар аралығында Жел электр станциясын көптеп салу күтілуде және қазіргі таңда Қазақстанда бұл жобалар іске асып жатыр.

Қазіргі уақытта электр энергиясының жетіспеушілігінен және экологиялық ақуалды жақсарту мақсатымен ғалымдардың алдында дәстүрлі емес энергия көздерін дамыту мәселесі туындап отыр.

Жел қондырғыларда жел ағынының кинетикалық энергиясы генератор роторларының айналу процесі кезінде электр энергиясына айналады. Конструкциясы жағынан жел қондырғылардың генераторлары электростанциядағы отын жаққанда ток өндіретін генераторларға ұқсайды. ХХ ғасырдың басында Н.Е.Жуковский жел двигателі теориясының негізін қалады. Осы теорияны негіздей отырып әлсіз желдің ырғағынан жұмыс істелетін жоғары өнімді жетілдірілген жел агрегаттардың конструкциялары жасалынды, барлық елдің ғалымдары мен самолет жасаушы конструктор мамандары өз үлестерін қосты. Барлық жел двигателінің жұмыс істеу принципі біреу-ақ, онда желдің әсерінен қозғалатын жел қалақшаларының қозғалысы әсерінен электр энергиясын өндіретін генераторының айналып тұратын білігіне беріледі. Жел доңғалағының диаметрі үлкен болған сайын соққан желдің үлкен ағысын қамтиды және агрегат түрлеріне қарап неғұрлым үлкен энергия өндіреді. Жел двигателін екі топқа бөледі:



Сурет 1 – Жел генераторларының түрлері

1. Тік осьпен айналатын жел двигателі (карусель типтес, қалақшалы, ортогональді);
2. Горизонталь осьпен айналатын жел двигателі (қанаттарының санына байланысты қанатты деп аталады) [2].

Қалақшалы жел двигателінің айналу жылдамдығы олардың қалақшалар санына кері пропорционал, сондықтан агрегаттың қалақшаларын үштен артық жасамайды (сурет – 2).



Сурет 2 – Үш қалақшалы жел қондырғысы


Жел энергетикалық қондырғысы жел қозғалтқышынан, электр тогы генераторынан, олардың жұмысын басқаратын автоматтық құрылғыдан, оларды орнату және қызмет көрсетуге арналған құрылыстардан, ғимараттардан тұрады. Желсіз күндерде жұмыс жасау үшін резервтік жылулық қозғалтқышпен, аккумулятор батареяларымен,

гелиокондырғылармен толықтырылады. Әдетте, жел электр станциясы тұрақты ток генераторларымен жабдыкталады. Ол аккумулятор батареяларын зарядтайды. Ал тұтынушыларға қажетті айнымалы ток инвертор деп аталатын арнайы құрылғыдан алынады. Инвертор тұрақты токты айнымалы токқа түрлендіретін құрылғы болып табылады. Жел электр станцияларын жел жиі тұратын жерлерде, орталықтандырылған электрмен жабдықтау тораптарынан қашық орналасқан ауылдық мекендерде, далалық, шөлейтті т.б. жерлерде қолданады. Жел энергетикасы қондырғысының қуаты 100 кВт-тан бірнеше МВт-қа дейін жетеді. Ең қуатты (3МВт) жел энергетикасы қондырғысы Германияда салынған (1983). Қазіргі кезде бірлік қуаты 15 МВт-қа дейінгі жел энергетикасы қондырғысы жобалануда [3].



Сурет 3 – Тәжірибе жүргізуге арналған жел қондырғысы

Жел энергетикалық қондырғысының негізгі параметрлерін есептеу үшін тәжірибе жүргізуге арналған жел қондырғысымен жұмыс жасаймыз (сурет 3). Жел қондырғысы генератор, аккумулятор, 3 жүктеме, қалақша, ваттметр, вольтметр, 2 амперметр, реостат, анемометр және т.б. құрылғылардан тұрады (сурет 4).



Сурет 4 – Жел қондырғысының негізгі параметрлері

Жел қондырғысының ең негізгі параметрі – жел жылдамдығы болып табылады. Жел жылдамдығы артқан сайын жел қондырғысы соғұрлым көп энергияға ие болатыны белгілі. Жел жылдамдығын түрлендіру арқылы біз желдің күшін Бофорт шкаласы бойынша анықтауымызға болады (кесте 1) [1].

Кесте 1 Бофорт шкаласы бойынша желдің күші

Бофорт баллы	Жел жылдамдығы, м/с	Жел күшінің сипаттамасы
0	0 ... 0,2	Самал
1	0,4 ... 1,8	Тыныш
2	1,8 ... 3,6	Жеңіл
3	5,8 ... 8,5	Әлсіз
4	8,5 ... 11	Салқын
5	11 ... 14	Әдеттегі
6	14 ... 17	Күшті
7	17 ... 21	Қатты
8	21 ... 25	Өте қатты
9	25 ... 43	Дауыл
10	43-тен жоғары	Құйын

Жел жылдамдығының әртүрлі көрсеткішіндегі энергияның өзгерісін қарастырайық (кесте 2).

Кесте 2 Жел жылдамдығының әртүрлі көрсеткішіндегі энергияның өзгерісі

№	Жел жылдамдығы, м/с	Жел энергиясының мөлшері, Вт/м ²
1	1	1
2	3	17
3	5	77
4	9	477
5	11	815
6	15	2067
7	18	3572
8	21	5672
9	23	7452

Энергия мөлшері (В/м²) мына формуламен есептеледі [5]:

$$E_k = \rho \vartheta^3 / 2 \quad (1)$$

ϑ – желдің жылдамдығы, ρ – ауаның тығыздығы.

Жел қондырғысының басты сипаттамаларының бірі – оның қуаты болып саналады. Біздің жел қондырғымыздың ең үлкен қуаты 300Вт-қа дейін жетеді. Кернеудің максималды көрсеткіші 15 В-ты құрайды. Осы көрсеткіштер арқылы жел қондырғының максималды ток үшін табуға болады.

$$P = U \cdot I; \quad I = \frac{P}{U} \quad (2)$$

$$I = \frac{300\text{Вт}}{15\text{В}} = 20\text{А}.$$

Тұтынушылардың кедергісін мына формуламен есептейміз:

$$R = \frac{U}{I} = \frac{15\text{В}}{20\text{А}} = 0,75\text{Ом}.$$

Жел қондырғысында 6 жүктеме орналасқан. Әр жүктеменің кернеуі $U = 15\text{В}$, ал қуаты $P = 35\text{Вт}$ -қа тең. Алты жүктеменің жалпы кернеуі $U = U_1 + U_2 + U_3 + U_4 + U_5 + U_6 = 15 + 15 + 15 + 15 + 15 + 15 = 90\text{В}$ -қа тең. Жалпы қуат $P = P_1 + P_2 + P_3 + P_4 + P_5 + P_6 = 35 + 35 + 35 + 35 + 35 + 35 = 210\text{Вт}$.

500 кВт жел қондырғысы 1 сағатта 15 м/с жел жылдамдығы кезінде 500 кВт энергия өндіреді. Ал біздің жел қондырғымыз 300 Вт тең, сонда 1 сағатта 15 м/с жел жылдамдығы кезінде 300 Вт энергия өндіреді. Бұл дегеніміз қондырғы өзінде орналасқан алты жүктемені де толықтай электр энергиясымен қамтамасыз ете алады деген сөз [3].

Желдің механикалық энергиясын электр энергиясына айналдыратын машинаның тиімділігін сипаттайтын шама жел қондырғысының пайдалы әрекет коэффициенті (ПӘК-і). ПӘК-ті есептеу үшін жел қондырғысының 1 жылға өндірілген қуаты 1 жылдағы 8760 сағаттағы максимал қуатқа бөлуіміз керек. Мысалы, 600 кВт-тың турбаны 1 жылда 2 млн.кВт энергия өндірсе оның ПӘК-і:

$$\eta = (200000 \div 525600) \cdot 100 \% = 38 \%$$

Жел қондырғымыз 300 Вт, бұл жағдайда қондырғы 1 жылда қанша энергия өндіреді?

$$E = \frac{300\text{Вт} \cdot 2 \cdot 10^9 \text{Вт}}{600 \cdot 10^3 \text{Вт}} = 10^6 \text{Вт} = 1000000 \text{Вт}.$$

$$\eta = (100000 \div 525600) \cdot 24600 \cdot 100\% = 19\%.$$

300 В қуаты бар, резервті қорек көзінен ұзақтығы 12 сағат, ПӘК 80% болғандағы аккумулятор тогының бәсеңдігін анықтаймыз:

$$I_{\text{акб.бәс.}} = \frac{P}{\eta} = A, \quad (3)$$

мұндағы, $I_{\text{акб.бәс.}}$ – аккумулятор батареясының бәсеңдеу тогы, А;

P – қуат, Вт; U – Аккумулятор батареясының кернеуі, В; η – ПӘК, %.

$$I = \frac{300}{0.8} = 25A.$$

Аккумуляторды бәсеңдеу тогын есептеп алып, бар мәндерді қолданып, аккумулятордың сыйымдылығын есептейміз

$$E = I \cdot H, \quad (4)$$

мұндағы E – аккумулятор батареясының сыйымдылығы ($A \cdot \text{сағ}$); H – электр қамтамасыздандырудың резервті қорек көзінен тұтынушының жұмыс уақыты (сағ).

$$E = 25 \cdot 12 = 300 A \cdot \text{сағ}.$$

Жел қондырғысында орнатылған аккумулятор батареясының сыйымдылығы $E = 300 A \cdot \text{сағ}$ -қа тең болды.

Тәжірибе жасауға арналған жел қондырғысының негізгі параметрлерін сипаттап және есептеп шығарылды. Жел генераторын құру және зерттеу үшін бастапқы деректер ұсынылды. Жалпы жел энергетика қондырғысымен таныстырылды. Жел энергетика қондырғысының түрлері, жіктелуі және қолданылу аймақтары мен қолданылу тиімділігіне шолу жүргізілді. Жел энергетика қондырғысы арқылы энергияны алудағы қажетті құрылғыларға таңдау жүргізіліп, оларға есептеулер жасалынды. Осы көрсеткіштер арқылы жел энергетикалық қондырғысының қаншалықты тиімді екенін білуге болады [4].

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Schwind, H., et al.: Über die Verwendung von quergewippten Rohren in Latenwärmespeichern. vt (Verfahrenstechnik) 12, 729-734 (1978).
2. Bauer H. C., Alefeld G. Erhöhung der Wärmekapazität von Heißwasserspeichern. Wärme 83, 35-36 (1977).
3. Сибикин Ю.Д., Сибикин М.Ю. Нетрадиционные возобновляемые источники энергии. – Москва, 2009.
4. www.kazenergy.kz.
5. Безруких П.П., Арбузов Ю.Д., Борисов Г.А. и др. Ресурсы и эффективность использования возобновляемых источников энергии. – С.-Пб.: Наука. 2009.

РЕЗЮМЕ

Жамалов А., д.тех.н., Кунелбаев М.М., старший преподаватель,

Скакова А.Б., магистрант

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

РАСЧЕТ ОСНОВНЫХ ПАРАМЕТРОВ ВЕТРО ЭНЕРГЕТИЧЕСКОЙ УСТАНОВКИ

В данной статье рассматриваются расчеты экспериментальных данных ветро установки. Даны начальные параметры исследования ветро генератора. Проведем различные положения и применение ветроустановок в регионах. Расчитали энергия ветра, сила тока, напряжение и мощность ветроустановки.

Ключевые слова: генератор, амперметр, вольтметр, ваттметр, шкала Бофорта, аккумулятор.

SUMMARY

*A. Zhamalov, doctor of technical sciences, M.M. Kunelbaev, Senior lecturer,
A.B. Skakova, master
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

ACALCUTATION OF BASIC PARAMETERS WIND ENERGY INSTALLATIONS

In the article of looking for a calculation of experimental basic wind installations. In date beginning parameters of research wind generator. To take of wind installations educations in the region. A calculate wind energy, elect ring force, power of the wind installations.

Keywords: generator, ampermeter, voltmeter, wattmeter, Bofort scale, accumulation.

УДК 11.24

ПРИМЕНЕНИЕ НА ЯЗЫКЕ BORLAND DELPHI, ДЛЯ ОПИСАНИЯ ПРОЦЕССА МАССОПЕРЕНОСА МНОГОКОМПОНЕНТНЫХ ПРИРОДНЫХ ГАЗОВЫХ СМЕСЕЙ В ВОЗДУХЕ

*У. Парманбеков, к.ф.-м.н. доцент
А. Шакарбеккызы, магистр физики, преподаватель
М.А. Избасарова, ст. преподаватель
(г. Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)*

Аннотация: В статье рассмотрена проблема описания через вычислительный эксперимент соответственно разработанной программе массопереноса в многокомпонентных газовых смесях. Получена информация о диффузионных процессах в многокомпонентных газовых смесях, содержащих аммиак, в зависимости от концентрации, давления и температуры.

Ключевые слова: диффузия, процесс, график, программа, Borland Delphi, Stefan, перенос вещества, многокомпонентный, ЭКД (эффективный коэффициент диффузии), КВ (коэффициент взаимодействия), двухколбовый аппарат.

Знание закономерностей диффузии важно не только для развития теории явлений переноса, но и при проектировании и расчетах массообменных процессов, в частности, современного химического производства. Поэтому разработка соответствующих программ и последующее проведение вычислительного эксперимента весьма актуально.

Используя разработанную программу, определить применительно к двухколбовому диффузионному аппарату диффузионные характеристики различных многокомпонентных природных газовых смесей в воздух.

Разработанную программу на языке Borland Delphi применить для описания процесса массопереноса многокомпонентных природных углеводородных газовых смесей в воздух с использованием метода эффективных коэффициентов диффузии. Расчет произвести применительно к двухколбовому диффузионному аппарату.

Перевод программы расчета из языка Фортран (операционная система DOS) на один из современных языков программирования Delphi (операционная система Windows: 9X/Me, 2000, XP) при сохранении основной идеологии вычислительного процесса. Под руководством профессора Ю.И.Жаврина была разработана программа *Stef.exe*. Она позволяет увеличить *производительность*, обладает *удобным интерфейсом*, а также в отличие от операционной системы DOS, *возможностью сохранения и редактирования вводимых данных*. В программе была учтена возможность построения графиков:

вычисленных значений концентраций, разностей концентраций и коэффициентов диффузии компонентов в зависимости от времени. Программа позволяет варьировать шагом по времени в расчетах, а также минимальной разностью концентраций компонентов [1,3].




Рисунок 1. Схема экспериментальной установки двухколбового метода.

А, Б–баллоны с газами; *I*–блок подготовки газов; *II*–термостат с двух колбовым аппаратом. 1-10 краны; 11–мембранные разделители; 12–образцовые манометры; 13–выравнивающая емкость; 14–нижняя колба; 15–диффузионный канал; 16–верхняя колба; 17–фоторопластовая таблетка; 18–шток; 19–вороток.

Предложенная методика расчета диффузионного процесса массопереноса в изотермических многокомпонентных газовых смесях в двухколбовом аппарате на языке программирования Borland Delphi может с успехом применяться на практике. Результаты расчетов хорошо согласуются с экспериментами.

Изучение концентрационной зависимости ЭКД компонентов обычно проводят в тройных смесях, т.е. простейших многокомпонентных системах. Применение тройных систем обусловлено, прежде всего, возможностью изменения концентраций газов во всем диапазоне, а также простотой отображения полученных результатов. Для описания течения реального газа в трубопроводных сетях, при использовании в технологических процессах, связанных с тепло-массообменом, необходимо знать теплофизические свойства углеводородных (природных) газов в широком интервале температур и давлений [2,4,6].

Для исследования взять следующие системы:

1. $0,540 \text{ H}_2 + 0,460 \text{ N}_2 - 0,480 \text{ CO}_2 + 0,520 \text{ N}_2$;
2. $0,6\text{H}_2+0,4\text{CH}_4 - 0,5\text{N}_2+0,5\text{NH}_3$




Рисунок 2. Отображение программой изменения концентраций компонентов в верхней и нижней колбе диффузионного аппарата для системы $0,540 \text{ H}_2 + 0,460 \text{ N}_2 - 0,480 \text{ CO}_2 + 0,520 \text{ N}_2$ с течением времени (от 0 до 1500 мин).




Рисунок 3. Отображение программой изменения концентраций компонентов в верхней колбе диффузионного аппарата для системы $0,6\text{H}_2+0,4\text{CH}_4 - 0,5\text{N}_2+0,5\text{NH}_3$ с течением времени (от 0 до 360 мин).

В результате вычислений должны быть получены: эффективные коэффициенты диффузии (ЭКД), а также МКМД для независимых (1-4) компонентов систем при $P = 0,101\text{МПа}$ и $T = 298\text{ К}$. Вычисленные коэффициенты диффузии (ЭКД и МКМД) для природных многокомпонентных газовых систем могут служить в качестве, справочной информации при описании массообменных процессов их компонентов в воздух [5,].

Приложение 1

Расчет диффузии в двухколбовом аппарате

Введите число компонентов - 4

Обзовите газы по номерам:

1 – H₂

2 – N₂

3 - CH₄

4 - NH₃

Введите число газов в верхней колбе – 2

Введите число газов в нижней колбе – 2

Введите начальное распределение концентраций газов

(N газа. концентрация в мольных долях <Enter>)

Концентрация компонентов в верхней колбе:

- 1.0,6

- 3.0,4

Концентрация компонентов в нижней колбе:

- 2.0,5

- 4.0,5

Введите коэффициенты взаимной диффузии, см²/с (P норм, атм.):

D(1,2) = 0,80

D(1,3) = 0,75

D(2,3) = 0,22

D(1,4) = 0,78

D(2,4) = 0,23

D(3,4) = 0,21

Введите постоянную прибора в см² – 2500

Атмосферное давление в мм. рт. ст. – 760

Давление в кгс/см² :

P_{нач} - 0

P_{кон} - 0

Шаг по давлению – 1

Введите начальное время для вывода в минутах – 0

Введите конечное время для вывода в минутах – 180

Интервал вывода в минутах – 10

< Ввод данных завершен. Для начала расчета используйте Ctrl+E >

Результаты расчета

Избыточное давление по манометру P = 0 кгс/см² (0 МПа)

Коэффициент перевода давления Kp = 1

М к м д , см²/с (для условий опыта) :

D(1,1) = 0,77824 ; D(1,2) = -0,00220 ; D(1,3) = 0,00322 ;

D(2,1) = -0,17634 ; D(2,2) = 0,28964 ; D(2,3) = 0,00315 ;

D(3,1) = -0,14297 ; D(3,2) = -0,00300 ; D(3,3) = 0,27116 ;

имя	концентрации	разность	мгновен.	интегр.
газа	компонентов,	концен.,	значения	значения
	мольные доли	мольные	эффект.	эффект.
	-----	доли	коэфф.	коэфф.
	верхняя	нижняя	диффузии,	диффузии,
	колба	колба	см ² /с	см ² /с

t = 0 мин

H	0,60000	0,00000	0,60000	0,78223	0,78223
N	0,00000	0,50000	-0,50000	0,49872	0,49872
CH ₄	0,40000	0,00000	0,40000	0,06045	0,06045
NH ₃	0,00000	0,50000	-0,50000	0,48832	0,48832

t = 10 мин

H	0,54863	0,05137	0,49727	0,78276	0,78249
N	0,02781	0,47219	-0,44437	0,48418	0,49144
CH ₄	0,39631	0,00369	0,39263	0,09348	0,07753
NH ₃	0,02724	0,47276	-0,44552	0,47312	0,48071

t = 20 мин

H	0,50604	0,09396	0,41207	0,78336	0,78277
N	0,05185	0,44815	-0,39630	0,46995	0,48424
CH ₄	0,39132	0,00868	0,38264	0,12030	0,09242
NH ₃	0,05080	0,44920	-0,39841	0,45829	0,47320

t = 30 мин

H	0,47071	0,12929	0,34142	0,78404	0,78308
N	0,07269	0,42731	-0,35462	0,45611	0,47716
CH ₄	0,38537	0,01463	0,37074	0,14236	0,10550
NH ₃	0,07124	0,42876	-0,35753	0,44391	0,46582

t = 40 мин

H	0,44142	0,15858	0,28283	0,78480	0,78341
N	0,09082	0,40918	-0,31836	0,44275	0,47022
CH ₄	0,37874	0,02126	0,35748	0,16071	0,11707
NH ₃	0,08903	0,41097	-0,32193	0,43007	0,45861

t = 50 мин

H	0,41713	0,18287	0,23425	0,78567	0,78377
N	0,10664	0,39336	-0,28671	0,42994	0,46344

| CH₄ | 0,37165 | 0,02835 | 0,34330 | 0,17611 | 0,12738 |
 | NH₃ | 0,10459 | 0,39541 | -0,29083 | 0,41684 | 0,45157 |
 t = 60 мин
Н	0,39699	0,20301	0,19397	0,78665	0,78417
N	0,12051	0,37949	-0,25899	0,41771	0,45683
CH₄	0,36428	0,03572	0,32857	0,18912	0,13661
NH₃	0,11823	0,38177	-0,26354	0,40426	0,44472
t = 70 мин					
Н	0,38029	0,21971	0,16058	0,78776	0,78460
N	0,13270	0,36730	-0,23461	0,40612	0,45041
CH₄	0,35678	0,04322	0,31356	0,20018	0,14492
NH₃	0,13024	0,36976	-0,23952	0,39238	0,43809
t = 80 мин					
Н	0,36645	0,23355	0,13290	0,78902	0,78507
N	0,14345	0,35655	-0,21310	0,39519	0,44418
CH₄	0,34925	0,05075	0,29850	0,20965	0,15244
NH₃	0,14086	0,35914	-0,21828	0,38123	0,43167
t = 90 мин					
Н	0,35498	0,24502	0,10995	0,79045	0,78559
N	0,15297	0,34703	-0,19406	0,38494	0,43816
CH₄	0,34179	0,05821	0,28357	0,21777	0,15926
NH₃	0,15027	0,34973	-0,19945	0,37081	0,42548
 Конец расчета.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Жаврин Ю.И., Косов Н.Д. и др. Расчет диффузионного процесса в двухколбовом аппарате для случая многокомпонентной газовой смеси // Каз.у-т, НИИЭТФ. – Алматы, 1995. – С. 26.
2. Жаврин Ю.И., Косов Н.Д., Белов С.М., Тарасов С.Б. Влияние давления на устойчивость диффузии в некоторых трехкомпонентных газовых смесях // Письма в ЖТФ. – 1984. – Т.54, № 5. – С. 943-947.
3. Шакарбекқызы А. Применение эффективных коэффициентов диффузии к описанию массопереноса в многокомпонентных газовых смесях, содержащих аммиак // Сборник тезисов III Международного конгресса студентов и молодых ученых Мир науки». – Алматы, 2009.
4. Шакарбекқызы А. Расчет диффузионного процесса в многокомпонентных газовых смесях, используемых при синтеза аммиака // Сборник тезисов III Международного конгресса студентов и молодых ученых Мир науки». – Алматы, 2010. – С.14.
5. Шакарбекқызы А. Көпкомпонентті газ қоспасындағы диффузия құбылысын Borland Delphi тілінде құрылған Stefan программасы арқылы зерттеу // Ізденіс №1(1)/2013. – Б195-199.

ТҮЙІНДЕМЕ

*Парманбеков У., ф.-м.ғ.к., профессор, Шакарбекқызы А., магистр оқытушы
 Избасарова М.А., аға оқытушы
 (Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

BORLAND DELPHI ТІЛІНДЕ ҚҰРЫЛҒАН STEFAN ПРОГРАММАСЫ АРҚЫЛЫ АУАДАҒЫ КӨПКOMPONENTТІ ГАЗ ҚОСПАСЫНДАҒЫ ЗАТ АЛМАСУ ПРОЦЕСІН ЗЕРТТЕУ

Бұл мақалада диффузия процесін анықтайтын Borland Delphi тілінде құрылған Stefan программасын пайдаланып, көпкомпонентті газ қоспасындағы концентрация, қысым және

температура тәуелділіктері арқылы табылған ДЭК-ін диффузия процесін нақты әрі жылдам есептеуге қолдану мәселесі қарастырылған.

Түйін сөздер: диффузия, процесс, график, программа, Borland Delphi, Stefan, зат алмасу, көпкомпонентті, ДЭК (диффузияның эффективті коэффициенті), ӨЭК (өзара әсер коэффициенті), екіколбалық аппарат.

SUMMARY

*U. Parmanbekov, candidate of physical and mathematical sciences, associate professor,
A. Shakarbekkyzy, master of physics, lecturer, M.A. Yzbacarova, senior lecturer
(c. Almaty Kazakh State Women's Teacher Training University)*

THE USE OF LANGUAGE BORLAND DELPHI, TO DESCRIBE THE PROCESS OF MASS TRANSFER OF MULTI-COMPONENT NATURAL GAS MIXTURE IN THE AIR

The article deals with the problem of describing through computational experiment, respectively developed program of mass transfer in multicomponent gas mixtures. Poluchina information diffusion processes in a multicomponent gas mixtures containing ammonia, depending on concentration, pressure and temperature.

Keywords: diffusion process, schedule, program, Borland Delphi, Stefan, mass transfer, many component, ECD (effective diffusion coefficient), CV (coefficient of interaction) two-bulb apparatus.

ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

ӨОЖ 821.512.122

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ МЕН ТҮСІНУ ЖӘНЕ ГЕРМЕНЕВТИКАНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Қ.Т. Жанұзақова, ф.ғ.д., профессор м.а.
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада көркем мәтінді түсіндіру ілімі болып танылған герменевтиканың қалыптасу тарихы мен дамуы, басты ұстанымдары, оның қазақ әдебиеттанудағы көрінісі, кейбір теориялық мәселелері қарастырылады. Түсінудің шарттылығы, интерпретацияның (зерделеу) таңдамалы және шығармашылық қуаты пайымдалады. Герменевтиканың гуманитарлық ғылымдардың методологиялық негізін құрайтындығы тұжырымдалады. Сонымен қатар түсіну, интуитивті тану мен интерпретация ұғымдарына түсінік беріледі. Көркем шығарманы талдау мен түсіндіру барысында назарда ұстайтын, көңіл бөлу қажет тұстар, оқырман мен автор қарым-қатынасы мәселелері пайымдалған.

Түйін сөздер: көркем мәтінді талдау, герменевтика, автор мен оқырман, шығарманы қабылдау, түсіну, интерпретация.

Әдебиет – өмірді тану құралы ғана емес, адамның өмірге көзқарасын қалыптастыратын, мінез-құлқы мен тұрмыс-тіршілігіне әсер ететін өнер түрі. Көркем шығарма – оны тудырған адамның жолдауы іспетті. Өнер туындылары, оның ішінде көркем шығарма да адамдардың өзара тығыз қарым-қатынасына негізделеді. Өйткені автор өз туындысын халыққа, белгілі бір қауымға, біреуге арнап жазады. Сондықтан оқырман сөз арқылы туындының көркемдік әлемін және оны жасаған авторды қабылдайды. Көркем тілдің адамды сендіретін, жұбататын, ойлантатын құдіретті күші бар. Кейде автор шығармадағы баяндауға араласып,

кейіпкеріне болысатын, оқырманмен сырласып, ой бөлісетін, сұхбат құратын жайттар да кездесіп жатады. Сондықтан соңғы жылдары әдебиеттану шығарманың мәтіндік жүйесіндегі автор образы, оны оқырманның қабылдауы, оған әсері сынды күрделі мәселелерге көңіл бөле бастады. Бұл тұрғыдағы зерттеулер – қазіргі қазақ әдебиеттануында қарқын алып келе жатқан герменевтиканың үлесінде.

Герменевтиканы (көне грекше «түсіндіремін» етістігінен туған) екі тұрғыдан қарастыруға болады. Бір жағынан, мәтіндерді пайымдау теориясы, көркем мәтіндерді түсіндірудің талдау әдісі, екінші жағынан, герменевтика – түсіндіру, рух туралы ғылымдарды меңгеру туралы қазіргі философиялық ілім. Әдебиеттану ғылымының қоғамдық ғылымдармен, оның ішінде герменевтикамен байланысы жан-жақты. Өйткені герменевтика гуманитарлық ғылымдардың методологиялық негізін құрайды. Қазіргі әдебиеттану көркем шығарманы қабылдау мен автор мәселесіне, ондағы оқырманның орнына айрықша мән беруде. Осы тұрғыдан келгенде көркем шығармашылықтың аса маңызды коммуникативті сипатын естен шығармау қажет.

«Герменевтика» ұғымының өзі алғаш көне Грецияда пайда болды, алынған хабарды белгілі бір ережелер мен интуицияға сүйене отырып түсіндіру өнері дегенді білдіреді. Герменевтиканың теориялық тарихы XVIII ғасырлардан бастау алады. Ф.Д.Шлейермахер, Г.Ф.Майер, Х.Вольф, А.Бек, Ф.Аст өзінің еңбектерінде герменевтиканы мәтіндерді түсіндіру өнері ретінде негіздеді. Кейіннен герменевтиканы В.Дильтей, Х.Гадамер, М.Хайдеггер дамытты.

Герменевтиканың негізін қалаушы Ф.Шлейермахердің (1768-1834) түсіндіруі бойынша, ол Евангелие мәтіндері авторларының рухани дүниесіне ену тәсілі. Ф.Шлейермахер «Герменевтика», «Критика» атты зерттеулерінде мәтіндерді түсіндіру теориясының негізін жасады. Ол зерттеуші мәтінді автордан гөрі тереңірек, жан-жақты түсінеді, дұрыс бағалай алады деп санады. Ф.Шлейермахер, Ф.Новалис, Л.Тик, ағайынды В. Шлегельдермен мен Ф.Шлегельдермен тізе қосып, неміс романтиктерінің философиялық-әдеби үйірмесінде дәріс оқыды, осы әдеби бағыттың да теориялық іргетасын қалауға атсалысты.

Герменевтикада философиялық пайымдау нысаны болып тіл танылады. Неміс философы В.Дильтей герменевтиканың өрісін кеңейтіп, оның міндетін белгілі бір философиялық бағыттың ғана емес, тұтас дәуірдің, мәдениеттің ішкі дүниесін түсінуге мүмкіндік беру деп анықтады. Ол герменевтиканы барлық қоғамдық ғылымдардың негізі, іргетасы ретінде қарастырды және оны мәдени, жазба ескерткіштер мен әдеби мәтіндерді түсіндіру, пайымдау ерекшеліктері туралы ілім деп қабылдады.

М.Хайдеггердің ойынша, «тіл – болмыстың үйі», яғни тіл арқылы адамның ішкі феномендеріне үңілуге болады, ол – түсінудің бастауы. Неміс философы Х.Г.Гадамер мәтінді «соңғы шындық» деп таныды, оны философиялық пайымдау нысанына айналдырды.

Жәңгір Аштархан губернаторы Андреевский дегеннің қолында өсті. Орысша, арабша, парсыша өз заманында жақсы тәрбие алды.

Өткен замандағы арабтың, қызылбастың, салтанатты «падишалар», орыстың Романынан шыққан айбарлы патшалары Жәңгірге үлгі болды. Қазақтың салты, қазақтың тұрмысы, әдеті, заңы туралы Жәңгірге тәрбиешілер, әрине, бір ауыз да сөз айтқан жоқ.

Жәңгір өзімшіл, патшашыл, орысшыл, діншіл болып, ел билеу туралы ешнәрсеге үйренбей, қазақтың жайында дым білмейтін болып шықты.

1824-ші жылы кәмелет жасқа жетіп, хандықты қолына алған соң, қазақтікі деп айтқан жерін Жәңгір өзімнің жерім деп түсінді. Қара халықтың жері ханның мүлкі деген пікірді

жүргізді. 1806-шы жылы патшаның қазақтікі деген жерінен төрт жүз мың десятина жақсы жер ханның үлесі деп жарияланды. Қалған жерден бірқатар жақсы жерлерді айналасындағы туғандарына, төрелерге, жақындарына үлестірді. Өзіне жақпаған ауылдың, рудың жерін тартып алатын болды», – деп жазды [9].

Академик М.Қозыбаев: «Хан тағына 1823-1824 жылы отырған Бөкейдің баласы Жәңгір хан өте күрделі тұлға. Оның өмірі ғажайып трагедиялық сыры бар қайшылықтарға толы. Ол біріншіден, патша әкімшілігінің толық қолдауына сүйене отырып, көшпенділерді отырықшыландырды, хуторлар салдырды, қырда пішен шабу, ағаш отырғызу, мал тұқымын асылдандыру, мектептер мен мешіттер ашып, өзен шөбі бойында, Жайық бойында Кулагин қамалынан Гурьевке дейін Каспий теңізі бойында, Эльтон маңында көлемді сауда операцияларын жүргізді. Бұл жағынан алғанда ол өз заманынан озып туды. Екінші жағынан, Ішкі Ордада ХІХ ғ. екінші ширегінен бастап жер шонжарлар мен ауқатты шаруалар меншігіне берілді. Ханның туысқандары, сұлтандар, билер, ру басылары су мен құдықтары бар ірі өңірлерге ие болды. Қазақ жерін патшаға, оның шонжарларына үлестірді. Жер иелерінің иерархиясы қалыптасты. Жер сауданың, қиянат жасау мен жаулы істердің объектісіне айналды. Халықтың 1/3 бөлігі жерсіз қалды. Олардың көбі жерді көршілес орыс губернияларынан, Каспий балық кәсіпшілігі иелерінен арендаға алуға мәжбүр болды.

Үшіншіден, Жәңгір ханның тұсында финансы, салық саясаты, жер басқару ханның қолына тиді. Россияның әскери отрядтарына сүйене отырып, Жәңгір хан жергілікті феодалдық-автономияларды жойды, дала демократиясы шектелді. Бүкіл билік түгелдей дерлік орталықта шоғырландырылды. Жергілікті феодалдардың сот праволары шектелді. Жәңгірдің аристократтық цивилизаторлық реформалары хандықты күшейтті, орталық бюрократиялық билік үлгісін орнатты. Отаршылдық күшейе түсті, Жәңгір дәре соғу жазасын, мемлекеттік алымдардың қатаң жүйесін енгізді, халыққа алым салу жүйесін қалыптастырды», – деп көрсеткен [10].

Міне осылайша билік құрған Жәңгірдің кезі туралы ақын былай деп жырлайды: Хан қаруы қазақтың; Отыз мың үй саны бар.

Ересек болған есепте Сексен мыңдай жаны бар [11].

«Исатай-Махамбет» жырының түсіндірмесінде, ақын Бөкей хандығы тұрғындарының санын асыра көрсеткен, саны жетпіс мыңнан аспайды делінген. А.Ф.Рязановтың еңбегінде: «1825 жылы Бөкей ордасындағы халықтың 10,5 мың киіз үйі болғанда, оларда еркек – әйелін қосқанда 51 мың адам тұрған. Олар 5 млн. 600 мың десятина жайылымдық жерді иеленіп, қолдарына 51 мың бас түйе, 491 мың жылқы, 105 мың мүйізді ірі қара, 1.924 мың қой-ешкі, барлығы – 2.572 мың бас мал ұстаған.

Сол есептің дерегі бойынша 1850 жылы халықтың 21 мың киіз үйі болған да, оларда екі жыныстан 100 мың адам тұрған, яғни бұл адам саны екі есе деген сөз. Жер өзгеріссіз қалды. Малдың саны: түйе – 60 мың, жылқы – 230 мың, сиыр – 250, ұсақ мал – 1.200 мың, барлығы 1825 жылғы 2.572 мың бастың орнына 1.960 мың ғана болды. Сөйтіп, халық саны 100 процентке өсті де, мал саны 27 процентке кеміп кетті» [12]. Кейінгі зерттеулерде, атап айтсақ И.Кенжалиннің еңбегінде құжат деректері негізінде мынадай мәлімет келтірген: «Ішкі хандықтың 1834 жылғы халқының санын Жәңгір хан ру бойынша ...Байұлы рулары: 1.Алаша – 1700 шаңырақ; 2.Адай – 700; 3.Байбақты – 1980; 4.Беріш – 3600; 5.Жаппас – 850; 6.Есентемір – 350; 7.Масқар – 320; 8.Шеркеш – 2000; Қызылқұрт – 650; 10.Таз – 200; 11.Ысық – 600; 12.Тана – 850.

Жеті ру және т.б.: 13.Кете – 400; 14.Табын – 350; 15.Тама – 400; 16.Кердері – 400. Сұлтан, қожалар – 200, ноғай-қазақ – 620, Төлеңгіт – 400. Барлығы 16570 шаңырақ немесе әрқайсысында 6 жаннан бар деп есептеп -99 420 адам болды» [13].

Ендеше Ығылман Шөрековтің «сексен мыңдай жаны бар» деген мәліметін дұрыс деп есептеуге де болады:

Үй басына мал санап, Зекет түгел алынар; Хан салығы сол болып, Қазынаға салынар; Он екі уәзір орнына Әр руға би қойған. Әдет-ғұрпы, Заңы бар.

Дін ықтияр берілген Мекемелі, муфтилі

Шарғымен жанған шамы бар [14].

Жәңгір хан қалың шаруаларға алым-салықтың да неше бір түрін шығарып, жалпы санын 20-ға жеткізді делінеді. Соның ішінде бастылары: соғым, зекет, пітір, құшыр т.б. Соғым ханға, оның қонақтарына қарауындағы әр үйден берілетін үлесі, ол соғым сұлтандарға да төленеді. Оның мөлшері әр кезде әртүрлі. Мысалы, 15 үйден 1 сиыр, не 40 сом ақша, сөйтіп бір жылда 10 000 сом ақша жинаған. Салық жинаушы өз құлқына да керегін алып қалады. Сонымен бірге соғым салығынан би, старшина, сұлтан, хан – әрқайсысы өз үлестерін алатын болды. Ал зекет, Жәңгірдің мәлімдеуінше 40 қойдан 1 қой. Бірақ бұл да әртүрлі. Байлардан 100 – 120 қойдан 1 қой алған. Бес түйеден 1 қой, отыз сиырдан – бір өгіз, не қашар, 60 сиырдан екеу т.б. Сөйтіп, 1836 жылы хан елден зекет деп 18 000 қой, 800 өгіз, 1 000 жылқы, 700 түйе жинап алған [15].

Жәңгір хан 1828 жылы Орданың 12 ақсақалынан өз жанына Хан Кеңесін (Алқа) құрды. Оған он екі ата Байұлының әр руынан 12 би сайланды. Осы орайда ұзақ жылдар Хан Кеңесінің мүшесі болғандарды атап өткеннің артығы жоқ: Алтай Досмұхамедұлы (Алаша), Құдайберген Кенженбайұлы (Тана), Бос Боздақұлы (Кете), Құлжан Мойнақұлы (Жаппас), Мүсіреп Айдаболұлы (Шеркеш), 1839 жылдан Шолтыр Бекмұхамедұлы, Шор Қидайұлы (Масқар), Жантөре Ақтанұлы (Ысық), Жұбаныш Айтуғанұлы (Қызылқұрт), Балқы Құдайбергенұлы (Беріш). Осы сыязда Хан Кеңесі жанында ханның жарлығымен бекітілген 12 старшын қызмет атқаратын болып келісілді. Сөйтіп, билік бөлісілді [16].

Жәңгір хан өзінің 12 биін ұстауға, хатшыларын, молдаларын, атшабарларын, тілмаштарын асырау үшін елден алым-салық жинаған. Сонымен қатар, ханның Петербургке баратын кезінде бар шығыны елден болды. Сондай-ақ шаруалардан әрқашан көлік жинап немесе түрлі жұмыстарды тегін істеуге зорлаған. Елден түрлі сылтаумен киіз, жүн, былғары, пішен жинау да болған. 1836 жылы хан 500 киіз жинап алған. Каспий жағалауындағы әр шаруадан 5 пұттан жабағы жүн жинаған. Сол секілді әрбір шаруа бір жаққа бару үшін рұқсат қағаз – билетке 15 тиын күмістей төлеуі тиіс. Ол ақшалар көлік, арбаны, пішенді сол почтаға жақын ауылдар беруге міндетті болды. Мұның үстіне сұлтандар, байлар, старшиналар күш көрсетіп, шаруалардан өздеріне ұнаған көлігін, дүниесін тартып әкетулері жиі болған [17].

Жәңгір «Елді ноғай мүфтиіне, ноғайдың мекеме шарғиясына бағындырды. Әдет орнына шарифат жүрді». «Указ» деген молдалар шықты. Садақа, підия, ғұшыр, пітір, тағы басқа түрлі елге дін салығы түсті.

Жесір дауы, жер дауы секілді қазақтың нағыз әдетпен шешілетін өзара істері шарифат бойынша тергеле бастады. Молдалар да дегендей әділ бола алмады, арасында жемқорлары, бұзықтары болды. Жаңа да молдалардың көбі, әсіресе әуелгі уақытта қазақтың әдет-ғұрпын білмейтін ноғай, естек, мешер, тептер, сарт секілді келімсектерден болды» [18].

Исатай Жәңгірдің халық арасында жүргізген осындай әрекеттеріне қарсы бола бастайды. Тарихтан белгілі, Жәңгірдің қайын атасы Қарауылқожаның халыққа қарсы саясаты да Исатайдың ашу-ызасын тудырып, Жәңгірмен арасын суытады. Хан Исатайды кемсіту үшін беріш руынан халық қалаған Исатайдың орнына Балқы биді сайлайды. Осы оқиғаны Ығылман ақын былай жырлайды.

Берішке деген билікті Ортасына тастады...

...Кеңеске жұртын жинады, Ортаға келген билікті Ел қамын жеген халықшыл Ер Исатайға қимады.

-Ортамыздан сен ал! – деп, Әдебиеттер тізімі Балқыға беріп сыйлады. Сонымен Балқы би болды, Би болған соң күйленді.

Халықты қойып, хан жақтап, Әдіске шебер үйренді...[19].

Тарихи дастанда осылайша Исатайдың өміріне қатысты оқиғалар шынайы көрініс тауып, рет-ретімен баяндалған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1976. – Б. 22.
2. Рязанов А. Исатай Тайманов көтерілісі. – Алматы, 1996. – Б. 26, 27, 169, 170.
3. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1976. – Б. 23-24.
4. Сарай Ә. Исатай Тайманұлы // Исатай Тайманұлы. – Алматы, 2004. – Б. 5, 8.
5. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1976. – Б. 23-24.
6. Досмұхамедов Х. Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат// Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1998. – Б. 54-55.
7. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1976. – Б. 25.
8. Бұл да сонда. 27-б.
9. Досмұхамедов Х. Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат// Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1998. – Б. 36.
10. Қозыбаев М. Исатай туралы сөз// Жауды шаптым ту байлап. – Алматы, 1994. – Б. 116-118.
11. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1976. – Б. 27.
12. Рязанов А. Исатай Тайманов көтерілісі. – Алматы, 1996. – Б. 20-21.
13. Кенжалиев И. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1991. – Б. 32-33.
14. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1976. – Б. 27-28.
15. Кенжалиев И. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1991. – Б. 40.
16. Сарай Ә. Исатай Тайманұлы // Исатай Тайманұлы. – Алматы, 2004. – Б. 29-30.
17. Кенжалиев И. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1991. – Б. 40-41.
18. Досмұхамедов Х. Тайманұлы Исатайдың қозғалысы турасында қысқаша мағлұмат// Таңдамалы шығармалары. – Алматы, 1998. – Б. 40.
19. Шөреков Ы. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1976. – Б. 28.

РЕЗЮМЕ

*Айтбай Р.Т., кандидат исторических наук, доцент
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

ПРОИЗВЕДЕНИЕ УСТНОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ ТРАДИЦИИ О ЖИЗНИ ИСАТАЯ ТАЙМАНОВА

В статье рассматриваются некоторые события из жизни Исатая по материалам устной исторической традиции. Исатай был выходцем из родового подразделения бериш рода байулы Младшего жуза. С юных лет он прославился своими организаторскими способностями. В 1833 году Жангир хан назначил своего тестя Караулкожу Бабажанова, крупного землевладельца, управляющим родовыми подразделениями, кочевавшими в прикаспийских степях. Это решение хана было не одобрено многими родами Младшего жуза, открыто выразившими свое недовольство. Попытки Исатая и других родоправителей решить инцидент путем переговоров не привели к успеху. К этому времени Исатай имел большой опыт управления родами, отличался смелостью и решительностью, полководческими талантами. Не получив ответа на свои требования Исатай вместе с Махамбетом Утемисовым и другими влиятельными старшинами Младшего жуза возглавил народное восстание против политики Жангира. В произведениях устной исторической традиции рассказывается об этих и других событиях из жизни Исатая.

Ключевые слова: история, фольклор, воин, устная традиция и восстание.

SUMMARY

R.T. Aytbai, *Candidate of historical sciences, associate professor (city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

PUBLICATION ORAL HISTORICAL TRADITION OF THE LIFE ISATAI TAIMANULY

This article discusses some of the events from the life of materials Isatai oral historical tradition. Isatai came from a kind of tribal divisions Berisha Baiul Little Horde. From a young age he became famous for his organizational skills. In 1833 Zhangir Khan appointed his father-Karaulkozha Babazhanov, a large landowner, managing tribal divisions, wanderers in the Caspian steppes. This solution Khan was not favored by many genera Little Horde openly express their dissatisfaction. Attempts Isatai and other rodopraviteley solve the incident through negotiations have not led to success. By this time Isatai had a great experience in managing childbirth, distinguished courage and determination, leadership talent. Having received no response to their demands Isatai with Makhambet Utemisov and other influential elders Younger Juz led a popular uprising against the policy Zhangir. In the works of oral historical tradition talks about these and other events in the life of Isatai.

Key words: history, folklore, warrior, oral tradition and rebellion.

UDK 316 K 22

DIPLOMATIC PRACTICE OF THE KAZAKH KHANATE AND INDEPENDENT KAZAKHSTAN: COMPARATIVE ANALYSIS

A. Kaliyeva, candidate of sociological sciences
R. Saurbaeva, senior lecturer
(city Almaty, Kazakh State Women's
Teacher Training University)

Annotation: The authors analyzed the diplomatic practice of the Kazakh Khanate and independent Kazakhstan. Based on the works Kussainova A. and Gusarova A. try to describe the main diplomatic actors – the khans, sultans, biys, diplomats and the First President of sovereign Kazakhstan Nursultan Nazarbayev – which in their foreign-policy activity were used such diplomatic methods as the conclusion of inter-dynasty marriages, the use of interstate and intrastate conflicts, searching and finding allies, representation of amanats in the past and establish economical and political agreements, held multi-vector policy in nowadays.

Key words: the khans, sultans, biys, amanat, agreement.

Kazakhstan's diplomacy has deep historical roots. «Steppe diplomacy dressed in tails» – this phrase emphasizes both the old and the young nature of the Kazakh diplomacy [1, p.27].

Since the second half of the XV century on the stage of history goes independent Kazakh feudal-patriarchal state.

Diplomatic practice of the Kazakh Khanate not initially relied extensively on the forms and methods of the rich arsenal of predecessors – the ancient Turks and the Golden Horde [2, p.66]. Mainly dominated power solutions to international conflicts, which are followed sometimes by diplomatic means of gaining military allies and negotiations of belligerent sides about prisoners or making peace with certain conditions.

In traditional society of the Kazakhs, the supreme authority was Kurultay, which considered all the important issues, including foreign policy. The composition of this assembly, regularity and place it convenes in Article 31 of the code «Zheti Zhargy» reported the following: «... Khan, as well

as all the sultans, the elders, rulers gathered in autumn births in one place, in the middle of the steppe, to talk about people's affairs» [3, p.41].

Between Kurultay supreme overlord was Khan. He had the right to declare war and peace, to hold negotiations with other countries. The Khans have sufficient authority to foreign policy initiatives, but the most fundamental issues were resolved collectively with the representatives of the nobility and elders. Therefore, Khan was still not the sole bearer of power, since shared it with the sultans, and later with biys. In history there were names such distinguished statesmen as Tole bi, Kazybek bi, Aiteke bi.

Sultans and biys are known to have been educated from childhood literacy teaching, Arabic, Chagatai, less Persian and Russian, basis of usual and Islamic law. Practically all of the sultans and many biys owned military knowledge and skills. Diplomatic skill they are gained by experience, first by participating in ceremonial events, and eventually in the form of implementation of more complex functions, including a stay at the amanats.

Kazakh Khanate has international legal personality and external relations, although it did not have special body. With the conquest of Tashkent and Turkestan in these cities there were fixed residences, palaces, where even in the absence of the Khan under the trustees have worked state officials, including focused on international affairs.

It was mentioned about the amanats, who played a special role in the international relations of the Kazakh Khanate. Amanat Institute is one of the oldest institutions – the transfer of children of noble people to another State for bail enforcement of concluded treaties. Several researches have been interpreted as a phenomenon of hostage-taking, which is not entirely consistent with its true value. Hostage involves seizing human threat to his life or health in the event of non-compliance, and finally eliminates the replacement of one person by another [4, p.184].

The governors in the sign of reconciliation exchanged their children temporarily or permanently. Son of recent enemy kept at the court and was brought together with the children of the governor. The governor, who gave his son trying to prevent new conflicts and thus ensure the life of his own son.

Resorting to the Amanat Institute, nomadic Asian rulers sought to achieve significant benefits or solve political problems their habitual diplomatic means. Amanat Institute was used in new times between China and Kazakhstan, Russia and Kazakhstan. It was a unique way of solving various foreign policy issues – the recognition of the rights to the throne till the expansion territory.

In addition, the hostages executed to some extent a function Consulate of reporting, introduced the governor to the situation in the country and the court, taking care of the visiting compatriots, met and accompanied them and fought for their interests.

Apart from the diplomatic aspects, this institute had some negative aspects to the holders of the hostages. Long-term residence in a foreign country made it possible to enter into the course of its political life, to obtain the necessary information. It is no accident the strongest argument of opponents of the hostage-taking Institute was that the hostages and the ambassadors were suspected of spying. If held hostage in the suburbs, here they bring up to his countrymen

usually come here for trade exchange, as well as ambassadors. Therefore, the rulers sought to have constant contact with their representatives in a foreign country, that is, the hostages. Amanat Institute acted for centuries because of its optimality, along with other diplomatic institutions.

Prominent role in the diplomatic practice of the Kazakh Khanate played inter-dynasty marriages. Revealing the effect of this level of influence, it is emphasized that communication between the rulers facilitated through kinship relations: the official level contacts complemented by informal, increasing cause for mutual visits, circle of loyal people involved in the bilateral relations expanding by other relatives.

To give birth to and raising heirs to the throne and future rulers of the state, Kazakh women, due to traditions of parental hearth, becoming a mother, worried about the formation of the sons of a sense of duty to their «nagashi» – maternal relatives occupying a special place in the hierarchy of related ties among Kazakhs.

Hence the participation of Kazakh women in diplomatic practice, of course, was significant, although was manifested indirectly [4, p.183].

However, one cannot ignore the limitations of diplomatic impact through the channel of inter-dynasty marriages. The fact is that by changing a ruler of Kazakhs «kin» component between monarchs could weaken or break, if the successor to the throne was not a brother or son of predecessor. In such cases it may be sharp downturns in international relations.

Characterized in that sense changes in Kazakh-Nogai relations in changing Kazakh rulers in the first three decades of the XVI century: when Kasym Khan – stable relationships and friendships (his daughter is married to an influential Nogai mirza); when Takhir Khan – aggravated relations translate into armed conflicts (he is only cousin of Kasym Khan therefore Nogais did not consider him as a relative); when Khak-Nazar Khan – situation stabilizes and then improves (he is the son of Kasym Khan, his sister is married to an influential Nogai) [4, p.184].

Based on the above it can be concluded that the origins of Kazakhstan's experience of the diplomatic service in the ancient past, and is inextricably linked with the history of the establishment and approval of the Kazakh Khanate [5].

And if we pay attention in nowadays diplomacy we can notice that the methods are change, but to have good and strong relations is still important. Over the past years of independency, Kazakhstan has been firmly entrenched in the international arena as one of the most active participants in the dialog on international issues. The successful presidency of the country within the framework of two prestigious organizations, the OSCE and OIC, as well as in the regional structures of the SCO and CSTO, and, of course, the anti-nuclear and «green» initiatives of the President of the Republic of Kazakhstan, the nation's leader, Nursultan Nazarbayev, became not just a worthy contribution to the global security, but also identified Kazakhstan as a well-developed country.

The republic is facing a qualitatively new challenge, the need to reach a certain level of well-being among the citizens, which will allow Kazakhstan to enter the TOP-30 of the most well developed counties in the world by the end of 2050. This result could be achieved by applying a country model of development, which fully justified itself. Strong social policy, social stability as well as ethnic harmony – that is the foundation of modern Kazakhstan.

In the long term, the dynamic development of two strategic areas: the integration of the country and the region into the global markets, as well as the developing of the energy security by switching to alternative sources of energy will allow Kazakhstan to implement the concept of the sustainable development in the most efficient way.

Nowadays, the regional security is one of the most important conditions affecting the broad involvement of the private investment in the national economy and therefore the prosperity of the State. As such, Kazakhstan is making every effort to provide a stable security in the region of Central Asia. It is clear that it's necessary to have a well-functioning infrastructure, including transport and transit, to be able to participate completely in global economy processes.

Nowadays, a certain number of infrastructure projects are being implementing in the region, with the direct participation of Kazakhstan. In particular, this is a program of the Central Asia Regional Economic Cooperation (CAREC). For almost 15 years of existence, the program, which was initiated by the ADB, became a sustainable platform for the international dialogue in the field of planning and implementation of some priority regional projects. In the medium term, six of the CAREC transport corridors that passing through the territory of Central Asia and Kazakhstan will provide for not only a transportation between states, but will also become a strategic links in a field of inter-region economic development. The reformation of the transport and communication projects within the CAREC trade and economics corridors will promote greatly to the integration of Kazakhstan, as well as the other countries of the region, in international relations and global markets.

The next project is a special program for the countries of Central Asia (SPECA), which has been developed by the initiative of the President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev along with the UN commissions in 1997. The main aim of the SPECA, in the modern conditions, is the

implementation of the various projects in the socio-economic field. The centerpiece of the program is assigned for the development of the transport infrastructure and to the efficient use of water and energy resources in the region. The EU and EBRD assistance in the field of the implementation of the program is represented by the creation of transport corridors, contributing greatly to the integration of Kazakhstan and Central Asia in the world economy.

The «Western-Europe – Western-China» project is also on the list. The revival of the «Great Silk Road» trade highway, that links East and West, began in 2009. With the financial assistance from multilateral development banks, the modernization of the road posts began in four regions: Aktobe, Kyzylorda, South Kazakhstan and Zhambyl, the length of which is about 33% of the general parameters of the «Western-Europe-Western-China» transit corridor. The completion of this project will not only help to expand the opportunities for economic growth, but also will significantly increase the transit potential of the country, in accordance with the objectives for the development of infrastructure by the end of 2050. The creation of transport and logistics facilities will have an impact on the Global Competitiveness Index of our country and the region, and later on it will help to take a more prominent position in these rankings.

Another important direction that influences Kazakhstan potential joining of the top 30 of the most well developed countries is to provide a stable energy security in the country. Some of the modern trends in the global energy sector reflect the gradual transition of the world community to the alternative «green» energy. In particular, the European Union adopted a decision to reduce the import of hydrocarbons at 60 billion Euros, as well as an increase in the share of «green» energy to 20% by 2020.

In addition to the expected environmental and economic effects, the transition to alternative energy sources in the country will also help to solve social nature problems. To be specific, this will help to create additional workplaces as well as to the preparation of professionals in a field of high technologies and renewable energy.

Nowadays, our country already has its own experience in the field of «green» energy. The mini hydro-electric power stations are already functioning in Kazakhstan. In addition, some of the wind and solar power plants are situated in Zhambyl, Almaty and Kostanay regions. Moreover, there will be the issue of country's own large-scale wind farms in the nearest future, thanks to the cooperation between the national company Samruk-Green Energy and their German partners from KD Stahl- und Maschinenbau GmbH Company.

Kazakhstani contribution to the formation of the «energy of the future» is also quite important. It was supported during the OSCE summit in Astana, also during the sixth Ministerial Conference of the Asia-Pacific countries, as well as at the Global Summit on Sustainable Development in Rio de Janeiro. The so called «Green Bridge» initiative will be reflected within

the scale of a new international organization later in this year. The further realization of this concept, will improve the mechanisms for transfer of technology and «green» investments as well as it will strengthen the inter-regional cooperation in the field of development of environmentally friendly energy.

Finally, due to the perfectly designed application, our country won the right to host the EXPO 2017 in Astana. It is not a coincidence that the main topic of the exhibition is devoted to the energy of the future. Hosting such a big international event will benefit our country in terms of achieving a unique experience in the field of energy conservation. It is mostly because there will be some world's latest solar, wind and water technologies presented in Astana. Yet, with the support of the leaders in the field of «green» economy, such as EU, Japan, Korea, the United States and Canada, Kazakhstan as well Central Asia will be able not only to obtain and deploy advanced technologies in the field of alternative energy, but also largely contribute to solving the problems of social and economic sphere. This will reflect as the reduction of the unemployment rate, the growth of a social well-being and more.

Thus, a new start was given to the established State. All of those tasks should not be regarded as fantastic ones. They provide a very specific prospect for the future where social security, welfare

and well-being of citizens will provide for guarantees of stability and prosperity of society and the state [6].

REFERENCES

1. Aidarov N.G. Steppe diplomacy dressed in tails (of known and unknown information on the Kazakh diplomatic practice). - Minsk: Mastatsk literature, 1998. - 298 p.
2. Mazhidenova D.M. Diplomatic service of Golden Horde // L.N.Gumilyov ENU Herald, 2001. – № 3. - p.66
3. Levshin A.I. Description of Kirghiz-Cossack or Kirghiz-Kaysak hordes and steppes. / Ed. Kozybayev M.K. - Almaty: Sanat, 1996. - 656 p.
4. Mazhidenova D.M. Diplomatic service in the context of the evolution of world politics. – Astana: Kulterin, 2003. – 240 p.
5. Kussainova A. Diplomatic practice of the Kazakh khanate in the context of historical events//<http://group-global.org/en/publication/10272-diplomatic-practice-kazakh-khanate-context-historical-events>
6. Gusarova A. «Kazakhstan-2050»: scope for the future //Казахстанская правда. July, 13, 2013// Kazakhstan's looking towards the future <http://e-history.kz>

ТҮЙІНДЕМЕ

*Калиева А.А., с.ғ.к., Саурбаева Р., аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Мақалада авторлар қазақ хандығының және тәуелсіз Қазақстанның дипломатиялық тәжірибесін саралады. Хандардың, сұлтандардың, билердің, мәмілегерлердің және егеменді Қазақстанның бірінші Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың, негізгі дипломатиялық авторлар А.Құсайынованың және А.Гусарованың жұмыстарында қарастырылды. Баяғыда әулеттер арасында некенің тұжырымы, мемлекетаралық және мемлекетішілік шатақтың игерушілігі, одақтастарды іздеу және табу, аманат дәстүрін қолданды, ал қазір экономикалық және саяси келісімдерді тағайындайды, көпбағыттауыш саясатты жасайды, өзінің сыртқы саяси қызметінде осындай мәмілегерлік әдістерді пайдаланды.

Түйін сөздер: Хандар, сұлтандар, билер, аманат, келісім.

РЕЗЮМЕ

*Калиева А.А., к.соц.н., Саурбаева Р., старший преподаватель
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

ДИПЛОМАТИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА КАЗАХСКОГО ХАНСТВА И НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА: СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ

Авторы проанализировали в статье дипломатическую практику Казахского ханства и независимого Казахстана. Основываясь на работах Кусаиновой А. и Гусаровой А., попытались определить основных дипломатических акторов – ханов, султанов, биев, дипломатов и первого Президента суверенного Казахстана Нурсултана Назарбаева. Которые, в своей внешнеполитической деятельности использованы такие дипломатические методы как: заключение междинастийных браков, использование межгосударственных и внутригосударственных конфликтов, искали и находили союзников, применяли традицию Аманата в прошлом, а в настоящем устанавливают экономические и политические соглашения, проводят многовекторную политику.

Ключевые слова: ханы, султаны, бии, аманат, соглашение.

ӘОЖ 371.044.3 К92

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУЫ ЕЛ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ НЕГІЗІ

А.Б. Құлмағанбетова, аға оқытушы
Т.Қ. Оспанбек, аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада шағын және орта бизнестің теориялық және практикалық мәселелері қарастырылып, Қазақстан Республикасы кәсіпкерлігін тежейтін факторлар анықталып, әлемдік дағдарыс жағдайында шағын және орта бизнестің даму жолдары талданған.

Түйін сөздер: шағын кәсіпкерлік, шағын және орта бизнес, инвестиция, инновация, бақылау, ынталандыру.

Соңғы жылдары шағын және орта бизнестің Қазақстан Республикасы экономикасында рөлі артып келеді. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту – ол кез келген ел экономикасының негізі. Дамыған елдердің тәжірибелері көрсетіп отырғандай, шағын және орта бизнесті қалыптастыру мен дамыту экономиканы нығайту үшін қолайлы алғышарттар жасайды. Атап айтқанда, салалық және өңірлік монополизм жойылады, рынокта тауарлар мен қызметтер көбейеді, жаңа жұмыс орындары ашылады, ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктері өмірге енгізіледі, қоғам тұрақтылығының кепілі болып табылатын орта тап қалыптасады. Нәтижесінде шағын және орта кәсіпкерлік жүздеген мың адамдар үшін тартымды сипатқа ие болып, нарық экономикасының қажетті элементіне айналады.

Қазақстан Республикасында шағын және орта бизнес тіптен мешеу қалып отыр деп көрсету шынайы экономикалық жағдайға сай келмейді. Үстіміздегі жылда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, бізде шағын және орта бизнестің 800 мыңнан астам субъектісі бар, онда 2,4 миллионнан астам қазақстандық еңбек етеді. Бұл сектордағы өнім көлемі төрт жылда 1,6 есе өсті және 8,3 млрд. теңгені құрап отыр. Қазақстан 2012 жылы 2011 жылмен салыстырғанда 12-орынға алға жылжып, Дүниежүзілік Банк нұсқасы бойынша бизнесті ашу мен жүргізудің оңайлығы рейтингінде 183 елдің арасынан 47-орынға ие болды [1].

Қазақстан Республикасындағы шағын және орта бизнестің ЖІӨ-де алатын үлесі-20%. Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасының мәліметтеріне сүйенсек, әлемдік экономикада тек шағын кәсіпорындардың саны барлық кәсіпорындардың жалпы санының 95%-нан асады. Олардың ЖІӨ-дегі үлесі 50%-ға дейін жетеді. Дамыған мемлекеттердегі шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі мысалы, Жапонияда – 55%, Ұлыбританияда – 52%, Германияда – 57%, Италияда – 55%. Салыстырмалы сараптама Қазақстанда шағын және орта кәсіпкерліктің макроэкономикалық көрсеткіште үлесінің өте аз екенін көрсетеді. Оны 50 пайызға жеткізу үстіміздегі ғасырдың елуінші жылдарына

болжанып отырғаны белгілі. Сол мақсатқа жету үшін мәңгілік сұрақ – не істеу қажет? Шағын және кәсіпкерлікті дамытудың қандай жолдары мен тетіктері бар? Қандай экономикалық, әлеуметтік, саяси және психологиялық кедергілері бар?

Бірінші кезекте шағын және орта бизнестегі кәсіпкердің кім екенін, оның қоғамда атқаратын қызметі мен маңызын жалпы халыққа түсінікті тілмен насихаттап түсініктеме жүргізу қажет.

Біздің пікіріміз бойынша, кәсіпкердің басты қызметі – тауар өндіру мен оны сату арқылы халыққа көрсететін қызметін елемей немесе көп көңіл бөлмей отырған сияқтымыз. Бүгінгі таңда кез келген тәулік уақытында қалаған тауар мен қызметті пайдаланып, қажеттілігімізді қанағаттандыра аламыз. Кешегі Кеңес кезінде тауар тапшылығы, ұзақ

тұратын кезек бүгінде жоқ және оны экономика тарихы тез ұмытты. Болған экономикалық-әлеуметтік келеңсіздіктердің жойылуына себеп болған негізгі факторлардың бірі – мемлекетіміздегі кәсіпкерлердің көрсеткен қызметі. Сондықтан халықтың санасына кәсіпкерді өзінің қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында, тәуекелділік пен тынымсыз еңбек арқылы халыққа қызмет атқаратын экономикалық адам деген ұғымды енгізу қажет.

Екінші мәселе, ұлттық экономиканың сала ерекшеліктеріне байланысты кәсіпкерліктердің көлемін анықтау. Бұл жерде кәсіпкерліктің қызмет жасайтын саласының ерекшеліктері ескерілмеген. Сондықтан кәсіпкерлік тиімді қызмет жасауы және дамуы үшін заң қабылдағанда салалық ерекшеліктерін ескеру қажет. Бұл өз кезегінде табыс және салық мәселесін оңтайландырған болар еді.

Үшіншіден, мемлекет шағын және орта бизнесті шынайы дамытқысы келсе, алпауыт монополистердің баға төңірегіндегі «аранын» тыюы қажет. Мысалы, шағын және орта кәсіпкерлердің суға, жылуға, жарыққа, тіптен шығаратын қоқыстарына төлейтін төлемақылары халық төлеп отырған тарифтерге қарағанда әлдеқайда көп. Монополистер кәсіпкерлерге ерекше қызмет көрсетпейді, ал кәсіпкерлер олардың қызметтерін пайдаланып табыс тапса, бұл олардың еңбегінің нәтижесі. Сондықтан бір жағынан тарифтер теңестірілуі қажет және екінші жағынан монополистердің көрсететін қызметтерінің бағасы тоқтатылып, оларға мораторий жариялануы тиіс.

Төртінші мәселе – мемлекет орындарының кәсіпкерлік іс-әрекетті бақылауы мен тексерулері төңірегінде. Біздің мемлекетіміздегі кәсіпкерлер енді қалыптасып жатқан қоғамдағы жаңа тап. Олар кешегі мемлекеттің кәсіпорындарында жұмыс жасаған қарапайым жұмысшы, мал баққан шаруа, бала оқытқан мұғалім немесе құрылыста жұмыс атқарған құрылысшы. Қысқасы, олардың көбі арнайы кәсіпкерлік білімі жоқ, туа біткен кәсіпкерлер. Сондықтан тексерушілер іс-әрекетін айыппұлдан бастамай, олардың кемшілік тұстарын айтып, оларды жоюға уақыт берсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Тағы бір айтылатын мәселе – мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан бағдарламалар мен жолдаулардың халыққа етене жету мәселесі. Мысалы, тәуелсіз Қазақстанның құрылған сәтінен бастап кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі мемлекеттік шаралардың тарихы сонау 1992 жылдан басталатынын біреу білсе біреу білмейді. Айталық шағын және орта бизнесті мемлекеттің экономикалық саясатының басымдылық саласы болып табылатынын және тұтынушылар нарығын тауарлар мен қызметтерді кең қолдануға жағдай жасайтын Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылдың 6 наурызындағы №3398 «Шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау көрсетуді күшейту мен оны дамытуды жандандыру жөніндегі шаралар туралы» жарлығы; шағын кәсіпкерліктің қорын құруға жағдай жасайтын Қазақстан Республикасы үкіметінің 1997 жылдың 26 сәуіріндегі №665 «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы» қаулысы; 1999-2002 жылдарда мемлекет шағын кәсіпкерлік саласындағы құқықтық актілерді, қаржы-несиелік және инвестициялық саясатты аймақтардағы шағын бизнестерді дамытуға, 2004-2007 жылдарда мемлекет кәсіпкерлік ортаны, қоғамдық институттар жүйесін қалыптастыруды белгіледі; Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылдың 18 ақпанындағы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Жолдауына сәйкес қабылданған бағдарлама 2003-2015 жж. арналған Қазақстанның индустриалдық-инновациялық даму стратегиясымен сәйкес кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасайды [2].

Кәсіпкерлік саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыруға байланысты міндеттерден басқа мемлекет кәсіпкерлікті қолдауды қаржылық, ақпараттық-сараптамалық және материалды-техникалық қолдауды қамтамасыз ету бойынша қызметтер атқарады. Қолдаудың бұл нысандарының барлығын мемлекет атқарушы органдар арқылы жергілікті және аумақтық деңгейде қабылданатын әртүрлі бағдарламалардың көмегімен де, әрі ұйым капиталының қатысуымен осы үшін арнайы жасалған бағдарламалар көмегімен де жүзеге асырады. Демек, теледидар немесе мерзімді баспа беттерінде беріліп отыратын жарнамалар жеткіліксіз немесе тиімді болмай отыр. Сол үшін жалпы халыққа жететін, оның

ішінде кәсіпкерлерге интернет арқылы мағлұмат жеткізу, білім беру, ауыл деңгейлерінде жинап ақпараттандыруды, құзыреттілікті, жалпы білім беруді қолға алу қажет.

Көптеген елдердің тәжірибесінде кәсіпкерлікті қолдау, белгілі министрліктің құрамына кіретін арнайы департаменттермен байланыстырады. Мысалы, Германия және Голландия экономика министрлігінде шағын және орта бизнестің арнайы бөлімдері бар, Францияда осындай бөлім өнеркәсіп министрлігінде, Канада да шағын дамыту саясатын Өнеркәсіп, ғылым және технология министрлігінің департаменті, Италияда Өнеркәсіп, коммерция, сауда және кәсіптер министрлігінің жанындағы бөлім жүзеге асырады. Францияда шағын кәсіпкерлікті реттеу саясатын бірнеше ұйымдар іске асырады: Шағын және орта кәсіпкерлік конфедерациясы, Сауда және өнеркәсіптік палаталар, қызметін жаңадан бастаған және дамушы кәсіпкерліктердің ұлттық агенттігі, техникалық зерттеулердің ұлттық агенттігі, Қаржы институттары және тағы басқалар [3].

Оңтүстік Кореяда арнайы үкіметтің құрылымымен 11 аймақтық орталықтарда жұмыскерлер саны 900 адамнан тұратын штаты бар, шағын және орташа бизнес әкімшілігімен қоса, ұйымдардың толық жүйесі қызмет етеді. Сонымен, әкімшілік жанында технология мен сапаның Ұлттық институты, үкіметтік несиелік кепілдемелер жүйесі, арнайы тағайындалған коммерциялық банктер бар.

Қазіргі кезде Қытайда шағын және орташа кәсіпорындардың қызметін басқарудың негізгі органдары Мемлекеттік сауда-экономикалық комитеті шеңберіндегі шағын және орта кәсіпорынның ынтымақтастығын үйлестіру орталығы, шағын және орташа кәсіпорындардың дамуын ынталандыру жөніндегі Бүкіл қытайлық жұмысшы жетекші тобы, банк және басқа ұйымдар.

Бұл елдердің экономикасына шағын кәсіпкерліктің тиімді әсері арнайы қабылданған заңдар мен дайындалған бағдарламалардың арқасында болып отыр. Айталық, Жапонияда шаруашылық етуші субъектілердің қызметі 12 заңмен реттеледі, соның ішінде экономиканың осы саласының мәнін, міндеттерін, құқықтарын және жеңілдіктерін анықтайтын «Шағын және орта кәсіпорындар туралы негізгі заңы» арқылы жүзеге асырылады. АҚШ-та шағын кәсіпкерлікті дамытудың негізгі құжаты болып «Ұсақ бизнес туралы акт» болып табылады. Германияда – «Жазалаушы құқық», Қытайда шағын және орташа кәсіпорындарға көмектесу туралы заңның жаңа жобасы дайындалған [4].

Шағын және орташа бизнесті дамыту үшін сұранысты ынталандыру өте маңызды. Өкінішке орай сұраныс біздің елде өте баяу немесе кейінгі бес жылда тіптен көтерілмей отыр. Сұраныс төмен болғандықтан кәсіпкерлер өздерінің шығынын жабу және пайда табу үшін амалсыз бағаларын көтеруде, екінші жағынан халықтың таза табысы төмендеп отыр. Бұл мәселені, яғни қажет тауарлар бағасының жоғарылығы мен табыстың төмендігін «Нұр Отан» партиясы жүргізген сауалнамаға қатысқан адамдардың 46 және 40 пайызы белгілеген.

Қазақстан Республикасының белгілі және белді экономистерінің бірі О.Сабденнің сараптауы бойынша, дүниежүзіндегі мемлекеттер нарық экономикасынан постиндустриалдық дамудың инновациялық экономика кезеңіне өтіп жатыр [5].

«Инновация» терминін өткен ғасырдың 30-жылдарында экономика ғылымының айналасына енгізген Австриялық экономист Й.Шумпетер оны «өнертапқыш-жаңалық енгізу-диффузия» үрдісінің бір бөлігі және кәсіпкердің өндіріс факторларын пайдаланудың «жаңа комбинациясы» ретінде қарастырған. Қарастырып отырған мәселемізге байланысты Й.Шумпетердің «жаңа комбинацияға» жатқызған негізгі түрлерін атап өтсек артық емес. Олар:

1. өндірісте пайда болатын жаңа игіліктер;
2. игіліктерді сатудың жаңа коммерциялық әдістерін қолдану;
3. сатудың жаңа нарқын игеру;
4. жаңа шикізат көздерін ашу және қолдану;
5. салалық құрылымды өзгерту.

Жоғарыда аталған бағыттарды жүзеге асыру үшін кәсіпкердің жігерлілігі, жаңашылдық қабілеті қажет. Бүгінгі таңда дүние жүзілік жаһандану кезеңінде еліміз үшін Президентіміз

индустриалдық-инновациялық бағыттағы дамудың 7 басты бағытын көрсеткені мәлім. Олар – АӨК, металлургия, мұнай өңдеу, энергетика, химия мен фармацевтика, өндіріс индустриясы, көлік және инфрокоммуникация. Кез келген осы экономикалық бағыттарда шағын және орта кәсіпкерліктің алатын орны орасан. Қазақстан Республикасының статистика агенттігінің деректері бойынша өкінішке орай жаңа пайда болып жатқан кәсіпкерліктің саны аз және негізінен 5 адамға ғана жететін кәсіпорындар ашылған. Жалпы 2013 жылы ашылған кәсіпорындардың жалпы саны 747 болса, оның ішінде 5 адамға дейін еңбекшілер саны бар кәсіпорын 438(58,6%), 10 адамға дейін 135(18%), 11-20 адамға дейін 60(8%). Дегенмен, дүниежүзілік нарықта кез келген осы бағыттарда дамыған мемлекеттер біздің кәсіпкерлерге оңай орын бере қоймайды. Сондықтан дүниежүзілік халықаралық еңбек бөлінісінде мемлекеттің қолдауы болмаса шағын кәсіпкерлікті айтпағанда орта бизнестің ойып алатыны өте қиын [6].

Біздің пікіріміз бойынша мемлекет орта және шағын бизнесті дамытудың басты екі шарасын іске асыруы тиіс. Біріншісі – мемлекеттік тапсырыс және мемлекеттік қамтамасыздандыру болса, екіншісі – жол қабілеті бар сұранысты ынталандыру. Ішкі сұраныс өте аз. 100 жылдың ішінде халықтың өскен саны Т. Рысқұловтың мәліметі бойынша өткен ғасырдың 20-жылдарында Қазақстан халқының саны 6553600 адам, оның ішінде ауыл тұрғындарының үлесі 92%, қала тұрғындары 8%, олардың өзі ауыл шаруашылығымен айналысқан. Ал 2014 жылдың 1 қарашадағы Қазақстан халқының саны 17377,8 мың адам, яғни бір ғасырға жуық аралықта еліміздің халқы не бәрі 10844,2 мың адамға өскен. Ал орташа айлық жалақы 2014 жылдың қазан айында 118884 теңге болды. Бұл дегеніміз Қазақстан Республикасының ішкі сұраныс нарығы.

Осы мәселелер төңірегінде ауылшаруашылығын көтеру қажеттілігі айтылып жүрсе де мардымды жұмыстар істелмей отыр. Неге біз дәстүрлі экономикамызды индустриалды инновациялық үрдіске ыңғайлап дамытпаймыз? Дәстүрлі экономикамыз ауылшаруашылығының жалпы өнімінің өсімдік шаруашылығы 51,6%, ал мал шаруашылығы 48,4% құрайды. Қазақстанда 4-5 сиырдың беретін сүтін дамыған елдерде бір-ақ сиырдан сауады. Ал егін шаруашылығындағы бидай түсімінің орта түсімі 10-13 центнер болса, Еуропа мемлекеттерінде гектарына 60-70 центнерден түсетіні мәлім. Ауылшаруашылығындағы кәсіпкерлікті ұйымдастыру кезінде ұсынған Н.Д.Кондратьевтің теориясына негізделіп ұйымдастырылса, экономикалық тиімділікке қол жеткізеріміз сөзсіз.

Осы шаралар жүзеге асса кәсіпкерлік:

- ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттігін арттырудың негізі болады;
- өндірісте еңбек өнімділігін арттыру арқылы тұтынушыларға әрі арзан, әрі сапалы тауарлар мен қызмет те ұсынуға мүмкіндік береді;
- жаңа технологияларды енгізу арқылы қалдықсыз өндірісті ұйымдастыруға мүмкіндік береді;
- жұмысбастылықты арттырып, әлеуметтік мәселелерді шешуге жағдай жасайды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан, 17 қаңтар 2014 ж.
2. Омурзаков Т. «Казахстан-2050» – путеводный маяк // Казахстанская правда, 1 февраля 2014 г.
3. Тусупбекова Л. Тарифы и мифы // Казахстанская правда, 8 февраля 2014 г.
4. Ең көкейтесті әлеуметтік мәселелер рейтингі // Егемен Қазақстан, 20 ақпан 2014 ж.
5. Сабден О. Стратегия развития глобальной инновационной экономики в XXI веке // Казахстанская правда, 7 ноября 2014 года.
6. ҚР статистика агенттігінің (WWW.stat.Gov.Kz) деректері.

РЕЗЮМЕ

*Кулмаганбетова А.Б., старший преподаватель,
Оспанбек Т.К., старший преподаватель,
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

РАЗВИТИЕ В КАЗАХСТАНЕ МАЛОГО И СРЕДНЕГО БИЗНЕСА ОСНОВА ЭКОНОМИКИ СТРАНЫ

В статье анализируются теоретические и практические проблемы малого и среднего бизнеса. Рассмотрены сдерживающие факторы предпринимательства в Республике Казахстан, также анализируются пути развития малого и среднего бизнеса в условиях мирового кризиса.

Ключевые слова: малый бизнес, малые и средние предприятия, инвестиции, инновации, управление и стимулирование.

SUMMARY

*A.B. Kulmaganbetova, senior lecturer,
T.K. Ospanbek, senior lecturer
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

DEVELOPMENT OF SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES IN KAZAKHSTAN IS THE GROUNDWORK OF THE ECONOMY OF COUNTRY

The article analyzes the theoretical and practical problems of small and medium-sized businesses. We consider the constraints of business in the Republic of Kazakhstan, also analyzes the development of small and medium-sized businesses in the context of the global crisis.

Key words: small business, small and medium businesses, investment, innovation, management and promotion.

ПЕДАГОГИКА-ПСИХОЛОГИЯ PEDAGOGY-PSYCHOLOGY

ӘОЖ 34.1

ҰЖЫМДА БАЛАЛАРДЫҢ ОҚШАУЛАНУ СЕБЕПТЕРІН АНЫҚТАУ

*Д.Е. Абдраманова, аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Бұл мақалада балалардың ұжымнан оқшаулану себептері қарастырылып, сондай-ақ мұндай балалармен нәтижелі жұмыс жүргізуге арналған алдын алу әдістері, кеңестер мен психологиялық қызмет жолдары көрсетілген.

Түйін сөздер: Оқшаулану, қарым-қатынас, конфликт, сенімсіздік, мотивациялық теория.

«Оқшаулану», «топтан тыс қалу» – жалғыздыққа душар болған адамның жағдайын сипаттайтын терминдердің бірі.

К.Рубиннің ойынша «Әлеуметтік оқшаулану», «Тұйықтық», «Тежелгіштік», «Ұяңдық» сияқты терминдер шындыққа келгенде, әртүрлі феномендерді белгілейді. К.Рубин өз еңбектерінде «Әлеуметтік изоляция» терминін «Әлеуметтік оқшаулану» терминімен

алмастырады. «Әлеуметтік оқшалану» термині зерттеуші топ үшін жалғыздықты сипаттайтын әртүрлі формаларды жалпылаушы ретінде көрсетеді.

Мектеп оқушылары арасындағы қарым-қатынас сипатына түсініктеме беретін болсақ, оқушылардың өз сыныптастарымен қарым-қатынас жасауына, бірлестік әрекеттеріне мұғалімнің жеке тұлғасы үлкен әсерін тигізеді. Оның әрекеттесуі әртүрлі аспектілерден көрінуі мүмкін.

Біріншіден, мұғалімнің басқа оқушыларымен әрекеттесу стилі баланың өзімен жасты балалармен әртүрлі қарым-қатынасқа түсуінің алғы шарты болып табылады. О.Осадьконың зерттеулерінің көрсетуі бойынша оқушының алғашқы мұғалімінің педагогикалық тактикасы мен қарым-қатынасқа түсу стилі, оның ата-анасымен және сыныптастарымен қарым-қатынасқа түсуін және жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді екен. Мұғалімдердің жеке тұлғалық қарым-қатынасқа түсу стилі және педагогикалық іскерлестік тактикасының әсері балалардың бір-бірімен конфликтілі қарым-қатынасқа түспеуінің алғышарты.

Мектеп психологиялық қызметі үшін балалардың қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеу және оны өңдеу көкейкесті мәселе болып табылады. Өйткені оқушы өзін-өзі анықтаудың күрделі мәселелерін жалғыз өзі шешпейді, ата-анасының, құрбы-құрдастарының, мұғалімдердің қолдауымен шешеді.

Осының нәтижесінде балада өмірге деген сенімділік арта түсіп, әлеуметтік ортаны ең алдымен үлкен адамдармен, кейін келе өз қатарымен танып білуі күшейеді. Ал сенімсіздік қарым-қатынаста ата-аналар баласының жан-күйін түсінбей, тіпті оны жақсы көруден де қалады. Балада өмірге деген сенімсіздік пайда болып, бұл сенімсіздік оның дамуына кері әсерін тигізеді, яғни балада өзіне деген баға, танымдылық белсенділік төмендеп, қоршаған ортадан өзін оқшаулай бастайды.

Ата-ананың балаға өз құрбыларымен қарым-қатынас процесінде жүргізетін шектен тыс бақылауы, қамқорлығы (гипеопека) – балаларда үлкендерге деген тәуелділікті, жаңа жағдайлар мен проблемалар алдында қорқыныш сезімін туғызады.

Макрожүйелік күштер – бұл жанұяның экономикалық жағдайы, ата-ананың білім деңгейі және қарым-қатынастың сипаты (эмоционалды тұрақтылық деңгейі, ұрыстар және дағдарыстар т.б.). Бұл күштер ата-ананың балаға деген адекватты емес қатынасының пайда болуына алып келеді.

Егер әрбір сала тиімді күйде жүзеге асатын болса, онда баланың дұрыс дамуына қолайлы жағдай туады. Біреуінің бұзылуы үлесімділік әрекетін деформациялайды. Осылайша жанұядағы дау-жанжалдар ата-ананың балаға деген қарым-қатынасын негативті бағытқа қарай өзгертуі мүмкін. Балада қорқыныш сезімін, шектен тыс қозғыштықты, тынышсыздықты, тағы басқа қиыншылықтарды қамқорлық және ілтипаттылық, қарым-қатынас негізінде жеңуге болады.

Мотивациялық теория (Дж. Эйсендорф ұсынған).

Бұл теория бойынша әлеуметтік дамудағы балалардың түрлі ауытқуларының пайда болуы жақындау немесе алыстау мотивтерінің механизмдері арқылы жүзеге асуы қарастырылады. Бұл мотивтердің өзара байланысының бұзылуы қарым-қатынаста қиыншылықтардың пайда болуына алып келеді. Дж. Эйсендорф мұндай бұзылыстардың 3 түрін көрсетеді. Бірінші бұзылыс жақындау мотивациясының төмендігімен сипатталады. Егер бұл мотивация жоғары жаста шектен тыс айқын көрінетін болса, онда ол балалардың әлеуметтік қарым-қатынас сферасында ауытқушылықтардың барын көрсетеді.

Екінші түрі жақындау және алшақтау мотивациялары арасындағы дау-жанжалмен байланысты. Бұл жағдай белгілі бір себептерге байланысты баланың басқа адамдармен, әсіресе, жаңа жағдайларда араласа алмайтындығымен сипатталады. Дау-жанжал белгілі бір ымыраға алып келеді. Мысалы: басқаларды алыстан бақылау, құрбыларынан жеке ойнап отыру. Мұндай балалар сақтығымен, ұялшақтығымен, тұйықтығымен ерекшеленеді.

Мотивтер арасындағы дау-жанжалдардың пайда болуы баланың биологиялық табиғатына да, тәрбие жағдайына да қатысты. Мотивтер арасындағы қарым-қатынастың

ауытқуының үшінші түрі әлеуметтік жақындау мотивінің жоғарылауымен және алшақтау мотивінің төмендеуімен сипатталады. Мұндай мотивациялық профилі бар балалар әлеуметтенгіш болады, бірақ олар қарым-қатынаста өзіне шек қоя алмайды. Осындай балалар агрессивті мінез-құлыққа ие. Құрбылармен қарым-қатынас баланың әлеуметтік және жекелік даму факторы болып табылады. Құрбыларымен қарым-қатынас балаларда мінез-құлықтың әлеуметтік-эмоционалдық реттеу мүмкіндігін ашады. Осыдан келіп мынадай сұрақ туындайды: белгілі бір себептерге байланысты өзінің құрбылармен қарым-қатынасқа түсе алмайтын баланың дамуындағы әлеуметтік оқшауланудың нәтижесі қандай?

Әлеуметтік оқшаулану әртүрлі түрлерге ие. Соның бірі – балада қорқыныш пен қобалжу кезінде көрінетін ұяндық. Оның мотивациясы әлеуметтік бағаға деген қорқыныш сезімімен байланысты. Әлеуметтік оқшауланудың келесі формасы – тұйықтық. Мұның мотиві болып жаңа жағдайға және әлеуметтік бағаға деген қорқыныш сезімі табылады. Бұл жақындау және алшақтау мотивтерінің күресі негізіндегі құрылған ішкі конфликт. Осыған жақын түсінік – «Ұстамдылық мінез» – бала өзін адамдарға (танитын, танымайтын) жақын ұстайды, бірақ олармен қарым-қатынасқа түспейді, тек сырттай әрекеттерін бақылаумен шектеледі. Мұның негізінде жақындау және алшақтау мотивтері жатыр. Ол аз сөйлейтін балаларға қатысты [38].

Жалпы адамды әлеуметтен оқшаулау өз еркі немесе міндетті түрде болып бөлінеді. Міндетті оқшаулау экстремалды жағдайда қолданылуы мүмкін. Мектеп қабырғасында көрінетін баланың ұжымнан оқшаулану жағдайлары бірнеше себептердің негізінде байқалады. Дегенмен балалардың өз арасында туындаған оқшаулану жағдайларын сынып мұғалімі аңғарысымен-ақ оны тиімді және дұрыс басқарып, қойылатын талаптарды тиімді жүзеге асырып отыруы қажет:

1. Топтан оқшаулаған оқушылармен жұмыс кезінде жүргізуші педагогикалық, құқықтық және этикалық ережелерімен танысуы қажет. Ережелерді білмеген жағдайда сынып жетекшісі сынып оқушыларымен әңгіме жүргізуі қажет.

2. Баланы ұжымнан оқшауламас бұрын, оған алдын ала ескерту жағдайлары, өз кемшіліктерін жоюға мүмкіншіліктер берілуі қажет.

3. Оқушылар арасында туындаған мұндай жағдайда оқшауланған баланың ата-анасымен тез арада байланыс жасау қажет.

4. Сыныпта болып жатқан бұл процесті мұғалім үнемі бақылап, қадағалап, жағдайларды белгілеу арқылы парақта түсінікті етіп тіркеп отыруы тиіс.

5. Шұғыл жағдайларда бала мұғаліммен кеңесе алатындай жағдай жасалып, бала ең болмағанда мұғалімге шағымдануға болатындығын сезіне алу керек. Ұжымда оқшауланған баланы аңғара салысымен-ақ мұғалім оны алғашқы күндері жиі бақылау арқылы ондағы эмоциялық күйлерді үнемі бақылап отыру қажет.

6. Оқушылар арасында өздері оқшаулап тастаған бала туралы мұғалім басқа балалармен оның соңы немен аяқталатынын алдын ала мүмкіндігінше талқылап алғаны жөн.

Оқшауланудың алдын алу үшін мына әдістерді қолдануға болады: бақылау әдісі, әңгімелесу, социометрия әдісі (бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған нұсқа), «Маска» әдісі, «Екі үй» әдісі (Д.Б.Эльконин, А.Г.Венгер).

Балалардың ұжымнан оқшаулану себептерін арнайы экспериментті ситуациялар арқылы зерттеуге болады.

«Маскалар» тестін қарастырайық. Бұл тестілеуде 5-10 жас аралығындағы балаларды зерттеуге болады.

Стимулды материал: Ақ қағазға салынған 4 түрлі маскалар жинағы: көңілді, көңілсіз, біреуді мұқатқандай және бағынышты көңіл-күй бейнеленген.

Нұсқау: Мына бет бейнелерге мұқият қара. Сен сыныптағы құрдастарыңа қандай бет пішінмен қарар едің? Ал сен әдетте кімге былай қарайсың? (кезекпенен әр масканы көрсетеді). Қай бала саған жиі былай қарайды? (тағы кезекпенен әр масканы көрсетеді).

Тесттің жүргізілуі: 4 масканы қатарластырып баланың алдына қояды. Бірінші сұрақта таңдап алынған маскадан кейін, балаға әр масканы кезекпен бере отырып сұрақ қояды: «Сен

кімге бұлай қарайсың? Саған кім бұлай қарайды? т.с.с. Қандай жауап болса да қабылданады».

Нәтижені талдау:

Баланың топтағы эмоционалды күйі (жақсы және нашар) бірінші сұраққа берілген жауабынан байқалады.

«Сен әдетте кімге бұлай қарайсың?» деген сұрақтың жауабында, масканың нешеуі жағымды, нешеуі жағымсыз күй екенін санап отыру қажет. Бала өзінің топтағы орнына өзі қанағаттанатын болса, онда көңілсіз маскаға қарағанда көңілді масканың орнын көбірек көрсетеді.


Бұл көрсеткіш баланың топтағы мәртебесін (лидерлік немесе елеусіз) анықтау үшін өте қажет. Егер баланың топтағы орны елеусіз болса – ол бала үйдегі немесе ауладағы, көрші, өзімен қатар балалармен қарым-қатынаста болғанын дұрыс көреді. Мұнан келіп сыныптағы балаларға қарсы сын көзбен немесе бір нәрсеге алаңдауынан қарым-қатынас төмен деп қорытындылауға болмайды. Бұл жағдай баланың көпшілікпен белсенді қарым-қатынасты қаламауы, қызықпауынан да болуы мүмкін.

Сонымен, балалар «белсенді» және «сылбыр» деген атпенен екіге бөлінеді. Кейбір балалар өзінің елеусіз орнына үйреншікті бір қалыпты қарап, көпшілікпенен қарым-қатынасқа ұмтылмайды, бірақ іштей өзінің топта елеусіз екеніне күйзеледі.

Баланың көрсеткен маскадағы «мұқатқан» және «бағынышты» түрін санап отыру қажет (бұл өте қажет көрсеткіш). Әсіресе, өзінің ортадағы мәртебесіне қанағаттанбайтынын көрсетеді. Оларға өзінің құрдастарымен қарым-қатынас жасау ұнайды, сондықтан көпшілікпен араласудан бас тартады, бағынышты болғанша жалғыз жүргенді дұрыс көреді. Мұндай балаларға ойын немесе іс-әрекет дағдыларын құрбы-құрдастарымен бірге бірлесіп меңгеретінін ұғындыру қажет. Негізгі маңызы жай әшейін рөлге кіргізу емес, бірлесіп меңгеру екенін аңғарту.

Бағынышты тенденция байқалатын, өзінің елеусіз орнына қанағаттанбайтын балалар қарым-қатынастың қандай формасы болмасын араласуға, орындауға дайын. Мұндай балалар үлкендер жағынан қандай көмек болса да қабылдайды, ал бірінші жағдайдағы балалар мұндай көмекті күдікпен қабылдап, өз күшімен шығатын жол іздейді.

Осыған орай қай балалардың топтан оқшауланатынын анықтауға болады, яғни егер барлық балалардың бір немесе екі балаға жағымсыз қарауы анықталса, ол баламен ешкімнің қарым-қатынас жасағысы келмейтіндігі белгілі болады. Ал мұндай жайт баланың топтан оқшаулануының бір белгісі болып табылады.



Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай 6-7 жас аралығындағы балалар бір-біріне деген ілтипаты мен сезімінің қарым-қатынасын «Екі үй» әдістемесі арқылы да анықтауға болады. Бұл материалды да біз өз зерттеулерімізде қолдандық.

Стимулды материал: Ақ қағаз бетіне стандартқа сәйкес кішірек екі үй салынған. Біреуі сәл үлкендеу – қызыл түсті, ал екіншісі – қара түсті. Ереже бойынша бұл сурет алдын-ала дайындалмайды, баланың алдында қызыл және қара түсті қаламмен салынады.

Нұсқау: «Мына үйлерге қарашы. Ойша елестет, мына қызыл үй саған тиесілі. Сен бұл үйге кімді шақырғың келсе, бәрін шақыруыңа болады. Ойланшы, сен өзіңнің сыныбыңдағы қай баланы өзіңмен бірге қызыл үйге шақырып, ал қай баланы қара үйге кіргізгің келеді».

Суретті сала отырып балаға қызыл үйде әр түрлі ойыншықтар, тәтті тағамдар бар, ал қара үйде ештеңе жоқ деп әңгімелейді. Нұсқаудан кейін бала қанша баланы қызыл үйге кіргізгенін, қаншасын қара үйге кіргізгісі келетінінің санын жазып отыру қажет. Әңгіменің соңында балаға: «Екі үйдегі адамдардың кейбіреуінің орнын ауыстырғың келе ме? Болмаса ешкімді ұмытпадың ба?» – деген сұрақтар қойылады.

Нәтижені талдау: Бұл тесте алынған қорытынды былай: Баланың ішкі сезімі мен ілтипаты өзінің құрбы-құрдастарын қызыл және қара үйге орналастыруында. Достарының көпшілігін қара үйге кіргізіп, өзі жалғыз немесе айналасына үлкендерді жинаған балаға ерекше зейін аудару қажет. Әдетте, мұндай балалар көпшілікке араласпайтын, өте тұйық немесе айналасындағылармен дұрыс қатынас орната алмайтын қиын бала.

Олай болса, бұл тест тапсырмасы да баланың топтағы құрбыларымен қарым-қатынасы арқылы оқшауланатын баланы аңғаруға болады.

Осы «Екі үй» тестін 6-7 жас аралығындағы балалардың отбасы мүшелерімен өзара қарым-қатынасын анықтауға да болады, бірақ бұл жағдайда сәл басқаша.

Стимулды материал: Бұл жағдайда үйдің суретін баланың көз алдында емес, алдын ала дайындау қажет. Стандартты ақ қағаздың жоғары жағында көп қабатты стандартты үй-жай қарындашпен салынған. Төменде екі үй орналастырылады. Біреуі үлкендеу, әдемі қызыл түсті гүлдермен безендірілсе де болады, ал қасындағы – азырақ әсемделінген жай қарындашпен салынған, көлемі кішірек.

Нұсқау: «Жоғарыдағы үйді көрсетіп, бұл үй сенің қазіргі тұратын үйің. Ал енді, төмендегі үйлерге қара, қандай әдемі үй, ойша бұл үйді саған сыйлады делік, бұл сенің үйің. Үйде ойыншықтар, тәтті тағамдар өте көп, сондықтан үй кең емес. Ал жанында тағы да бір үй бар, оның бөлмелері бос, кең. Қызыл үйге сыймаған қонақтарды осы үйге кіргізуге болады. Өзіңнің отбасы мүшелерінің қайсысын өзіңмен бірге орналастырғың келеді, ал қайсысын жанындағы үйге орналастырғанды қалайсың?».

Тесттің жүргізілуі: Бала туысқандарын екі үйге бөліп болғаннан кейін ғана, төмендегі екі үй жайында әңгімелесуге болады. Егер сіз бала біреуді ұмытып кеткенін байқасаңыз, онда – «Сен ешкімді ұмытпадың ба?» – деп сұрасаңыз болады. Бірақ баланы барлығын түгел айт деп күштеп мәжбүр етуге болмайды. Егер біреуді ұмытып немесе айтқысы келмесе, ал осы тестке қажетті ақпарат төмендегі екі үй жайындағы әңгіме үстінде балаға үйге «әдемі», «нашар» – деген сөздермен мінездеме беруге болмайды. Сондай-ақ төмендегі екінші үйді – қара, кішкентай, нашар деп хабарлау тесттің жауабын өзгертеді, дұрыстығын төмендетеді, себебі ата-анасының біреуін «нашар, қара үйге» орналастыру баланың психологиясына ауыр тиеді. Сондықтан да осы жағдайға көбірек көңіл бөлу қажет.

Нәтижені талдау: Қорытындының дұрыс шығуы, баланың өзімен бірге тұратын отбасы мүшелерін жылдам іріктеп атап беруінде. Баланың шапшаң (тез) жауап бергені нормаға сай. Баланың ойланып, асықпай жауап беруі – бұл отбасы мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасында эмоционалды салқындықты, кейде үйдегі әлдебіреуіне деген қорқынышты байқатады. Бала отбасы мүшелерін рет-ретімен атауында, біреуін жеке ұмыт қалдыруы – сол кісімен бірқалыпты емес қарым-қатынаста екенін байқатады. Сұраққа дұрыс ақпарат – баланың кімді қайсы үйге орналастыруында. Мұнда да жауапты баланың жылдам немесе ойланып жауап беруінде. Бала жауап берерден бұрын неғұрлым көп ойланса, соғұрлым жауабы сенімді айқын болады. Егер бала өзімен бірге (қызыл үйге) отбасы мүшелерінің

барлығын алып, көрші үйді қойма немесе т.с.с. нәрселерге қолдануға қалдырса – онда бұл нормаға сай.

Егер, бала үйге өзімен бірге көп мөлшерде құрбы-құрдастарын, үй жануарларын немесе бөлек тұратын (мысалы: ата, әже, нағашысы т.б.) туысқандарын алса – онда отбасы мүшелерінің арасындағы қарым-қатынастың бұзылуын, эмоционалды салқындықты, балаға деген жылулықтың, түсініктің жоқтығын байқатады. Мұндай жағдай сәтті, тұрмысы жақсы отбасында да кездесуі мүмкін, бала күтімі жақсы, тамағы тоқ, баламен бірге әрдайым шұғылданады, бірақ баланың толыққанды дамуына қажетті жылулық жетіспейді. Баланы тек бір нәрсеге емес (мысалы: жақсы тәртібіне немесе бестік бағасына т.б.), оның жаратылысы қандай болса, отбасында сол күйінде сүйікті етіп қабылдамайды. Егер көрші үйге (қара үй) отбасы мүшелерінің біреуін кіргізетін болса, баланың сол адаммен кері қарым-қатынасын білдіреді. Сол кісінің алдында қандай да бір қорқынышты, оның ашуынан, мүмкін сол кісіге деген ренішінен болуы мүмкін.

Бір тесттің жауабы бойынша баланың ішкі дүниесі немесе баланың топтан оқшауланғанын бірден айтып қорытынды шығаруға болмайды. Бірнеше тесттердің қорытындысының өзара үйлесуі (мысалы: «Екі үй» және «Маска», «Социометрия») ғана бізге дұрыс жауапты көрсете алады.

Мектептегі оқу пәндерге деген жоғары қызығушылық баланың ұстазына деген қарым-қатынасына байланысты. Бұл педагогтың оқушысының өз пәніне деген қызығушылығын қолдау іскерлігімен және оның зейінсіз немесе алаңғасар болуын дер кезінде байқауымен тығыз байланысты. Көптеген балалар сабақта зейіндерін дұрыс шоғырландыра алмайды. Егер мұғалім қаталдау болса, мұндай балалардың есте сақтау қабілеті жоқ болып көрінуі де мүмкін. Егер осындай балалар мектепте үлгермей бағалары төмен болса, онда оны сол үшін сынаудың немесе сөгудің мәні жоқ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тоқсанбаева Н.Қ. Қарым-қатынас бірлескен іс-әрекетті жүйелендіру факторы ретінде. Диссертация бойынша психология ғылымдарының докторы. Қазақстан Республикасы. – Алматы, 2009.
2. Бодалев Л.Л. Личность и общение. – М., Педагогика, 1983.
3. Власов Л.В., Сементовская В.К. Деловое общение. – Лениздат, 1980.
4. Гуткина Н.И. Психологические проблемы общения учителя с подростками. Вопросы психологии, 1984, №2.
5. Добрович А. Воспитателю о психологии и психогигиене общения. – М., Педагогика, 1987.
6. Егидес А.П. Психологическая коррекция конфликтного общения. Психологический журнал, 1984. т.5, №5.

РЕЗЮМЕ

Д.Е. Абдраманова, старший преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ПРИЧИНЫ ИЗОЛЯЦИИ ДЕТЕЙ ОТ КОЛЛЕКТИВА

В статье рассматривается выявление причин изолирования детей от коллектива. Даны с также в статье даны советы, психологические службы и эффективные методы для эффективных работ с детьми.

Ключевые слова: изоляция, связь, конфликт, недоверие, теория мотивации.

SUMMARY

*D.E. Abdramanova, senior lecturer
(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

DETERMINE THE CAUSES OF EXCLUSION OF CHILDREN FROM THE COMMUNITY

The article deals with the identification of the causes of isolation of children from the group. Dana also to give advice in the article, psychological services and effective ways to work effectively with children.

Keywords: insulation, communications, conflict, mistrust, theory of motivation.

ӘОЖ 37.09

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

*И.А. Абеуова, п.ғ.к., доцент,
Г.Б.Тоқтағұлова, аға оқытушы
(Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада мектепке дейінгі балаларды әлеуметтік-педагогикалық қолдау мәселелері және мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасы мен балабақша, мектептің арасындағы әрекеттестік үйлесімділігі, сонымен бірге мамандардың (педагогтың, психологтың) қызметінің ерекшеліктері қарастырылған.

Түйін сөздер: мектеп, әлеуметтік педагогика, бала, ата-ана.

Мектепке дейінгі жастағы бала тәрбие мен қоғамның, ортаның ықпалын қабылдағыш, тез әсерленгіш, ми қатпарлары шартты байланыстардың шапшаң құрылуына қабілетті болады да, бұл шартты байланыстар тұрақты келеді, орталық жүйке жүйелері икемділігімен ерекшеленеді. Осы кезеңде қабылдағаны баланың бүкіл өміріне, сана-сезіміне, мінез-құлқына ерекше әсер етеді. Ол өмірден алғашқы тәжірибелер жинақтайды, сана-сезімі, адамдармен қарым-қатынасы қалыптасады. Адамдардың тіршілігі, айнала, табиғат туралы алғашқы түсініктер дамиды.

Баланың өмірі ортаның күрделі ұйымдастырылған, әртүрлі формасы мен бағыттары бойынша ағыммен өтеді. Табиғатынан бұл орта әлеуметтік, өйткені ол баланың құрбыларымен, әр жастағы балалармен, педагогтармен, ата-аналармен, өзге ересектермен әртүрлі қарым-қатынас жүйесін ұсынады.

Педагогикалық жағынан дұрыс ұйымдастырылған кез келген іс-әрекет баланың ақыл-ойының, нышанының, еркінің, қабілетінің, танымдық күшінің жан-жақты дамуына әсер етеді. Іс-әрекет белгілі бір мақсатқа бағытталады, жоспарланады, нәтижесі алдын ала бағдарланады, материал таңдалады, әдістері мен тәсілдері, жолдары белгіленеді, қорытындысы, нәтижесі бағаланады. Іс-әрекетті ұйымдастыру дәрежесі жоғарылаған сайын бала дамуына тигізетін ықпалы да күшті болады [1].

Кез келген іс-әрекетте баланың оны орындау мотиві үлкен рөл атқарады. Мотив іс-әрекетке деген баланың белгілі бір қатынасынан туады. Баланы іс-әрекетке итермелейтін мотивтер әр қилы: қызығу, жауапкершілік, әлеуметтік т.б. Бала іс-әрекетінде күшті, дұрыс мотивтерді басшылыққа алса, еркі, қайраты, эмоциясы, жеке қасиеттері дамиды.

Мектепке дейінгі жас соңына қарай баланың өзара түсінісуге деген ынтасы, өзін-өзі бағалауда ересектердің пікірімен санаса білуі артады.

Өзін-өзі бағалау негізіне талаптардың деңгейі – баланың пікірі бойынша шамасы келетін жетістіктер деңгейі жинақталады.

Мектепке барған сәтте баланың мотивациялық шеңбері шынайы өзгерістерге ұшырайды, себебі 5-6 жастағы балалардың қылықтары, қоршаған ортаға қарым-қатынасы күннен-күнге айқындала бастайды.

Баланың мектепке даярлығы кезінде танымдық, интеллектуалдық жағы да маңызды. Ол өзіне арнайы шеберлік пен дағдыларын, қажетті сөздік қорды, нақты білім деңгейін қамтиды. Мектепте сәтті оқуы үшін бала бойында ойлау, есте сақтау, шығармашылық қиял қабілеттері дамуы қажет. Осы сатылар ғана әрекеттің жаңа түріне баланың қатысуын қамтамасыз етеді, яғни ойыннан өзгеше, бала бойынан нақты қасиеттерді міндеттейді. Бала оқу тапсырмасын анықтай алуы, оны өз еркімен әрекетінің мақсаты ете білуі қажет. Бұл балаға «оқытудың жоғары деңгейін» қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі жастағы балаларды мектепте оқытуға даярлау жұмысында олардың отбасы мен білім беру мекемелері үйлесімділік табуы үшін әлеуметтік педагог, психологтардың жүйелі қызметі ұсынылуы керек [2]. Әлеуметтік-педагогикалық қолдауды қажет ететін балалар тобына мүгедек-балалар, жетім балалар, ата-анасынан қараусыз қалған балалар, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар, қадағалаусыз қалған балалар және тағы да басқалары жатады.

Әлеуметтік педагог өз жұмысында қандай да бір асырап алу міндеттерді және қамқорлық жасау органдарымен тікелей байланыс жасай отырып шешеді. Әлеуметтік педагог заңға сәйкес баланы тәрбиелеу іс-шараларына қатысады.

Асырап алу және қамқорлық жасау органдарының қызметі кең ауқымды болып келеді. Онда отбасылық кодекс төмендегідей сұрақтарды қарастырады:

- балалар туралы ақпарат алу;
- жасөспірімдердің құқығын қорғау жөнінде олардан өтініш қабылдау;
- балалардың денсаулығына, өміріне қауіп төндіретін басқа адамдардан және ата-анасынан баланы алу;
- отбасындағы тәрбиеде бала құқығын қамтамасыз ету, отбасында баланы тәрбиелеу мәселесімен байланысты талас, дау-жанжалдарды шешуге, баланың атын, фамилиясын өзгертуге қатысу;
- әкесінің өтініші бойынша әке болуға келісім беру;
- жасөспірімнің ата-анасымен байланыс жасауына келісім беру;
- отбасында баланы тәрбиелеу мәселесімен байланысты таластарды шешуде сот ісіне қатысу;
- ата-ана құқығын шектеу немесе айыру туралы хабарлау;
- отбасында баланы тәрбиелеу мәселесімен байланысты іс бойынша сот шешімін орындауға қатысу [3].

Жас ерекшелігінің сатысында баланың әр іс-әрекетінің түрі ғана өзгеріп қоймайды, оның мазмұны да, тәсілі де, сипаты да, мотиві де өзгереді. Мәселе, мектепке дейінгі шақтағы негізгі іс-әрекет – ойын, мектептік шақта – оқу, жасөспірім шақта – өнімді еңбек болып табылады.

Ойын әрекеті – баланың барлық нышандарының дамуына мүмкіндік тудырады. Ойында іс-әрекет әдістерін, жолдарын меңгереді: «емдейді», «оқытады», «үй салады», «атқа мініп шабады» және тағы да басқалары. Ойын әрекеті баланың ерік-қайратын, ақыл-ойын дамытады, шапшаңдыққа, пысықтыққа, ұқыптылыққа жаттықтырады, талдауға, жинақтауға үйретеді.

Іс-әрекет үстінде бала тұтастай дамиды, қоршаған дүниеге, адамдарға қарым-қатынасы қалыптасады. Сонымен, іс-әрекет бала дамуының негізі. Іс-әрекетсіз даму жоқ. Бұл – психология және педагогика ғылымдарындағы ерекше заңдылықтардың бірі.

Балаларды тәрбиелеуде тәрбиенің мақсатын, оқу жоспары мен тәрбие бағдарламасында белгіленген нақты мазмұнды басшылыққа алу керек. Бірақ тәрбиенің табысты болуы балалардың жас ерекшелігін және соған сай даму заңдылықтарын педагогтардың ескеруіне

де байланысты. Балаларды жас ерекшеліктеріне сай тәрбие тармақтары: мектепке дейінгі кезең алдындағы тәрбие, мектепке дейінгі тәрбие және балаларды мектепте тәрбиелеу деп бөлінеді.

Тәрбиеші – оқу-тәрбие мекемелерінде балалармен тәрбие жұмысын жүргізуші. Мектепке дейінгі қоғамдық тәрбие мекемелерінде, балалар үйлерінде тәрбиеші тағайындалады. Тәрбиеші тәрбиеленушілердің күнделікті оқу-тәрбие жұмысын, демалыс уақытын көздеп, тәрбие талабына сай ұйымдастырады. Қай кезеңде болмасын алдыңғы қатарлы ойшыл адамдар педагог-тәрбиеші еңбегін жоғары бағалап оның қоғамдық рөлін құрметті де маңызды деп санаған. Бұл жөнінде К.Д.Ушинский «тәрбиелеу ісінің қазіргі дәрежесіне сай тәрбиеші, өзін адамдардың кемшіліктерімен және надандығымен күресіп жатқан ұлы организмнің пайдалы мүшесімін деп санайды, адамдардың өткендегі тарихындағы асыл мұраларды жаңа ұрпақтарға жеткізушімін, адамдардың игілікті жоғары істерін сақтаушымын, шындық пен жақсылық үшін күресушілердің өсиетін сақтаушы жаңқ ұрпақпын деп есептейді. Ол өзін өткен мен болашақтың арасында тірі, дәнекерлік шындық пен жақсылықтың құдыретті жауынгерімін деп біледі және ол өз ісінің сырт қарағанда қарапайым екендігін, бірақ тарихтың ұлы істерінің бірі екендігін, бұл істен көптеген ұрпақтар нәр алатынын түсінеді», – деп жазған. Ғалымдардың пікірінше, балаларды бала тәрбиесіне бейім адам, төзімділікпен, байыптылықпен жұмыс істей білетін адам тәрбиелеуі керек. «Нағыз тәрбиеші» деп бос уақытын балалармен өткізетін, оларға халық даналығына сай ертегілер айтып, қуыршақ театрын, кеме, ұшақ жасап, сиқыр көрсете алатын, олармен бірге жүріп тас коллекциялар мен гербарийлер жинап, оларға жұлдыздың құрылысын түсіндіріп бере алатын, мылтық атуды, жүзуді үйрете алатын ересектерді айтуға болады. Тәрбиеші жан-жақты жетілген, білімді, бәрі де қолынан келетін өз ісінің шебері болуы керек [4].

Балалар бақшасының тәрбиешісі жас ұрпақты жан-жақты дамытып, тәрбие беру, оны өмірге, еңбекке даярлау, бала тәрбиесі жайында отбасына көмектесу, педагогикалық білімді көпшілік халық арасына насихаттау сияқты әрі жауапты, әрі қадірлі қоғамдық міндеттерді атқарады.

Баланың өсіп-өнуінде ойынның маңызы зор екені белгілі, әсіресе, мектеп жасына дейінгі бала өмірінде ойынның атқаратын қызметі өте айрықша. Қай заманда, қай халықтың өмірінде болсын, мектепке дейінгі жастағы бала мүмкіндігіне, шамасына қарай ойын ойнайды. Осы бір шақты ескергендіктен, мектепке дейінгі шақта ойын баласы деп халық тегін айтпаған. Ойын бала өмірінің қажеттігінен туады, мектепке дейінгі баланың қажетін өтейді. Бала үшін ойын іс-әрекет, қимыл құралы болумен қатар, олардың танымын, түсінігін және білімін жетілдірудің ең негізгі жолы болып табылады. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына игі ықпал тигізетін жетекші, басты құбылыстың бірі болып саналады.

Сонымен, баланың өмірі ортаның күрделі ұйымдастырылған, әртүрлі формасы мен бағыттары бойынша ағыммен өтеді. Табиғатынан бұл орта әлеуметтік, өйткені ол баланың құрбыларымен, әр жастағы балалармен, педагогтармен, ата-аналармен, өзге ересектермен әртүрлі қарым-қатынас жүйесін ұсынады.

Мазмұны бойынша бұл орта эмоционалды, интеллектуалды, эстетикалық, тұрмыстық және т.б. болуы мүмкін. Бала өмірдің барлық жағына қатысты көптеген әртүрлі таңдаулар алдында болады: қалай оқу және ересектермен қандай қарым-қатынас құру, құрдастарымен қалай сөйлесу, қазіргі және өзге талаптарға, ережелерге қалай бағытталу т.б. Көмек берушілер ретінде өздерінің әлеуметтік, кәсіптік немесе жеке айқындамаларымен балаға әртүрлі қолдау бере алатын ересектер болып табылады. Ең алдымен бұлар – педагогтар, ата-аналар және психологтар.

Сонымен, қорыта келе мектепке дейінгі жаста балаларға педагогикалық, әлеуметтік қолдау көрсету мәселесі өте өзекті мәселелердің бірі екені көрінеді. Себебі, бала осы жаста ерекше қолдауды қажет етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Меңжанова Ә., Исмағұлова Г., Дайрабаев Е.. «Мектепке дейінгі педагогика».
2. Абеуова И.А. Білім беру саласындағы психологиялық қызмет: әдіснама, технология, практика: Монография/ – Алматы: Эверо, 2011. – 452 бет Экземпляры: всего:16 - ЧЗ№3(2), ЧЗ№6(2), №6(12)
3. Овчарова Р.В. Справочная книга социального педагога М.: Сфера, 2001, – С. 259-265.
4. Казакова Е.И., Тряпицына А.П. Сәттілік басқышындағы диалог (Жаңа ғасыр табалдырығындағы мектеп) – Санкт – Петербург – ХХІ ғасыр, ЖАҚ «Пресс - Атгаше» бірлестігімен, 1997.

РЕЗЮМЕ

*И.А. Абеуова, к.п.н., доцент, Г.Б. Токтагулова, старший преподаватель
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

СОЦИАЛЬНАЯ И ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПОДДЕРЖКА ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

В статье рассматриваются проблемы социально-педагогической поддержки детей дошкольного возраста, гармонизация взаимодействий семьи, детского сада, школы, а также особенности работы специалистов (педагогов, психологов).

Ключевые слова: школа, социальный педагог, дети, родители.

SUMMARY

*I.A. Abeuova, cand.ped.sci., associate professor, G.B.Toktagulova, senior lecturer
(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

SOCIAL AND EDUCATIONAL SUPPORT FOR CHILDREN PRESCHOOL AGE

The article deals with the problems of social and educational support for children of preschool age, harmonization interaction family, kindergarten, school, and particularly working professionals (teachers, psychologists).

Keywords: school, social worker, children, parents.

ӘОЖ 371:376

ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ БАЛАЛАРДЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ АСПЕКТІЛЕРІ

*М.Т. Абишева, аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада девиантты мінез-құлықты балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің аспектілері, ерекшеліктері жан-жақты талданады. Девиантты мінез-құлық категориясына жататын оқушылармен жұмыс істеудің тиімді формалары, сонымен қатар, бұл әдіс-тәсілдерді одан әрі жандандыру, психикалық дамуын жетілдіру, әлеуметтік-педагогикалық көмек беру, қиын оқушылардың тәртіп бұзушылығын болдырмау және оның алдын алу шараларын ұйымдастыру және жетілдіру мәселелері қарастырылады.

Түйін сөздер: девиантты мінез-құлықты балалар, қауіпке бейім топтағы балалар, қиын балалар, әлеуметтік-педагогикалық ауытқушылығы бар балалар.

Қоғамда ауқымды орын алып отырған өзекті мәселенің бірі – қиын девиантты мінез-құлықты балаларды рухани құндылықтарға адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі болып табылады. Қазіргі кезеңде, яғни ХХІ ғасырдың басында адамның қоршаған ортамен байланысы өзгеріске түсіп, күрделі үрдіске айналууда. Оның себептері, бүкіл дүниежүзілік мәдениеттің ғаламдануы мен кірігуінен және рухани дағдарыстың кең етек алып дамуынан екендігі байқалады.

Сондықтан да қазіргі білім және тәрбие беру жүйесінде жеке тұлғаны рухани-адамгершілік тұрғысынан қалыптастыру негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Бұл міндеттің нәтижелі жүзеге асуының бір жолы мектептегі девиантты мінез-құлықты балалар, қиын балалар деп аталатын оқушылармен жұмыс істеудің тиімді формаларын, әдіс-тәсілдерін одан әрі жандандыру, психикалық дамуын жетілдіру, әлеуметтік-педагогикалық көмек беру, оқушылардың тәртіп бұзушылығын болдырмау және оның алдын алу шараларын ұйымдастыру және жетілдіру болып саналады.

Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» заңнамалық құжатында барлық балалардың теңдігі, олардың тегіне, нәсіліне және қай ұлтқа жататындығына, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, тіліне, біліміне, дінге көзқарасына, тұрғылықты жеріне, денсаулық жағдайына, балаға және ата-анасына немесе басқа заңды өкілдеріне қатысты өзге де мән-жайларға қарамастан, барлық бала тең құқыққа ие екендігі ерекше аталып көрсетілген [1,12б]. Нарықтық қатынас кезінде адамзатқа ортақ құндылықтар мен тәрбие теорияларына, инновациялық педагогикалық тәжірибелерге сүйеніп, еліміздің ұлттық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін ескере отырып, «қауіпке бейім» топтағы қиын оқушыларды қоғам алдындағы өзінің дербестігі мен жауапкершілігін сезінетін, ұлттық сана-сезімі оянған, биік парасатты, ар-ожданы мол азамат етіп тәрбиелеу қазіргі кезеңде өмір талабы болып саналады.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «қауіпке бейім топтағы» балаларға әртүрлі синонимдік анықтамалар берілген: «қиын өмір ситуациясындағы балалар», «ерекше қиын өмір жағдайындағы балалар», «ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар», «қоғамдық тәрбиені қажет ететін балалар», «мемлекеттің көмегін қажет ететін балалар» [2, 26 б.] және т.б. «Қиын өмір ситуациясындағы балалар» анықтамасын дифференциялауда мынандай өлшемді (критерийді) көрсетеді: «ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар»; «мүгедек балалар»; «психикалық және дене кемістігі бар балалар»; «ұлтаралық және қарулы қақтығыстардың, шиеленістердің құрбандығына немесе виктимизация (лат. «victima-құрбандық») процесіне ұшыраған балалар», стихиялы апатқа, экологиялық және техногендік катастрофаға ұшыраған балалар; экстремальді жағдайға тап болған балалар; арнайы оқу-тәрбие мекемесінде еркінен айырылып жазасын өтеп жатқан балалар; отбасында тұратын балалар; мінез-құлқында ауытқушылығы бар балалар; яғни әртүрлі жағдайлардың нәтижесінде өмірлік іс-әрекетті объективті түрде өзгеріске ұшыраған, өзгерген және бұл жағдайдан өз бетінше немесе отбасының көмегімен шыға алмайтын балалар деп анықтама берілген [3, 47 б.].

Осы категориядағы оқушыларға адамгершілік тәрбие беруде ғасырлар бойы жинақталып, бүгінгі күнге жеткен халқымыздың бала тәрбиелеудегі инновациялық тәжірибесі, яғни этнопедагогикалық құндылықтар арқылы тәрбиелеу ерекше рөл атқарады. Бұл құндылықтар арқылы «қауіпке бейім» топтағы қиын оқушылардың бойында халқымыздың қастерлеп келген ар-намыс, ождан, имандылық, инабаттылық, мейірімділік, кішіпейілділік, атамекеніне, еліне деген сүйіспеншілік, ізгіліктілік сияқты асыл қасиеттерді тәрбиелеу қажеттілігі зерттеу тақырыбының көкейкестілігін анықтайды.

Қиын оқушылар мәселесі де педагогикалық проблема ретінде Г.А.Уманов, Ә.Ж.Жұмабаев, В.В.Трифонов, Л.К.Керімов, Ж.Ж.Ысқақов, К.Бегалиев [4] және т.б. ғалымдардың еңбектерінің негізі бола отырып, әртүрлі аспектіде зерттелді:

- қиын оқушылардың пайда болу себептері, оларға тән ерекшеліктер;

- қиын оқушылармен жұмыс жүргізу жүйесі;
- болашақ мұғалімдерді қиын оқушылармен жұмыс жүргізуге даярлау;
- қиын оқушыларды қайта тәрбиелеу;
- дене тәрбиесі және спорт арқылы қиын оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің педагогикалық шарттары;
- «қауіпке бейім» топтағы қиын оқушылардың өзіндік ерекшеліктері және т.б.

Дегенмен, жоғарыда айтылған еңбектерді теориялық тұрғыдан талдау зерттеліп отырған проблеманың ғылыми-теориялық тұрғыда әлі де болса зерттеуді қажет етеді. Зерттеу нысаны: девиантты мінез-құлықты оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің әлеуметтік-педагогикалық үдерісі. Зерттеу мақсаты: девиантты мінез-құлықты оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің әлеуметтік-педагогикалық ерекшеліктерін айқындау. Міндеттері:

- қауіпке бейім топтағы балалар мәселесіне байланысты «қауіпке бейім» топтағы бала, «қиын»бала ұғымдарының мәнін ашу;
- девиантты мінез-құлықты балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің жолдарын айқындау;
- девиантты мінез-құлықты балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің тиімді жолдарын белгілеу және тәжірибеде тексеру.

Девиантты мінез-құлықты балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің деңгейін анықтау үшін Алматы қаласы №136 жалпы білім беретін орта мектептің оқушыларымен эксперимент жүргізілді. Эксперимент нәтижесінде мына деңгейлер анықталды:

Төменгі деңгей – адамгершілік және жағымсыз қасиеттер туралы білім сапасы төмен, үстірт, қазақ халқының ауызекі шығармашылығын атай алмайды, рухани адамгершілік көзі – этнопедагогикалық құндылықтардың мәнін түсінбейді, ұлттық намыс, ар-ұят, абырой-ождан туралы түсінігі шамалы, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінбейді, мораль нормаларын және адамгершілік талаптарды толық білмейді, адамгершілік мәдениеттің мәнін саналы түсінбейді, қазақ халқының әдептілік ережелерін толық білмейді, өзінің адамгершілік сапаларын ересектердің берген бағасы арқылы жетік бағалай алмайды, өзінің іс-әрекеттерін бағалауы төмен, рефлексиялық сана негіздері толық қалыптаспаған, өзінің мінез-құлқын толық басқара алмайды, еліне, халқына, оның мәдениетіне, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне сүйіспеншілік сезімі толық байқалмайды, адамдармен ізгілікті қатынас жасау дағдыларын меңгермеген, оқу және оқудан тыс уақытта саналы тәртіп пен жауапкершілік танытпайды, адамдармен қарым-қатынасында адамгершілік мәдениеті төмен.

Орта деңгей – адамгершілік қасиет-сапалар, қазақ халқының ауызекі шығармашылығы туралы алғашқы білімі болғанымен, ол бір жүйеге келмеген және берік тұрақты емес, рухани адамгершілік көзі ретінде этнопедагогикалық құндылықтардың мәнін шамалы түсінеді, ұлттық намыс, ар-ұят, абырой-ождан туралы түсінігі бар, қоғам алдындағы жауапкершілігін сезеді, мораль нормаларын және адамгершілік талаптарды біледі, адамгершілік мәдениеттің мәнін түсінеді, қазақ халқының әдептілік ережелерін біледі, өзінің адамгершілік сапаларын ересектердің берген бағасы арқылы жетік бағалай алады, өзінің іс-әрекеттерін бағалай алады, рефлексиялық сана негіздері қалыптасқан, өзінің мінез-құлқын басқара алады, еліне, халқына, оның мәдениетіне, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне сүйіспеншілік сезімі бар, адамдармен ізгілікті қатынас жасауға тырысады, оқу және оқудан тыс уақытта тәртіпті, бірақ толық жауапкершілік танытпайды, адамдармен қарым-қатынасында адамгершілік мәдениеті орташа.


Жоғарғы деңгей – ғылыми білімнің біршама барлығымен сипатталады, адамгершілік қасиет сапалар, қазақ халқының ауызекі шығармашылығы, еліне, Отанына, табиғатқа, халқына сүйіспеншілік, елжандылық, ұлттық намыс, абырой-ождан, мейірімділік, адал болушылық туралы ұғымдарды толық түсінеді, қоғам алдындағы жауапкершілігін толығымен сезеді, мораль нормаларын және адамгершілік талаптарды біледі, адамгершілік мәдениеттің мәнін саналы түрде түсінеді, қазақ халқының әдептілік ережелерін біледі, өзінің адамгершілік сапаларын ересектердің берген бағасы арқылы бағалай алады, ерік-күш арқылы

өзіне, өзінің мүмкіндіктеріне қарай мінез-құлқын басқара алады, рефлексиялық санасы қалыптасқан, Отанына, халқына, оның мәдениетіне, әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне сүйіспеншілік сезімі жоғары, адамдармен ізгілікті қатынас жасай алады, оқу және оқудан тыс уақытта саналы тәртіп пен жауапкершілік танытады, адамдармен қарым-қатынас жасау барысында адамгершілік мәдениеттің жеткілікті, жоғары деңгейін көрсете алады. Қарастырылып отырған қиын оқушылардың адамгершілік тәрбиелілігінің бұл компоненттері бір-бірімен тығыз байланысты және аталған тұлға қасиетінің күрделі деңгейлік құрылымын құрайды.

I кезең



II кезең



III кезең



Сурет 1 – Девиантты мінез-құлықты балаларды адамгершілік тәрбие беру бойынша жүргізілген қалыптастыру экспериментінің кезеңдері

1-ші кезеңде девиантты мінез-құлықты балалармен ұйымдастырылатын тәрбиелік іс-жоспары жасалып, сынақтан өткізілді.

Қиын оқушыларға этнопедагогика құндылықтары арқылы адамгершілікке тәрбие беруде аталған жоспардың жетекші орынға ие болатынын ескере отырып, біз қиын оқушылармен жұмыс істеуде онда көрсетілген іс-шаралардың толығымен іске асырылуын қамтамасыз еттік. Бірінші кезеңде оқушылардың адамгершілік білімдерін қалыптастыруға байланысты жұмыстар жүргізілді.

Осыдан кейін балалардың адамгершілік тәрбиелілік деңгейін анықтау мақсатында арнайы әдістемелерді қолдану арқылы бақылау қиықтары алынды.

Бақылау қиықтарының нәтижелері оқушыларда адамгершілік сапалардың қалыптасу деңгейіндегі өзгерістерді аңғартты. Дегенмен, оқушылардың адамгершілік білімдерінің жеткіліксіздігі байқалады.

Қалыптастыру экспериментінің 2-ші кезеңінің соңында жүргізілген жұмыс сапасын айқындау мақсатында, әсіресе аталған адамгершілік тәрбие беру сапасына нәтижелі ықпал ететіндігін байқауда ата-аналар арасында алдын ала даярланған сұрақтар бойынша сауалнама мен оқушыларға бақылау қиықтары жүргізіліп, олардың нәтижелері зерттеудің тиімділігін дәлелдеді. Дегенмен, қиын оқушылардың алған адамгершілік білімдерін күнделікті мінез-құлық іс-әрекеттерінде пайдалану, өзіне-өзі баға беру білігі мен дағдысын қалыптастыру мақсатымен 3-ші кезеңінде адамгершілік мінез-құлыққа *дағдыландыру* іске асырылды.

Қалыптастыру экспериментінің 3-ші кезеңінің соңында оқушылардың адамгершілік тәрбиелілік қалыптастыру мақсатымен іс-шаралар ұйымдастырылды, яғни оқушының оқу іс-әрекетінде, оқудан тыс уақытта және айналадағы адамдармен қарым-қатынасында адамгершілік мінез-құлық көрсетуге *іскерлік ойындар* арқылы үйрету жүзеге асырылды. Көрсетілген мәліметтер біз ұсынған қиын оқушыларды этнопедагогика құндылықтары бойынша адамгершілікке тәрбиелеу жүйесінің тиімділігін дәлелдейді. Егер когнитивті компонент бойынша жеткілікті деңгей көрсеткен оқушылар эксперимент тобы 51,8%-ға, бақылау тобы 15,5%-ға артты, орта деңгей эксперимент тобы 9%-ға, бақылау тобы 3,9%-ға кеміді, ал төмен деңгей эксперимент тобы 35,7%-ға, бақылау тобы 13,1%-ға кеміді; бағалау компоненті бойынша жеткілікті деңгей көрсеткен оқушылар эксперимент тобы 33,9%-ға, бақылау тобы 17,3%-ға артты, орта деңгей эксперимент тобы 3,6%-ға артты, бақылау тобы 3,9%-ға кеміді, ал төмен деңгей эксперимент тобы 37,5%-ға, бақылау тобы 11,6%-ға кеміді; мінез-құлықтық компонент бойынша жеткілікті деңгей көрсеткен оқушылар эксперимент тобы 57,1%-ға, бақылау тобы 5,8%-ға артты, орта деңгей эксперимент тобы 3,6%-ға кеміді, бақылау тобы 28,8%-ға артты, ал төмен деңгей эксперимент тобы 53,5%-ға, бақылау тобы 34,6%-ға кеміді; яғни бақылау тобында айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

Тұжырым. Сонымен зерттеу барысында қол жеткен нәтижелер мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Жасөспірімдердің шылым шегуіне, ішімдікке ұрынуына, нашақорлықпен, жезөкшелікпен айналысуына, қылмыстық істер жасауына тосқауыл қою үшін бастауыш сыныптан бастап қиын оқушылар категориясына жататын оқушылардың адамгершілік тәрбиесін қолға алу, оның теориялық негіздерін айқындау және іс-тәжірибеде іске асырылуын қамтамасыз ету әлеуметтік педагогика ғылымының көкейкесті мәселесі болып табылады.

2. Девиантты мінез-құлықты оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу мәселесінде айқындалған негізгі бағдар тәрбиеге ізгілендіру тұрғысынан мән беру, соның аясында тұлғалық-аксиологиялық қатынасты жүзеге асыру болды.

Қорытындылар негізінде мынадай ұсыныстар айтуға болады:

- этнопедагогика құндылықтары қиын оқушылардың адамгершілік тәрбиесінде мұғалімнің табысты іс-әрекетін қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды;

- этнопедагогикалық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтардың үйлесімді байланысын қамтамасыз ете отырып, қиын оқушылардың адамгершілік тәрбиесінде оң нәтижелерге қол жеткізуге болады;

- ұсынылып отырған девиантты мінез-құлықты қиын оқушыларды этнопедагогика құндылықтары арқылы адамгершілікке тәрбиелеу жүйесін оқушыларды қайта тәрбиелеу және өзін-өзі тәрбиелеу үрдісінде пайдалануға болады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының бала құқығы туралы заңы. – Астана, 2002. – Б. 13.
2. Мудрик А.В. Введение в социальную педагогику. – Пенза, 2002. – Б. 45.
3. Әлеуметтік педагогика. Оқулық. Мардахәев Л.В. т.б. – Алматы, 2012. – 167 б.

РЕЗЮМЕ

М.Т. Абишева, ст. преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ ДЕВИАНТНОГО ПОВЕДЕНИЯ

В статье рассматривается проблемы, некоторые аспекты нравственного воспитания детей девиантного поведения.

Ключевые слова: дети девиантного поведения, трудновоспитуемые дети, социально-педагогическое отклонение.

SUMMARY

M.T. Abisheva, senior lecturer

(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)

SOME ASPECTS OF MORAL EDUCATION OF CHILDREN OF DEVIANT BEHAVIOR

The article deals with the problem of moral education of difficult children «at risk».

Keywords: children of deviant behavior, maladjusted children, socio-pedagogical deviation.

ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА – ART AND CULTURE

ӘОЖ 7.03(= 512.122)

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘНДЕРІ МЕН КҮЙЛЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ КОЛОРИТТИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ғ.Т. Акимбаева, аға оқытушы

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік

қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Мақалада қазақтың ұлттық музыкалық ерекшеліктері ән-күй шығармасының өзіндік мелодиялық құрылысында, ырғағында, интонациясы мен формасындағы ұлттық өзгешеліктері мен лирикалық сарыны, әуезділігі, ладтық ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар халықтың жергілікті тұрмысының ерекшеліктерімен анықталатын ән-күйлердің интонациялық, ладтық және колориттік әртүрлілігі ұлттық сипатын бүтіндей терең бейнелейді.

Түйін сөздер: музыка мәдениеті, ән, күй, терме т.б.

Ән-күй өнері қазақ халқының рухани өмірінің ежелден бергі аса маңызды бір саласы болып табылады. Қазақ халқының ғасырлар бойы тарихымен бірге туып, үнемі бірге дамып келеді. Бірнеше ғасырлар бойы қазақ халқының еңбекші бұқаралары идеялық мазмұнында, музыкалық сөздігінде, формаларында, жанрлары мен орындауларында өзінің ұлттық өзгешелік сипаты бар өзіндік байлығы мол музыка мәдениетін құрған.

Қазақтың ұлттық музыкалық ерекшеліктері ән-күй шығармашылығынан айқын көрінеді. Сол ерекшеліктерді алдымен ән жанрының ішінен іздейтін болсақ, әрине ән тарихы заманнан бірге жасасып келе жатқан шежіресі және бүгінгі күннің белсенді жаршысы бола тұра, әрі сол халықтың нақтылы тарихи кезеңдегі дүниеге көзқарасы мен өмірлік мүдделерін бейнелейді.

Қазақ халық әнінің мелодиялық құрылысында, ырғағында, интонациясы мен формасында ұлттық ерекше өзгешеліктері бар. Оның терең сезімді, жан жүйенді шымырлататын жайдарлы, әуені терең, кең үнді, лирикалық сарыны қазақ халық әндерінің негізгі ерекшелігі мен өзгешелігі болып есептеледі. Міне, осындай әндерге қазақ халқы өте бай. Қазақ жері қаншалықты кең болса, ән мен күйге соншалықты шалқыған бай, халық әуеншіл, әуесқой. Халық әндері әртүрлі тұрмыс жағдайына байланысты әр аймақта өз елінің көңіл-күйіне қарай әртүрлі характерлі болып туып отырған. Әр облыстың өз әндерін алып талдау жасағанда мелодиялық, интонациялық және ән құрылысының түрлері, ладтық ерекшеліктері типті ырғақтарына дейін бір-бірінен айтарлықтай өзгешеліктері бар. Шырқай салынатын асқақтаған әндер немесе теңіздей толқыған байсалды лирикалық әндерді, формасы жағынан жақсы дамыған, көңілге қонымды мелодияларды Шығыс пен Солтүстік аймақтардан көбірек кездестіреміз.

Жетісу мен Оңтүстік жерлердегі әндер формасы жағынан қысқа, қарапайым, ширақы болып келеді де, мелодиясы көңілді, жарқын болып оралады. Ал Батыс аймақтағы халық әндері құлақтан кіріп бойды алған майда қоңыр лирикалы жұмсақ болып келеді. Оларда әңгіме түрінде баяндаушылық, эпостық ерекшеліктері көп. Бұл елдерде әндер әуенді болып келумен қатар қазақтың речитативті әндерінің формасы терме мен желдірменің әжептәуір дамығандығын байқатады. Халықтың жергілікті тұрмысының ерекшеліктерімен анықталатын бұл әндердің интонациялық, ладтық және колориттік әртүрлілігі ұлттық сипатын бүтіндей терең бейнелейді.

Халық әндерінің өздері негізгі типті екі түрлі болып келеді. Біріншісі, тақпақ речитативті, екіншісі – созылып айтылатын кең үнді мелодиялық, сымбаттылығы жағынан дамыған әуенді әндерді кездестіреміз.

Речитативті стильдің негізгі дамуы эпостық жанрлармен байланысты. Эпостық жырларды жеткізудің мұндай жолдары барлық халықтарда кездесіп отырады. Бірақ әр халықта тілінің және ұлттық музыкалық өнерінің басқа да элементтерінің ерекшеліктеріне қарай өзінше бейнеленіп отырады. Әннің бұл терме-желдірме түрі қоғамдық саяси және тарихи оқиғаларды жеткізу үшін, халық өмірінің тұрмыс жайын бейнелеп көрсету үшін өте қолайлы болады. Терме мен желдірме әдетте, жылдам, жігерлі екпінмен айтылады.

Терме – теріп айту, жию деген сөз. Сондықтан терме әні – бұл поэзиялық ойларды өлеңмен жазылған форма арқылы беруге мүмкіндік беретін музыкалық қысқаша әуез. Мұндай терме, желдірмелер үшін мысалдар көп. Исаның желдірмелері және көптеген халық термелері т.б.

Қазақ халқы лирикалық әндерге орасан бай. Бұл әндерде адамның тұрмыс-салты, әр алуан көңіл-күйі, ой арманы, мұң-зары, ыза-кегі, ел тұрмысы және шырайлы жері мен әлеуметтік көзқарастары толық жырланатын салалар өте көп. Солардың бірі – жоқтау, беташар әндері мен жар-жарлар. Қазақ халқының тұрмыс-салт, әдет-ғұрпын айқындайтын бұл әндердің өзінше ерекше мелодиясы мен ұлттық үні бар музыкалық форма. Халық әндерінің ұлттық ерекшеліктері үшін, сол кездегі музыкалық мәдениеттің бір саласы ретінде және де дер кезіндегі атқарған рөлдері үшін тұрмыс-салт әндерінің де алатын орны бөлек.

Қазақ халқында ұлттық ерекшелігі айқын білініп тұратын, басқа да ұлт әндеріне қарағанда өзгешелігі құрылысы жағынан да, стилі және характері жағынан да бөлекше көрініп тұратын музыканың бір саласы бар, ол әзіл-сықақ, мысқыл сынды және ойнақы күлдіргі әндер. Барлық халықтың музыкалық мәдениетінен де, тарихынан да белгілі «Молдабай», «Ағжан-Ләтипа», «Нақ-нақ» т.б. сияқты өте жеңіл, өткір тілді, әні сөзіне сай тамаша күлдіргі ән онша көп кездесе бермейді, тіпті созылып айтылатын лирикалық ән «Ағаш аяқты» алып қараңыз. Орындаушының түрі бұзылып, жылаған секілді дауыс мәнерімен айтқанда лирикалық жағынан жүрегіңізді ұйытып баурап алады да, характері жағынан шын күлкіңізді келтіреді. Міне, қазақтың ұлттық өзіне тән колориты, әсемдігі, бояуы, мәнері т.б. толық сақталған әндер деп осыны айтады. Халықтың әндері – сарқылмас мұра ғой. Ол әндердің ерекшелігі, еркінділігі, әсемділігі сонша, қандай әнші орындаса да өзінше әдемілікке боялып, поэзиялық мәнін жоймайды. Өйткені, мұндай ерекшеліктер қазақ

халық әндерінің интонациялық байлығына сыйымды да, заңды [1]. Бұл дәлелімізді композитор В.В.Асафьев былай бастайды: «Мен әндердің көпшілігін өте зер салып қарап шықтым. Олардың әуенді мәнділігі, органикалық заңдылық құрылысы, ең ақырғы ырғағының ұштастығы, интонациялық байлығы – осының бәрі фольклор қазынасы болып, зерттеушілердің ұзақ заман сарқылмас қоры болмақ», – дейді Б.Затаевичтің «1000 әндер» жинағын қарап отырып [2].

Қазақтың халық әндерінде кездесетін жоғарыда айтып өткен ерекшеліктердің барлығы да күйлерде толығымен кездеседі. Күй атты музыкалық жанр шығыс елдерінде негізгі ұлттық мелодиялардың бір түрі. Музыка мәдениеті, әсіресе жазба түрі батыс елдерінде ертеректе пайда болып, жақсы дамыған. Сондықтан да музыкалық шығармалардың көптеген түрі пайда болды. Айталық, кішкене концертті номерлерден бастап, сонатино, соната, симфониялық поэма және симфониялар. Бұлар композитордың ойына алған тақырып мазмұны мен сюжетіне құрылған ірілі-уақты шығармалар. Нақты кітап сюжетіне де, поэма уақиғаларына да немесе біреулер берген тақырыпқа арнап та, өзінше мақсат еткен тематикаларға бой ұрып та жаза беретін, текстерге құрылмайтын еркін музыкалық жанрлар. Шығыс елдерінің күйлері де сондай мақсатпен мәтінсіз шығарылатын еркін мелодиялар. Бұлардың қандай тарихи уақиғаға арнап шығарылғанын тек қана характерінен, қандай ладқа құрылғандығынан және мелодия жемісінен түсінуге болады. Көп тыңдап, музыкалық талдау жасау арқылы бірте түсініп ажыратуға болады. Әр елдің күйлері өз халқының тарихымен тығыз байланысып, өз елінің тұрмыс-салты, кәсіпшілігі рухани көңіліне қарап сюжет құрады да, соған лайықты формалары болады және халқының ұлттық музыкалық ерекшеліктерін сақтайды. Көлемі жағынан басқа ұлттардың күйлері қазақ күйлеріне қарағанда недәуір созылықы ұзақ болады. Әсіресе, өзбектің, тәжіктің аспаптық күйлері бір-біріне өте ұқсас, характерлес болып келіп, көлемі мен формасы да бір-біріне тіпті жақын. Әрине, сюжет құрылысы, стилі және композициясында ұлттық ерекшеліктері айқын көрініп-ақ тұрады. Ал қазақ күйлерін алатын болсақ, мелодия құрылысы мен жалпы сарыны, сол елдердің күйлері типтес. Қазақ халқының күйлері – тарихи күйлер. Халық өмірінің сан алуан уақиғаларымен тығыз байланысып, қабысып жатады. Күй өнерінің өзі қазақ халқының қоныстануына, кәсібіне қарай түрі мен фактурасы өзгеше болып келеді. Қазақтың аспаптық музыкасының орталығы Батыс Қазақстан аймағы болып, олардың күйлері күрделі болып келеді. Ол күйлердің көркемдігі мен көрнектілігі және екпіні өте шебер, шапшаң орындауды керек ететін программалы шығармаларға айналып отыр. Шығыс Қазақстан күйлерінің ерекшелігі мол, әсем мелодиясы шалқыма шығармалар екені белгілі.

Күй деген шығарма қазақ халқының ең құнды, ауыстырылмайтын, өз қасиетін жоймайтын абзал музыкасы. Тыңдаушының жанын ұйытып, бойын балқытумен қатар терең ой тудыратын, жүрек пернесін тап басып, ерекше бір жылы сезімге бөлейтін нәзік те нәрлі мелодия [3].

Халық музыкалық шығармашылығының бір бөлігі ретінде күй ұлттық музыкалық мәдениет дамуының негізі болып саналады. Халықтың аспаптық шығармашылығында музыка мәдениетінің өзіне тән белгілері туып, жетіліп отырды. Олар шығармалардың мазмұнында, көркем бейнесінде, музыкалық әсерлілік құралдарында – интонацияда, әуенде, ырғақта, ладтық-гармониялық негіздер мен формаларда көрініс табады. Бұған Құрманғазының «Серпер», «Қайран шешем», «Кісен ашқан», Дәулеткерейдің «Желдірме», «Қоңыр», Сейтектің «Заман», «Айдау», «Еркіндік», Абылдың «Өтті-кетті», «Нарату», Ықыластың «Жарым», «Аққу» күйлерін, сондай-ақ Тәттімбеттің, Қазанғаптың, Байсеркенің, Сармалайдың және т.б. күйлерін жатқызуға болады.

Осы орайда А.Қ.Жұбановтың өсиет еткен мұрасынан қорытындылайтынымыз: «Күй – әуен-сазбен өрілген жыр-шежіре. Күйлердің өмірге жақындығы әлеуметтік мұқтаж-зәруліктен туатындығында және олардың өзгеше тарихи сипатын күйшілердің қозғаған тақырыбы мен қойған аттарынан да аңғаруға болады. Өздерін қоршаған өмірді, табиғат көркін, тұрмыстық мұқтажын, жұмыр басты пендеге тән осалдық пен мықтылықты, қоғамның қияметтей қым-қуыт қайшылық дүрбелеңін, бәрін-бәрін шешен сөйлете отырып,

халық композиторлары өз заманына орай талай-талай образдар жасаған» [4]. Қай заманда да күйші қоғам жыршысы, ондағы бар болмысты күй тілімен насихаттаушы. Уақыт озған сайын тақырыбы, әдіс-амалы дамығанмен тілі, ділі сол қалпында қалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақ өнерінің тарихы» антологиясы. «Қазақ музыка өнері» атты бөлім.
2. Қазақстанның орта ғасырлардағы музыка мәдениеті. II бөлімі. – Алматы, 1975. – Б. 45.
3. Асафьев Б.В. Музыкальная форма как процесс. – Л., 1971. – Б. 84.
4. Сахарбаева К.С. Домбыра өнерінің тәуелсіздік жылдарындағы жалпы сипаттамасы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 437 б.
5. Жұбанов А.Қ. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 1975. – Б. 53.

РЕЗЮМЕ

Акимбаева Г.Т., ст. преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

НАЦИОНАЛЬНЫЕ КОЛОРИТНЫЕ ОСОБЕННОСТИ КАЗАХСКИХ НАРОДНЫХ ПЕСЕН И КЮЙЕВ

В статье рассматриваются особенности национального колорита кюев и песни казахского народа. Народная музыка, как одно из ярких произведений музыкального фольклора входит как основа музыкальной культуры. Правдивость, поэтичность, богатство мелодий, разнообразие ритма, ясность, простота формы, характерные черты народного песенного и инструментального творчества.

Ключевые слова: музыкальная культура, пение, инструментальная музыка, музыкально-поэтическая музыка.

SUMMARY

G.T.Akimbaeva, senior lecturer

(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

NATIONAL COLORFUL FEATURES OF THE KAZAKH FOLK SONGS AND QUY

In the article examined about the feature of national colour of quy and songs of the Kazakh people. Folk music is one of the striking works of folk music as the basis for part of musical culture. Truthfully, the poetry, the richness of tones, a variety of rhythm, clarity, simplicity of form, the characteristics of folk songs and instrumental work.

Key words: music culture, singing, instrumental music, musical and poetic music.

КӨРКЕМ ӨНЕР САЛАСЫНЫҢ ҰЛТ МӘДЕНИЕТІНДЕ АЛАТЫН ОРНЫ

Л.Ә. Аманқұлова, аға оқытушы
А.М. Көпбаев, профессор м.а.
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Қазақстан халқының ұлттық мәдениетінің қалыптасу жолы сараланып, оның әр жылдар аралығындағы кейбір тұстары ашып көрсетіледі. Қиын-қыстау жылдардағы, соның ішінде Ұлы Отан соғысы жылдарындағы қазақ халқының өнер туындылары мен ұлттық мәдениетіміздің даму жолы зерделенген.

Түйін сөздер: өнер, тұлға, драма, мәдениет.

Ұлы Отан соғысы кеңес халқының оның қарулы күшінің қуат шамасын ғана емес, моральдық қайрат жігерінде сынға салған қатал да қатыгез кезең болды. Халықтың моральдық қайрат-жігерінде молайтып, рухын асқақтатуда көркемөнер ерекше орын алды. Соғыстың бірінші күнінен бастап мәдениет пен өнердің алдында барлық күш-жігері іс-тәжірибесін Отан қорғау ісіне жұмылдыру міндеті тұрды.

Өнер, әсіресе әуесқой көркемөнер өте ауыр соғыс жылдарында өзінің өміршеңдігімен, таусылмас қорымен көзге көріне білді. Қазақстанның бүкіл одақ бойынша дәнді дақылмен және мал шаруашылығы базасы болуы көркемөнер қызметін тікелей жұмыс нысандары бойынша талап етті. Көркемөнердің әртүрлі жанрларынан құралған ықшам топ қалаған уақытта, қалыптасқан жағдайға сай келген жерде (госпитальда, соғыс шебінде, дала қосында, шақыру тірегінде, фермада, цехтарда т.б.) өнер көрсетуге бейім болды.

Қазақстан жағдайында көркемөнерпаздардың міндетті қызмет формасына жаралы жауынгерлер үшін дайындаған концерттік бағдарламаларын қосуға болады. Әннің құдыреті оның жан-дүниесін әсерлендіріп, адамды сәулелі өмірге өршелендіретін, тебіреніп, толғандыратын сиқырлы әндер көп болды. Сондықтан да әсем ән, жаралы жауынгерлердің көңіл серігіне айналды. Лирикалық толғаныс пен сезімдерге толы жан сүйсіндірер халық әндерімен кеңес композиторларының әндері жаралыларға шуақ әкеліп, қуанышты сәттер құшағына бөлеп, тән жаралыларының жазылуларына септігін тигізді.

Соғыс жылдарында ерлік пен қайсарлық, махаббат пен үміт, бейбіт еңбек пен тұрмыс тағдыры т.с.с. нәзік те сыршыл, асқақ өлеңдерге жазылған кең дүниені тербететін де, тебіренетін де бүкіл халықтық сүйіспеншілікке бөленген сазды әндер көркемөнерпаздар репертуарының көркемдік құнын жоғарылатып, идеялық ұстанымын бекіте түседі, оның берік қорын қалайды.

Уақыт талабы көркемөнерпаздардың үнемі ізденіс, қауырт қимыл, жауапкершілік пен саналы әрекет үстінде болуын талап еткен. Лирикалық сезімге толы Отан, туған жер, сағыныш туралы, ерлік тақырыбына арналған әндер, күйлер, көркем сөздер, концерттердің тақырыптарының аясын кеңейтіп, көркемдік ажарын аша түскен.

Соғыс жағдайы көркемөнер жанрына да өзгеріс енгізді. Хор оркестрлары, әдеби музыкалы монтаждардың орнына жеке қос дауыста орындаушылар, камералы музыкалы топтар, үгіт бригадалары кеңінен орын алды. Драма үйірмелері кейіпкерлер саны үш-төрттен аспайтын бір актілі пьесалар қоятын болған. Мысалы «Найзағай», «Ант», «Дабыл» қойылымдары колхоз, совхоз драма үйірмелерінен берік орын алды. Өйткені олар қызыл әскерлер мен партизандардың ерлігін шынайылық тұрғыдан көрсеткен туындылар болған. Кейбір драма үйірмелері К.Симоновтың «Орыс адамдары», С.Мұқановтың «Жеңіс әні», М.Әуезов пен Ө.Әбішевтің «Намыс гвардиясы» сияқты шығармаларын да сахналаған.

«Барлығы – жеңіс үшін, барлығы – майдан үшін» деп басталған бүкіл халықтық патриоттық қозғалысқа Қазақстан көркемөнерпаздары да лайықты өз үлестерін қосты. Көркемөнерпаздар әртүрлі ақылы концерттік бағдарламаларда түскен қаржыдан қорғаныс

қорына, майдандағы жауынгерлердің ауыр жағдайда қалған отбасыларына, балаларына, көмек қорына аударып отырды. Мысалы, «Қарағанды көмір» тресінің өнерпаздары соғыстың алғашқы айларында тоғыз концерт ұйымдастырып, одан түскен қаражатты қорғаныс қорына аударып отырды.

Патриоттық қозғалыстарға бұқаралық-үгіт бригадалары жұмысына қазақ халқының белгілі ақын-өнерпаздары да аянбай еңбек етті. Әйгілі күш атасы Қажымұқан Мұңайтпасов жасының егде тартқанына қарамастан көркемдік үгіт бригадасының жетекшісі ретінде ел аралап өнер көрсетеді. Содан түскен қаражатқа ұшақ құрастырып, майданға жібереді. Қажымұқан ұшағы атанған ұшақпен қазақ ұшқышы Қожай Шалабаев бір жүз жиырма рет әуе шабуылына қатысып, Берлинге дейін жетіп, елге аман-сау оралады. Халық ақыны Нұрпейіс Байғанин өз өнерімен бір айда елу бас ірі мал, он екі мың сом ақша, бір мың астық, бір жүз елу жылы киім жинап қорғаныс қорына аударады.

Еңбекшілердің демалыс уақытында да тамаша ән сазы мен көңілге серік болған бүкіл республика жұртшылығына белгілі ақын, жезтаңдай әнші, сазгер Нартай Бекежанов бастаған көркемөнерпаздар бригадасының аты тек сыр өңіріне ғана емес республикаға танымал болды. Ән, терме, толғау, жыр орындау өнерінің асқақ шебері Нартай Бекежанов әншілік сазгерлік өнерге мүлде ұқсамайтын жыр орындаудың жаңа бір мектебін қалыптастырушы дара тұлға бола білді. Нартай мен оның шәкірттері, әріптес өнерпаздары орындайтын Нартай әндері ішкі иірім-қайырымы, ырғағы мен екпіні, бет алысы, шарықтауы, тұйықталуы қасиетімен тыңдаушыларын ерекше сезімге, көңіл-күйге бөлейтін болған.

Тыл еңбеккерлеріне көркемдік мәдени қызмет көрсетуде Орынбай Тайманов (Шымкент облысы), Шашубай Қошқарбаев (Балқаш), Әбдіғали Сариев, Қуат Терібаев (Алматы облысы), Кенен Әзірбаев (Жамбыл облысы), Доскей Әлімбаев (Ақмола облысы) т.б. өнер тарландары белсене араласып атсалысты.

Кеңес кезінде халықты жеңіс жолына жұмылдыру ісінде басты құрал болып танылған көркемөнер ісінің бір сәтке де тоқтап қалмауы, оның жанданып, көркемдік-идеялық құны мен мазмұнын байыта түсу мәселелері үкіметтің назарынан тыс қалмаған. Көркемөнерлік өмірдің барлық тұсына тигізер эмоционалды әсері мен маңызының күштілігі сонша, қоршаудағы Ленинград қаласында да көркемөнерпаздар үйірмелері өз жұмысын жалғастырып, 1943 жылы қалалық, аудандық байқаулар өткізді.

Қиын-қыстау жағдайға қарамастан көркемөнер үйірмелерінің концерттік қойылымының үгіттік-көркемдік бригадалар мен жылжымалы театрлар қойылымдарының сан жағынан өсуіне, ал мұның өзі үйірмелердің көбеюіне объективті жағдай туғызды. Екінші жағынан, көркемөнердің жұмысына Қазақстан жеріне жиырма үш театр мен өнер мекемелері қызметкерлерінің тәжірибелік көмегі де орасан зор болды. Нәтижесінде 1942 жылдың қаңтар айында республика бойынша екі мың көркемөнер үйірмесі болған болса, 1943 жылы төрт мың, 1945 жылы тоғыз мыңға жетті.

Соғыстың екі жарым жылында госпиталь, шақыру тілектері, тыл әскерлері алдында Қазақстандық өнерпаздар жиырма мыңнан астам концерттер, спектакльдік қойылымдар көрсетті.

Соғыс талабына сай көркемдік қызмет, соғыстың алғашқы күндерінен-ақ жүзеге асырылып, өз жалғасын табуда аянбай еңбек етті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Омаров Е.О. Көркемөнерпаздардың шығармашылық тарихы. – Алматы, 1994. – 108 б.
2. Сапарова Ю.А. Қазақстандағы көркемөнер шығармашылығын қалыптастыру негіздері. – Астана, 2006. – Б.64.
3. Камалова Н.К. Клуб бірлестіктері. – Алматы, 1993. – Б. 19.
4. Сапарова Ю.А. Становление и развитие художественной самодеятельности в Казахстане. III Учебно-методическое пособие. – А., 1994. – 116 с.

РЕЗЮМЕ

*Л.А. Аманкулова, ст. преподаватель, А.М. Копбаев, и.о. профессора
(г. Алматы Казахский государственный женский педагогический университет)*

РОЛЬ И ЗНАЧЕНИЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ИСКУССТВА В НАЦИОНАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЕ

Путь становления и развития художественной самодеятельности Казахстана. Культура и искусство Казахстана многолик и разнообразен. В статье рассматриваются некоторые стороны их развития, особенно в годы Великой Отечественной войны. Значение творчества в патриотическом воспитании.

Ключевые слова: искусство, драма, культура, личность

SUMMARY

*L.A. Amankulova, senior lecturer, A.M. Kopyayev, acting professor
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

ROLE AND IMPORTANCE OF FINE ARTS IN THE NATIONAL CULTURE

The path of formation and development of amateur Kazakhstan. Art and Culture of Kazakhstan is diverse and varied. The article deals with some aspects of their development, especially in the Great Patriotic War. The value of creativity in patriotic education.

Key words: Art, drama, culture, personality.

УДК 785

ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДАВАНИЯ ЭТНОСОЛЬФЕДЖИО С ПРИМЕНЕНИЕМ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ

*Д.М. Ахметжанова, преподаватель, маг. искус. н.
(г. Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)*

Аннотация: В данной статье идет речь о дисциплине этносольфеджио, которая была введена современными казахстанскими музыковедами в музыкальное образование Казахстана. Этносольфеджио рассматривается в контексте традиционной музыки казахов с точки зрения современной педагогической науки. Автором статьи был разработан курс этносольфеджио с применением инновационных интерактивных методов обучения, некоторые из которых представлены ниже.

Ключевые слова: сольфеджио, этносольфеджио, фольклор, казахская национальная музыка, нотирование, метод кейс-стади, проект.

Сольфеджио – в классическом понимании этого слова – музыкальная дисциплина, направленная на развитие слуховых навыков, а также навыков интонирования. Начиная с детской музыкальной школы, этот предмет наряду с другими играет важную роль в формировании будущего музыканта-профессионала. Так, в процессе длительного развития к началу XIX века сольфеджио образовалось в стройную дисциплину музыкального образования. Основным материалом, на котором строится обучение сольфеджио является произведения классической музыки. Но, что же тогда приносит приставка «этно»?

В 60-70 гг. XX века научно-методические исследования направлены на разработку сольфеджио с национальной спецификой обучения, то есть стали выпускаться учебники

сольфеджио на материале национальной музыки, а именно учебники на казахском музыкальном материале (одноголосие и двуголосие), диктантов на казахском музыкальном материале для ДМШ [1].

Как выяснилось, само сольфеджио способно использовать специфические подходы, которые помогут организовать процесс музыкально слуховой подготовки на основе казахского традиционного музыкального искусства и найти пути освоения на основе присущих ей закономерностей. Курс сольфеджио основанный на особенностях и закономерностях музыки определенной социальной группы общества, получил название этносольфеджио [2].

Этносольфеджио на материале казахской традиционной музыки – это дисциплина, формирующая совокупность музыкальных знаний, умений навыков, на основе которых функционирует казахский музыкальный язык в фольклоре, самодеятельном и профессиональном творчестве. Регуляция учебно-слуховой работы будущих музыкантов на основе казахского музыкального языка служит формированию способности целенаправленного слушания произведений казахской музыки, умение использовать полученные слуховые представления в конкретной музыкально-исполнительской и композиторской деятельности [2].

Идея создания особого курса сольфеджио для домбристов принадлежит преподавателю кафедры гармонии и сольфеджио Б.Д.Аманову, который в 1974 – 1977 годах начал разработку нового курса, определил его направленность на связь с традиционной домбровой культурой, на формирование национального слуха и музыкального мышления, эмпирически разработал ведущие формы работы и общую методику обучения импровизации. С 1978 года этот курс продолжили преподаватели С.Ш.Раимбергенова и С.И.Утегалиева.

Основными задачами данного курса сольфеджио являются развитие и совершенствование традиционного музыкального слуха; выработка у студентов способности слухового определения и осознания всех элементов музыкальной речи в кюях различных домбровых стилей; развитие музыкальной памяти и аналитического мышления; углубленное изучение методов и техники музыкальной импровизации; воспитание стилевых ориентиров.

Данный курс этносольфеджио объединяет основные формы работы по сольфеджио, анализу домбровых кюев, истории и теории казахской музыки: импровизацию, музыкальный диктант и расшифровку [2].

Компетенции студента:

- Владение теоретическими знаниями о народном музыкальном творчестве
- Аналитический подход к разбору музык. произведения
- Ориентация в жанрах музыкального фольклора
- Владение навыками нотирования

Разработка занятия:


- Курс: 3
- Дисциплина: Этносольфеджио
- Тема занятия: Песенное творчество аркинской традиции
- Цель занятия: развитие у студентов навыков слухового восприятия музыки и ее записи (нотирования).

- Вид занятия: лекция 1 – час; практика – 2 часа; СРОП – 3 часа; СРО – 3 часа.
- Форма занятия: Лекция – тренинг; практика – кейс-стади; СРО - проект

Содержание занятия и итоговая оценка:

- 1. Лекция–тренинг (ЛТ)
- Критерии оценки лекции – тренинга
- 2. Практическое занятие – кейс-стади (ПЗ)
- Критерии оценки практического занятия
- 3. СРО – творческий проект (СРО)
- Критерии оценки проекта
- Итоговая оценка = ЛТ+ПЗ+СРО

В современной учебной практике известны следующие методы IT технологий:



Для данного курса этносольфеджио целесообразно применение только некоторых из них, например:

Smart-цель для курса этносольфеджио

По окончании курса этносольфеджио (2 семестра) выработать у студентов навыки самостоятельного поиска и решения задач с помощью современных технологий.

Лекция-тренинг с элементами изобразительного творчества.

Тема лекции: Аркинская песенная традиция. Биржан-сал и Ахан-серы.

Вступление. Краткая биография и характеристика творчества композиторов-домбристов Биржан-сала и Ахана-серы с использованием изображений для иллюстраций.



Основная часть

1. Аналитический разбор двух музыкальных отрывков из произведений данных композиторов по следующим пунктам:

- Тематика;
- Жанр;
- Форма;
- Мелодика;
- Ритмический рисунок.

2. Музыкальная экспресс-викторина

Заключение.

Выводы: Выявление композиционных и стилевых особенностей творчества двух представителей аркинской песенной традиции.

Кейс-стади

Задание для кейс-стади

Дисциплина: «Этносольфеджио»

Специальность: Музыкальное образование

Тема: «Аркинская песенная традиция. Творчество Биржан сала и Ахан серы»

Ситуация: На уроке этносольфеджио педагог включает аудиозапись музыкального произведения в исполнении домбриста, пройденного ранее на лекциях. Студенты должны записать нотами прозвучавшую мелодию.

Проблема: Во время прослушивания музыки, у студентов возникает проблема ее записи (нотировки).

Задание: Найти способы решения добиться точной записи музыки при минимальной затрате времени и сил.

Вопросы: Во время прослушивания музыки, у студентов возникает проблема ее записи (нотировки).

Задание: Поставьте себя на место преподавателя и найдите способы решения для того, чтобы добиться точной записи музыки при минимальной затрате времени и сил.

Варианты ответов:

1. Недостаточная подготовка студента к записи диктанта;
2. Плохая восприимчивость студента из-за усталости и снижения интереса к концу урока.
3. Низкая успеваемость студента (активность на уроке).

Пути решения проблемы:

1. Большую часть времени уделять на практ. сторону урока (подготовка к диктанту с помощью вок-интонаций и слуховых упражнений).
2. Сменить тактику урока – начинать с практ. части (диктанта) заканчивать теорией (лекцией).
3. Давать дополнительные задания неуспевающему студенту в виде СРС, творческих проектов, учитывая его способности.

Творческий проект (Межпредметный):



ЗАДАНИЕ для проекта СРО

Сочинить мелодию в стиле народного или народно-профессионального творчества, учитывая всю специфику и особенности композиционной концепции данного произведения (жанр, форма и т.д.).

ЦЕЛЬ проекта:

Овладеть навыками сочинения музыки и техникой работы с новыми методами и программами для записи и сочинения музыки.

Суть метода проекта – «стимулировать интерес учащихся к определенным проблемам, предполагающим владение определенной суммой знаний через проектную деятельность. Метод предусматривает также следующие аспекты:

- умение находить решение обозначенных проблем,
- умение практически применять полученные знания,
- развитие рефлексивного или критического мышления (в терминологии Джона Дьюи).

Метод проектов всегда предполагает, во-первых, решение какой-то проблемы, и во-вторых, направлен на получение результата.

В педагогической практике использование метода проектов может целенаправленно решать задачи индивидуально-ориентированного образования. Действенность этого метода обусловлена тем, что он позволяет детям выбрать деятельность по интересам, которая соответствует их способностям, и направлен на формирование у них знаний, умений и навыков. Выполняя проекты, обучающиеся осваивают алгоритм инновационной творческой деятельности, учатся самостоятельно находить и анализировать информацию, получать и применять знания по различным отраслям, восполнять пробелы, приобретать опыт решения творческих задач.

При использовании данного метода существенно изменяются и роли участников педагогического процесса: учитель не является экспертом, он – демократичный руководитель, консультант, помощник; соответственно ученик выполняет роль активного участника процесса проектирования.

Итогом всей работы по данному курсу стала разработка портфолио, где я собрала материал с примерами своей работы по модулям. В качестве вывода я могу сказать о том, что необходимость подобных курсов очевидна, а также и необходимость и даже неизбежность перемены форм и методов преподавания в вузовской системе обучения. Как точно подметила искусствовед Малдыбаева Р.С. в своем интервью: «... преподавателю, ведущему этносольфеджио, придется много работать, искать, постигать суть проблемы эмпирическим способом. Здесь для вас – полная свобода творчества, возможность новых открытий и находок, широкое поле деятельности».

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Аманов Б., Мухамбетова А. Казахская традиционная музыка и XX век. – А., 2002. – С. 52.
2. Утегалиева С. И. Программа по этносольфеджио для студентов-домбристов факультета народной музыки. – Алматы, 2005. – С. 78.
3. <http://www.conservatoire.kz/index.php?id=574>
4. Альпеисова Г.Т. Этносольфеджио. – Астана, 2008
5. <http://kaznui.kz/ru/nauka/detail.php?e=2052>
6. Лобанов М.А. Этносольфеджио. На материале традиционной песни русской деревни. Учебное пособие для старших классов детских музыкальных школ и средних специальных учебных заведений. С приложением на CD 80 стр.

ТҮЙІНДЕМЕ

Д.М. Ахметжанова, оқытушы

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРАКТИВТІ ТӘСІЛДЕРІН ЭТНОСОЛЬФЕДЖИО САБАҒЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сольфеджио курсы ерекше бағытта даярлау ісі сольфеджио сабағына ұлттық реңкті қолдану болып саналады. Яғни сольфеджио сабағынан қазақ тілді оқулықтар қазақ тіліндегі материалдармен толықтырылды. Этносольфеджио сабақтары қазақ ұлттық музыкасының үлгілерін тыңдап, танысуға бағытталған. Тыңдап естіген дүниелерін нақты музыкалық-орындаушылық және композиторлық жұмыстарында қолдана білуге итермелейді.

Түйін сөздер: сольфеджио, этносольфеджио, фольклор, қазақ ұлттық музыкасы, ноталау, кейс-стади әдісі, жоба.

SUMMARY

*D.M. Akhmetzhanova, lecturer
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

FEATURES TEACHING ETNOSOLFEDZHIO WITH INTERACTIVE TRAINING METHODS

Creating a special ear training course aims to develop ear training with the national specifics of training, that is ear training manuals were produced on the material of folk music, namely, books in the Kazakh musical material. Classes etnosolfedzhio ability to promote the formation of a focused hearings works of Kazakh music, and the ability to use the auditory representation of a particular musical performance and composing.

Key words: ear training, etnosolfedzhio, folklore, Kazakh national music, notirovation method case study project.

ӘОЖ 486

СЫРНАЙ АСПАБЫН СЫРТТАЙ ОҚЫТУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

*Б.Р. Раева, профессор
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Бұл мақалада педагогикалық оқу орнындағы музыка-педагогика факультетінде сырттай оқыту жайы қарастырылады. Бүгінгі өмір талаптарына негізделген республикалық жоғары оқу орындарында кеңінен өріс алған жаңа оқыту технологиясы – кредиттік жүйесіне көптеген талаптар жүктелуде. Осы орайда оқушыларға кәсіби білім және тәрбие беру ісі қоғам алдында тұрған келелі мәселелердің бірі болып саналмақ.

Түйін сөздер: сырнай аспабы, сырттай бөлімде сырнай аспабын оқыту, музыкалық тәрбие.

Оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын кеңінен қолдана отырып білімді терең және жан-жақты игерудің жолдарын, ғылыми негіздерін меңгерту мәселелері, өнерге тәрбиелеу, оқушының ойлау қабілетін дамытып, оқытудың ең ұтымды түрлерін үйретеді.

Әрбір елдердегі жетістіктер сияқты Қазақстанда да халыққа білім беру ісі өндіргіш күштердің даму деңгейінің қалыптасуына қарай дамып келеді. Қазақстан Республикасында жастарға білім беру халқымыздың тереңнен тамыр тартқан халықтық -тәлімгерлік салт-дәстүр, мәдениетіне, экономикасына, саяси өміріне бағытталып жүзеге асады. Қазіргі кезде біздің қоғамдық өміріміздегі өзекті мәселелердің бірі –жасөспірімдердің белсенділігін арттыру.

Ұстаз-ұрпақ тәрбиелеп өсіруші қоғам сенген өкілі. Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам мұрагерлерін тәрбиелеу ісі. Ол мемлекеттік маңызы зор, аса жауапты іс.

Әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі кезеңіндегі білім беру саласының ең негізгі мәселесі – болашақ ұрпақты дүниежүзілік деңгейге сай оқытып, тәрбиелеу. Бұл жалпы білім беретін мектептердегі оқу-тәрбие ісінің мазмұнын, бүгінгі күн талабына сай үндестіре жаңғыртып, сонымен бірге ұлттық тәлім-тәрбиеге негізделіп, жан-жақты ойластырылған ең тиімді жұмыс түрлері мен әдіс-тәсілдерін іздестіруді талап етеді.

Әр халықтың өзіндік дүниетанымы, мәдениеті, эстетикалық талғамы өнер және әдеби туындыларымен ерекшеленетіні белгілі. Олардың ішінде ең негізгі өнер саласы –музыка.

Педагогикалық оқу орнындағы музыка-педагогика факультетінде сырттай оқытудың басты бір мақсаты – жоғары білімді болашақ маман иелерін өндірістен қол үзбей дайындау

болып табылады. Сырттай оқу арқылы алған тәлім-тәрбиелері мен білімдері, сонымен қатар орындау шеберліктері жоғарыда аталған мамандарға орта мектеп пен педагогикалық училище қабырғаларында, түрлі үйірмелер мен сыныптан тыс жұмыстар үстінде аса қажет.

Жоғары оқу орындарының іргесінде білімін шыңдай жүріп, әрбір болашақ маман иесі мынадай талаптарды толық игеріп шығаруға тиіс.

1. Қазақ және шетел композиторларының үздік те көркем шығармаларымен танысу.

2. Музыкалық шығармаларды тыңдаушысына өз дәрежесінде жеткізе білу үшін орындау шеберлігін жетілдіру, шығармалардың мазмұны мен формасына, стильдік ерекшеліктеріне еркін бойлай білу.

3. Музыкалық шығармаларды өз бетінше шығарып ойнау, олармен талдау жұмысын жүргізе білу.

4. Кез келген музыкалық шығарманы нота тексті арқылы бірден ойнап әкетуге жаттығу.

5. Белгілі бір музыкалық әуенді баян аспабында өз бетінше тарта білу. Оны гармониялық тәсілдермен көркемдеп, түрлі интервалдарға жоғары немесе төмен көшіріп орындау.

Мұның бәрі оқу процесінің өн бойында үздіксіз жүргізілетін жұмыстар. Сырттай оқытудың белгілі дәрежедегі қиыншылықтарына қарамастан, бұл бөлімде оқитын болашақ мамандарға да күндізгі бөлім студенттеріне, олардың оқу бағдарламаларына қойылатын талаптар белгіленеді.

Негізгі музыкалық аспап – баянға бөлінетін оқу мерзімі былайша жоспарланады: 1 курс студенттеріне арналған алғашқы бағыт беруші сессия – 2 сағат, уақыт мерзіміне байланысты сессиялар. Әр оқу орнының ішкі ережесіне байланысты бұл мерзім өзгеруі де мүмкін.

Сессия кезінде негізгі жұмыс студенттердің өз бетінше емес, сыныпта оқытушымен бірге жүргізілуі тиіс. Осы жұмыс үстінде оқытушы студенттің сессия аралығындағы дайындығын да бақылап, өзінің сын-ескертпелерін жеткізіп отырады. Сонымен қатар жаңа шығармалар беріп, оларды орындау жайында қосымша мағлұматтар беріп отыруы да шарт.

Сыныптағы сабақ үстінде оқытушы бағдарламаны белгілеп, әр шығарманы студентпен бірге талдайды, орындау ерекшеліктерін түсіндіреді және сессиядан тыс кезде оның өз бетінше атқаратын жұмыс ауқымын нақты көрсетіп береді. Сол бағыт-бағдар негізінде өз бетінше дайындалып келуге міндетті.

Алдағы оқу жылының жұмыс жоспары алдын ала қысқы сессия кезінде жасалып, жазғы сессия тұсында студенттің жеке басының ерекшеліктері ескеріле отырып, қайта қаралады. Белгілі дәрежеде өзгерістер де енгізіледі. Содан соң барып студенттің жеке жоспары кафедра мәжілісінде бекітілуге тиіс. Студенттердің техникалық шеберлігін өсіру мақсатында өткізілетін шеберлік шыңдауы, мектеп репертуарын тапсыру қысқы сессия үстінде жүргізілгені мәлім.

Әрбір сырттай оқитын студенттің кез келген музыкалық шығарманы нота бойынша бірден ойнап әкету, белгілі бір музыкалық әуенді өз бетінше шығарып алу, оны түрлі тональдіктерге көшіре білу қабілеті сессия кезіндегі сабақ процесінде бақыланады. Ал олардың орындау шеберліктері оқу процесінде, институт пен жұмыс орындарындағы есептік концерттерінен айқындалады.

Емтихан, сынақ сияқты студенттердің білім деңгейін бақылау формалары әрбір сессияның соңғы жағында өткізіліп отырылуға тиіс. Әрине, емтихан немесе сынақ тапсырғанға дейін студенттер өз оқытушыларының бақылауымен оқу бағдарламасында белгіленген музыкалық шығармаларды шеберлік, көркемдік жағынан толық игеріп алуы керек. Сессия соңындағы бір аптаны оқытушы мен студент жаңа бағдарлама алу, оны жан-жақты талдау үшін қалдырып отырғаны жөн. Жалпы сырттай оқитын студенттер үшін арнайы есеп беру формасын енгізіп, олардың оқу бағдарламасы мен жоспарын үнемі қадағалап отырған абзал.

Сессияға келген бетте студент өзінің сессия аралығындағы жұмысы жайлы есеп беруі шарт. Тек содан соң барып оқытушы әлгі студентті өз сабағына жібере алады.

Сырттай оқытын студент өзіне жүктелген тапсырманы жүйелі түрде орындап отыруы қажет. Ол үшін күнделікті 1,5-2 сағат көлеміндегі жұмыс кестесінің жобасын ұсынамыз:

1. Гамма, арпеджио, жаттығуларды ойнау 15-20 минут.
2. Этюдтерді ойнау 15-20 минут.
3. Музыкалық көркем шығармалармен жұмыс жасау 40-50 минут.

4. Өткен шығармаларды қайталау, белгілі бір музыкалық шығарманы нота тексті бойынша орындау, таныс әуендерді түрлі тональдіктерде өз бетінше ойнай білу 10-20 минут.

Әрине, бұл жұмыс кестесі студенттердің жеке басының ерекшеліктері мен қабылдау қабілетіне сай өзгеріп отыруы мүмкін.

Гамма, арпеджио, жаттығулармен жұмыс болашақ музыка маманының техникалық орындау шеберлігін арттыруға мүмкіндік туғызады. Орындау шеберлігін жетілдіре түсу үстінде күнделікті жаттығулардың маңызы ерекше. Мұның өзі көркем шығарманың мазмұны мен мәнін толық ашуға мүмкіндік туғызады. Бұл мәселенің төңірегінде белгілі орындаушы-виртуоз Г.Нейгауз: «Орындау шеберлігін кез келген түрде дамыту дегеніміз – өнердің өзін дамыту, олай болса оның мазмұнын ашуға жәрдемдеседі» – деп жазады.

Биік деңгейдегі орындау шеберлігі ең алдымен гамма, арпеджио, жаттығулармен жүйелі түрде жұмыс жасаған кезде қалыптасады.

Алғашқы курста барлық мажор және минор гаммаларын 2-3 октава көлемінде легато, стаккато тәсілдерімен бір бас дыбысына 1-2-3-4 немесе 8 нота келетін гаммаларды әртүрлі бағыттарда ойнау қажет. Ұзын, қысқа, сыныңқы арпеджиолар мен түрлі аккордтарды /Д7-П7-ҮП7/ да еркін меңгеріп шығуы шарт.

2 курс барлық гаммаларды унисон, терция интервалы түрінде ойнайды. Сонымен қатар хроматикалық гаммалар мен Д7, П7-да меңгеріп шығуы керек. Мұның бәрі түрлі штрихтармен, динамикалық өзгерістермен орындалады.

3 курста гаммалар секста интервалымен орындалу керек. Унисон түріндегі хроматикалық гаммалар, үлкен және кіші септаккордтар мен нонаккордтар да осы кезеңде меңгеріледі.

4 курста гаммалар терция, секста, октава интервалдарымен, төменгі дыбысын жоғарғы октавамен қосарландыра ойнау керек. Тұрақты дыбыстардан тұратын үш үндестік /трезвучие/, септаккордтар, олардың айналымдары да осы курста меңгеріледі.

Этюдтермен жұмыс жасаудың өзіндік ерекшеліктері болады. Орындау шеберлігін жетілдіру үстінде гамма, арпеджио және арнайы жаттығулардан басқа этюдтердің де маңызы ерекше зор. Педагогикалық тәжірибеде әртүрлі орындау ерекшеліктеріне лайықтап жазылған этюдтер кездесе береді. Кейде олардың қайсы біреулерін музыкалық шығармалар қатарына қоюға да болады (мысалы, Р.Шамунның этюдтері).

Этюдтермен жұмыс үстінде оқытушы бір ғана, техника, орындау шеберлігін жетілдіру мақсатын көздеме керек. Техникалық шеберлік студенттің орындаушылық мәдениеті мен аспапта дыбыс шығару, музыкалық ой-фразаларды дұрыс бөлу, реттеу сияқты процестермен де тығыз қабысып жатады.

Этюдтермен жұмыс мына бағытта жүргізілуге тиіс:

Ең алдымен, орындағалы отырған этюдтің құрылысына тоқталып, техникалық ерекшеліктерін анықтап алу қажет. Одан әрі нота тексімен жұмыс жүргізіп, аппликатурасын, басқа да орындау ерекшеліктерін жетілдіре түскен абзал.

Екіншіден, этюдті бөлшектеп талдаған кезде ғана оның ішкі ерекшеліктеріне еркін енуге болады. Орындауға қиын соғатын тұстарын бірнеше рет қайта орындап, талдап, содан соң барып шығарманың басқа тұстарымен жалған отырудың да өзіндік мәні зор. Нота тексі айқындала бастаған кезде барып түрлі динамикалық-агогикалық белгілер мен орындау тәсілдері, мехты уақытылы ауыстырып отыру сияқты процестерге мән берген жөн.

Үшіншіден, этюдты әртүрлі жылдамдықпен орындағанның да методикалық негізі бар. Нота тексін жаттап алу процесі этюдтің техникалық және көркемдік мазмұнын, орындау ерекшеліктерін игерумен қатар жүргізілуге тиіс.

Көркем шығармамен жұмыс істеу: музыкалық шығарманың фактурасы, техникалық ерекшеліктерімен жұмыс аяқталған соң, оның көркемдік мазмұнына мән беріледі. Оқытушы мен студент көркем шығармамен жұмыс үстінде түпкілікті мақсатпен қатар пьесаны игерудің жақын арадағы жоспарын да айқындап отыру керек. Әсіресе, оқытушы студентке қандай тапсырма беріп, талап қою қажеттігін алдын ала ойластырып алуы шарт.

Өткізіліп отырған сабақтың мазмұны бақылап отырған оқытушы студенттің не ойнап, не қойғанын мұқият тыңдап, ой елегінен өткізіп, жіберген кемшіліктерін дер кезінде түзетіп отыруы қажет. Кез келген музыкалық шығарманы талдар алдында оны толық бір рет ойнап шығарудың да мәні бар. Өйткені бұл кезде студент оның мазмұнымен танысады, негізгі ерекшелігін ұғынады. Әрине, музыкалық шығармаға көз жүгіртіп, іштей оның әуенін қайталап шығаруға да болады. Бірақ бұл кез келген студенттің қолынан келе бермейді. Оған дайындығы мол, музыкалық білім – парасаты бай болуы шарт. Осы тұста шығарманың жалпы формасын, мелодиялық, гармониялық, фактуралық ерекшеліктерін де жеке талдап шыққанның артықтығы болмайды.

Алғашқыда шығарманы баяу жылдамдықпен ойнап, мұқият талдау қажет. Нота тексі айқындала бастаған кезде динамикалық белгілеріне, басқа да ерекшеліктеріне мән беруді ұмытпаған мәлім.

Одан әрі шығарманы бірнеше бөлімдерге жіктей отырып, әр қайсысын жеке-жеке шығару ісіне кірісу керек. Бұл кезеңде студент бар ынта-жігерін шығарманың көркемдік мазмұнына салғаны дұрыс. Тек осыдан соң барып оның динамикалық белгілері, аппликатурасы белгіленеді. Мұның бір жағы мехпен жұмыс істеу процесімен тығыз қабысып жатады. Әрбір бөлігінен бір мақсатпен, жүйелі түрде іске асып отыруы керек. Шығарманы бұл тәсілмен талдағанда оны толық бастан-аяқ орындап отырудың да өзіндік әсері болады. Бұл кезде студент оның жалпы мазмұны мен негізгі ерекшеліктерімен жете таныс болады.

Осы ретпен класта жұмыс жасаудың ең соңғы бөлігінде музыкалық шығарма өз жылдамдығында биік дәрежедегі көркемдік-техникалық шеберлікпен орындалуы шарт. Барлық жұмыс процесінің нәтижесі осы жетістікке алып келуі тиіс.

Қорытынды кезең. Студенттің өз бетінше жұмыс жасауының қорытынды кезеңінде күнделікті дайындыққа кетіп жүрген уақыттың бір бөлігі өткен шығармаларды қайталауға кез келген музыкалық шығарманы нота тексімен орындауға, сонымен қатар таныс музыкалық әуенді өз бетінше баян аспабында тарта білуге, оны белгілі бір интервалға көшіріп ойнауға (транспорт жасауға) дағдылануға жұмсалуды шарт. Бұл туралы белгілі орындаушы, пианист К.Черни былай деп жазғанды: «Егер ескі ұмытылса, жаңадан келер пайда аз... жаңа шығарманы тек қана ескісін қайталай отырып, жылдам жаттап алуға болады».

Кез келген шығарманы нота тексі арқылы ойнау дағдысына да үнемі жеткілікті түрде мән беріліп отырылуы қажет. Бұл болашақ музыка маманы үшін айрықша маңызы бар мәселе. Осы тұста көбінесе мектеп әндері мен хор партитураларын негізге алуға болады. Студенттің профессионалдық деңгейінің өсуіне таныс музыка әуендерін өз бетінше баян аспабында теріп ойнаудың да тигізер пайдасы зор. Оны көркем түрде гармониялық бояулармен байытып, кез келген тональдікте ойнап әкетудің де маңызы ерекше.

Әрине, әрбір студент үшін музыкалық шығармамен жұмыс істеудің түрлі формалары болуы мүмкін. Бұл тұста біз бір ғана бағыттағы жұмыс жоспарын, оның да негізгі салаларын теріп көрсетуді мақсат тұттық. Мұның өзі уақытты тиімді пайдалануға ықпал жасайды.

Басты мақсат – студенттің өз бетінше жүргізген шығармашылық жұмысы жақсы ұйымдастырылып, белгілі бір бағытта жүйелі түрде өтілуін қамтамасыз ету болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аверин В.А. История исполнительства на русских народных инструментах. – Красноярск, 2002. – С. 91.
2. Акимов Ю.Т. Николай Иванович Ризоль // Баян и баянисты. Вып. 5. Ред. – сост. Ю. Акимов. – М., 1981. – С.68.

3. Онегин А.Е. Школа игры на баяне. – М., 1980. – С.83.

РЕЗЮМЕ

Б.Р.Раева, профессор

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ ИГРЕ НА СЫРНАЕ НА ЗАОЧНОМ ОТДЕЛЕНИИ

В статье рассматриваются вопросы профессиональной подготовки студентов заочного обучения, повышение исполнительского мастерства учителя музыки а также чтобы приобретённые навыки могли использовать в работе кружков во внеучебной работе.

Ключевые слова: обучение игры на баяне, особенности игры на баяне, музыкальное образование.

SUMMARY

B.R. Rayeva, professor

(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)

FEATURES LEARNING TO PLAY THE SIRNAI AT THE CORRESPONDENCE DEPARTMENT

The article deals with the training of students of distance learning, improving performance skills as well as a music teacher to be able to use the skills acquired in the work of circles of extracurricular work.

Key words: learning the accordion, especiall y playing the accordion, musical education.